

ҚУАНЫШ ҚУАНЫШҚА ҰЛАСҚАН КҮН

Аудан әкімі Жандарбек ДАЛАБАЕВТЫҢ Конституция күнімен құттықтауы

Құрметті аудан тұрғындары!

Баршаңызды Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен және мұсылман қауымының ең ұлық мерекесі – Құрбан айт мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Сонымен бірге болашаққа зор үміт артып отырған кемел елдің келешегін көрікті ететін жаңа оқу жылы табысты болсын демекпін.


Өздеріңізге белгілі, кез келген зайырлы мемлекеттің ұстанымын, ұлттық құндылығын айқындайтын негізгі құжаты – Конституция. Біздің Ата Заңымыз 1995 жылғы тамыздың 30-да Бүкілхалықтық референдумда қабылданып, ел тарихына алтын әріппен жазылды.

Бас құжатта Қазақстан азаматтарының табиғи құқықтары мен бостандықтары,

билік институттарын демократиялық жолмен қалыптастыру және дамыту туралы дүниежүзі таныған прогрессивті идеялар бекітілді.

Біз ғасырлар тоғысында жүздеген жылдар бойы ата-бабамыз арман еткен тәуелсіздікке қол жеткіздік. Ішкі-сыртқы саясатымызды ұлттық мүдде арнасына тоғыстырып, демократиялық даму жолына түстік. Осынау жиырма алты жыл аясында мемлекеттің іргетасын берік қалау үшін әрдайым Конституция талаптарына сүйендік. Ендеше, Ата Заңды қастерлеп, ардақ тұтқан байтақ еліміздің абыройы әрдайым асқақтай берсін!

Береке – бірлігі жарасқан Мәңгілік елдің қуанышы ұзағынан сүйіндірсін! Мерекелеріңіз құтты болсын!



Газет
1932 жылдан
бастап
шығады

...Ел бірлігін сақтаған татулықты айтып.

Жамбыл

АТАМЕКЕН



№ 34-35 (5869-5870)
30 тамыз
сенбі, 2017 жыл

Жамбыл аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық басылым

atameken1932@mail.ru

◆ Бәрекелді!

ЖАҢА МЕКТЕП АШЫЛДЫ

Аудан орталығы Ұзынағаш ауылының тұрғындары үшін биылғы жаңа оқу жылы ерекше қуанышқа толы. Олай дейтініміз, ауылдың батыс жақ іргесіндегі алаңқай тұстан бүгінгі заманғы сәулет өнеріне сай жобамен салынған 1200 орындық жаңа мектеп ғимараты пайдалануға берілді. Енді жыр алыбы Жамбыл еліндегі, қасиетті жеріміздегі ең ірі



мектеп осы болмақ. Тамыздың 27-і күні керегесі кең білім шаңырағының ашылу салтанатына Алматы облысының әкімі Амандық Ғаббасұлы БАТАЛОВ арнайы келіп, тұрғындар қуанышын бірге бөлісті.

Елбасының «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында салынған жаңа нысанның ашылу салтанатында Жетісу өлкесінің басшысы Амандық Ғаббасұлы ұстаздар мен оқушыларды және ата-аналарды қуаныштарымен шын жүректен құттықтап, халықтың пайдалануына берілген бұл игілік Елбасының көреген саясаты арқасында жүзеге асырылған жемісті жұмыс екенін атап айтты. Ол: – 2017 жылы облыста 49 мың бала бірінші сыныпқа барады. Өңірімізде 35 мектеп салынып жатыр. Соның 27-сін жаңа оқу жылында, ал, қалғанын жыл аяғына дейін бітіріп, пайдалануға береміз. Жаңа оқу жылын жаңа ғимаратта бастағалы отырған сіздер шынында, бақыттысыздар. Осындай жағдайдың жасалуына орай енді жақсы оқып, ел үмін ақтаңыздар. Бұл мектепте жас ұрпақтың жарқын болашағына жол ашылсын. Ұстаздар мен ата-аналарыңызды үнемі үздік бағамен қуантып жүріңіздер», – деп түйіндеді облыс әкімі жылы лебізін.

Ардагер ұстаз ана Алтынжан Нүсіпәлиева: – Ата-аналар атынан Елбасының салиқалы саясатын жүзеге асырып жүрген облыс басшысына, аудан әкіміне және жанашыр ел азаматтарына алғысым шексіз, – деді.

(Жалғасы 6-бетте).



АТА ЗАҢЫМ — АЗАТТЫҚТЫҢ ЖОЛ БАСЫ

Елдігімнің орманысың – Ата Заң,
Жігерімнің қорғанысың – Ата Заң!
Әділетпен, ақиқатпен, шындықпен,
Арманыма жетеледің аңсаған.

Мені қорғау сенің басты міндетің,
Ауыздықта қоғамның бар індетін.
Заң мейрамы құтты болсын, халайық,
Әлімжеттік торламасын күн бетін.

Конституция қорған менің арыма,
Бағынамын тарауына, бабына.
Ата Заңым, асқақтай бер, асқақта,
Жаңғырумен жарқырай түс тағы да!

Ата Заңым – азаттықтың жол басы,
Қазақстан – ынтымақтың ордасы.
Тыныштықта тербелгенім менің де,
Елбасының еңбегінің арқасы.

Майра АЛДАБЕРГЕНОВА.

◆ Ат спорты: Ұлы бәйге

Көкбастауда көп тұлпар бақ сынасты...

Халқымызда «Ат – ер қанаты» деген канатты сөз бар. Атқұмарлық ежелден қанымызға сіңген қасиет. Қазақ ат жалын тартып мінген кезде рухтанып шыға келеді. Кезінде жау жасқаған ержүрек батырлармыз да тұлпар мініп, ту ұстаған. Атқа мінген әрбір қазақ кең дала төсінде желдей жүйткіп жарысқан.

Қазіргі таңда Қазақстанда жылқы өсіруге мейлінше көңіл бөлініп, осы саланың дамуына баса назар аударылуда. Астана мен Алматы қаласында заман талабына сай арнайы жабықталған атшабар алаңдары салынып, онда түрлі деңгейдегі ұлттық ат спорты түрлерінен жарыстар өткізілуде. Сөзіміздің нақты дәлеліндей, биыл қалыптасқан дәстүрге сай Алматы облысы әкімдігінің ұйымдастырумен Қазақстан Республикасы Президентінің Кубогі үшін ұлттық ат спорты түрлерінен өтетін жарыс Көкбастау атшабар алаңында осымен 19-шы рет өз жалауын желбіретті. Ол Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне және «ЭКСПО – 2017» Халықаралық мамандандырылған көрмесіне, Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында алға қойылған түбегейлі мақсаттарды жүзеге асырып, ұлт рухын ұлықтауға арналған еді.

Таңмен таласа тұрған үлкен-кіші Көкбастау атшабар алаңына асықты. Олардың әрқайсысын толғандырған тәтті үміттің астарында бүгін кімнің жұлдызы жанып, бас жүлде кімге бұйырар екен деген ой жатты.

(Жалғасы 6-бетте).

Құрметті аудан тұрғындары!

Қазір облыс прокуратурасының аппаратына (2-ші басқармаға) келіп түскен арыздардың саны барған сайын көбеюде.

Аудан тұрғындарының назарына!

Оның басым көпшілігі қылмыстық істер бойынша сапасыз жүргізілген тергеу, оның созбалаңға салынуы және қылмыстық ізге түсу органдарының шешімдерімен, әрекеттерімен келіспеу мәселелері бойынша болып отыр.

Осы жағдайды жақсарту мақсатында облыс прокуратурасының және облыстық ПД-нің қызметкерлері арасынан жұмыс тобы құрылған. Жұмыс тобы биылғы қыркүйектің 4-нен 9-на дейінгі аралықта Қарасай және Жамбыл аудандарының тұрғындарымен Қарасай АІП-ның ғимаратында кездесу өткізуді жоспарлады.

Қаскелең қаласының Абылай хан көшесіндегі № 93 мекенжайда өтетін бұл кездесуге сіздер де қатыса аласыздар.

Жамбыл ауданының прокуратурасы.

КЕМЕЛ КЕЛЕШЕКТІҢ КЕПІЛ – КОНСТИТУЦИЯ

Биыл қолданыстағы Ата Заңның қабылданғанына 22 жыл толды. Конституция – әрбір елдің заңдарының көшбасшысы, негізгі заңы. Біздің мемлекетіміз де тәуелсіздік алғаннан кейін өзінің басты Ата Заңын қабылдап, егемендігін әлемге паш етті. Тәуелсіз мемлекетіміздің тұңғыш Ата Заңы 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданды.



Араға екі жыл салып 1995 жылы 30 тамызда еліміздің жаңа Конституциясы қолданысқа енді. Ал, 1998 жылдың 7 қазанында Ата Заңымыздың 1-бабына толықтырулар мен өзгерістер енгізілді. 9 бөлім, 98 баптан тұратын қазіргі Конституциямыз, міне, жиырма екі жылдан бері темірқазығымыз болып келеді.

Ата Заңымыздың бірінші бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырды. Оның ең қымбат қазынасы – адам және адам өмірі, құқықтары мен бостандықтары», делінген. Конституциямыздың әр бабында адам құқықтары мен бостандықтарына кепілдік береді.

Еліміздің әрбір азаматы өз бостандықтары мен құқықтарын сот арқылы қорғауға құқылы. Заң мен сот алдында адамдардың бәрі тең. Әркім өзінің жеке бас бостандығына құқығы бар. Адамның қадір-қасиетіне, жеке өміріне, тұрғын үйіне қол сұғылмайды.

Әркімнің ар-ождан бостандығы қорғалады. Меншікке, оның ішінде мұрагерлік құқығына заңмен кепілдік беріледі. Неке мен отбасы, әке мен ана, сондай-ақ, бала мемлекеттің қорғауында болады. Азаматтардың денсаулығын сақтауға құқығы бар. Сол сияқты олардың тегін орта білім алуына кепілдік беріледі. Бас заңымызда «Азаматтардың тікелей немесе өз өкілдері арқылы мемлекет ісін басқаруға құқығы бар» деп атап көрсетілген.

Қоғамның бір орында тұрмай, уақыт талабына сай өзгеріп отыратыны белгілі. Еліміздегі бүгінгі таңдағы оң өзгерістер экономикалық даму, халықтың әл-ауқатының өсуі, ғылым мен техниканың дамуы, демократиялық үрдістерді жетілдіру Ата заңымызға тағы да толықтырулар мен өзгертулер енгізуге түрткі болады.

Біздің Конституциямыздың 1-бабында «Қазақстан Республикасы – құқықтық мемлекет» деп жазылған. Шынында да осы терең конституциялық ұғым сот билігінің әрі қарай даму бағытының конституциялық жағдайын анықтайды. Құқықтық

мемлекет – бұл, біріншіден, Конституцияға, егеменді халқының еркіне бағынатын мемлекет.

Бүгінде жиырма екі жыл бұрын жалпыхалықтық референдумда қабылданған Конституциямыз тәуелсіздік тұғырына, мемлекетіміздің басты мейрамына айналды. Мемлекет пен Конституция – егіз ұғым. Бұл екі сөзді бір-біріне қатысты ұғыну мүмкін емес.

Біздің Конституциямыз әлемде демократиялық қоғамның негізгі міндеттеріне сай болып танылды. Өйткені, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары, және адамның азаматтығы мен құқығы.

Осыған орай, барлық аудан тұрғындарын 30 тамыз – Конституция күнімен құттықтай отырып, мықты денсаулық бейбіт тұрмыс, тұрақтылық тілеймін!

Береке – бірлігіміз мәңгілік болғай! Ел іргесі аман, келешегіміз кемел болсын!

Айдос КӨЛБАЕВ,
Жамбыл ауданының
прокуроры,
әділет кеңесшісі.

Ұлттық идея – ел тәуелсіздігінің берік тұғыры. Ал, ұлттық идеясы жоқ елдің болашағы бұлыңғыр тәуелсіздігі тұрақсыз. Өз кезегінде Елбасы санаулы жылдан кейін «Мәңгілік Ел» идеясын ұсынды. Осы ретте

БИІК БЕДЕЛ МЕН АСҚАҚ АБЫРОЙ

Елбасы Н.Ә.Назарбаев. «Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – «Мәңгілік Ел» идеясы, – деп атап көрсетті. «Идея» – грек сөзі және ол бастапқыда көрнекті образ және ұғым деген түсінікті білдіреді екен.

Бұл мәңгілік ел қазақтың бүтін тарихын қамтиды. Көне түркілік түсінік бойынша «Ел» кең ауқымды, ұлыс, мемлекет, өлке, халық деген мағынада қолданылған. Мемлекет болып құралу дербес тұра алу, ұлт болуға бет бұру осының бәрі ел болудың басты белестері. Бұл туралы Елбасы: «Қандай қиындықты да қайыспай қарсы алуға лайық өршіл рухты, азат ойлы жасампаз халықтың ізгі мұраты ұлы дала төсінде өзі құрған мемлекетті «Мәңгілік Ел» жасау», – деп атап көрсетті.

Өз кезегінде Алаш арыстары

бізге мемлекеттік идеясын ту етіп көтеруді табыстап кетті. Соғанда сай қазақты біртұтас ел деп танысақ, «Алаш» идеясын біртұтас қазақ идеясы деп мойындауымыз қажет. Сонымен халқымыз «Мәңгілік Ел»

идеясы – түрік қағандарының қазақ хандарының қалауы, Алаш қайраткерлерінің атын, мақсат мұраттарға жеткізетін. «Мәңгілік Ел» – болашақтың жобасы, сондықтан ол ұрпақтар сабақтастығымен жалғасатыны мәлім.

Ел жастары жалаудай желбіретіп, өмірлік ұстанымдарын, көздің қарашығындай сақтай білулері қажет. Сонда ғана бұл ұлттық идея біртұтас қазақ идеясына айналады, шынайы Тәуелсіздіктің берік тұғыры болып бекиді.

Елдігі мығым, іргелі мемлекет ретінде қарыштап дамып келеміз. Еркіндік өз қолымызда соған лайық Ата Заңымыз салтанат құрған тәуелсіздігі ту еткен зайырлы еліміз. Соған да сай бұл Ата Заңымыз биік бедел мен асқақ абыройға ие болғаны анық.

Гүлім МҰҚАНОВА,
аудандық соттың судьясы.

МЕМЛЕКЕТТІҢ МӘРТЕБЕСІ

Біздің қазіргі қолданыстағы Ата заңымыздың 1995 жылы қабылдануы еліміздің тәуелсіздік тарихындағы жаңа дәуірдің басталуының ақиқаты. Ата Заң негізінде ел аумағының тұтастығы, қауіпсіздігі қамтамасыз етілсе, еліміздің Президенті – халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны, әрі кепілі. Республиканы дамыту, өркендету мақсатында Конституцияда бекітілген нормалардың атқаратын рөлі ерекше. Ол еліміздің барлық азаматтарының бірігіп қызмет етулері үшін қажетті жағдайларды жасап қана қоймай, сонымен қатар азаматтарымыздың шынайы еркіндігін жүзеге асырады. Міне, сондықтан да адамның құқықтарын жоғары қою мемлекет қызметінің негізгі бағыты болып табылады. Ата Заңының қабылданғанына биыл 22 жыл толды. Осы өткен қысқа мерзім ішінде еліміз өз тәуелсіздігін орнықтырып қана қоймай, оны одан әрі нығайтып, әлем таныған іргелі мемлекетке айналды. Қазақстанның жүзеге асырған әлеуметтік-экономикалық саяси қайта құрылуы мен қол жеткен жетістіктері түгелдей Конституциямызбен тығыз байланысты екені күмәнсіз. Еліміздің Ата Заңы жүздеген жылдар бойы қалыптасқан адамзат баласының жалпы құндылықтарын өз бойына сіңіре отырып, адамдардың табиғи құқықтары мен бостандықтарын, билік институттарын демократиялық жолмен қалыптастыру және дамытуды, Қазақстан аумағында азаматтық қоғам құру туралы дүниежүзі таныған прогрессивті идеяларды бекітті. Ол елімізде сан алуан идеологиялық, сенімдік, ұлттық, азаматтық ұжымдар мен топтардың бірлесіп бейбіт

өмір сүруін қамтамасыз етуге бағытталған. Конституциямызда бекітілген нормалар еліміздің барлық азаматтарының бірлесіп, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып қызмет етулері үшін барлық жағдайларды жасаған. Адам құқықтарымен бостандықтарына арналған нормалары басқа салалық заңнамалардың мазмұнына өзінің оң әсерін тигізуде. Қазіргі Конституциямызда азаматқа құрметпен қарау, оның жеке құқықтарын таптамау, заң алдындағы теңдік, жалпы теңдік қағидалары нақты белгіленген. Ата Заң – Конституцияның төлқұжаты. Ол қазақ халқының тағдырына жауап беретін ұлы құжат, әрі тәртіптің имандылықтың, мәдениеттің шарты, бастау көзі. Оның әрбір тарауын бойға дарытып, жүрепке қабылдаған жөн. Себебі, онда ұлттық намысымыз бен азаматтық арымыздың ғұмырлық болмысы сипатталған, ал әрбір бап түбі терең құндылықтарды жаңғырту мен сақтауға негізделген. Әрбір қазақстандық, өзінің тұрып жатқан елінің нағыз патриоты ретінде елдің өсіп-өркендеуіне және оның барынша жылдам дамуына өздерінің сүбелі үлестерін қосқаны, әрі оны өзінің қасиетті борышы деп сезінуі абзал. Конституция біздің елдің тарихында бейбітшіліктің, жасампаздықтың және дамудың негізі болып қала береді. Сондықтан әрқайсымыз Ата Заңымыз – Конституциямызды құрметтеп, оның жоғары құқықтық мәртебесін сыйлауымыз қажет.

Дәулет ҚОЖАШОВ,
аудандық әділет
басқармасының жетекші
маманы, Қазақстан заңгерлер
одағының мүшесі.

ЕРЕН ЕЛДІҢ ЕҢСЕСІ

Токтала кететін тағы бір жайт, Қазақстанның Ата Заңы әлемдегі ең жас Конституциялардың бірі болып саналады екен. Расында, бүкіл мемлекеттік құрылымды айғақтайтын, елдіктің бастауы болып табылатын құжат енді ғана 22 жасқа толып отыр. Әрине, тарих ауқымымен айтқанда, бұл азғантай ғана мерзім. Десе де, осындай алмағайып заманда Қазақстанның Ата Заңы уақыттың сынынан сүрінбей өтті, өзінің заман талабына лайықтығын жан-жақты дәлелдеді. Ал көптеген зерттеушілердің пікірінше, Қазақстанның Конституциясы әлемдегі жалпы адамзаттық

құндылықтарды дәріптейтін ең үздік 50 конституцияның бірі болып саналады екен. Бұның өзі Ата Заңымыздың үлкен әлеуетін білдірсе керек.

Тарихқа кері шегінетін болсақ, тәуелсіздікке ие болған Қазақстанның ең басты қадамы Конституцияны қабылдаумен тұтастай байланысты. Алайда 1995 жылы 30 тамызда елдің жаңа Конституциясын қабылдау жөнінде бүкілхалықтық референдум өтіп, оған сайлаушылардың 90,58 пайызы катысты. Осылайша 89,14 пайызы жаңа Конституцияның қабылдануын қолдады. Сонымен биыл 22 жасқа толған Конституция тәуелсіз мемлекет ретінде дамуымызға даңғыл

болып, елдің бетке алған бағдарының тұтастай бөлігін қамтып отыр.

Ең бастысы, Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жыл бойғы дамуындағы бүгінгі жетістіктерінің барлығы Ата Заңымыздың тиімділігін анық айқындады. Дегенмен, қазіргі хәм өмір бойғы басты міндетіміз – Қазақстан Тәуелсіздігінің тірегіне айналған Конституцияны қатаң ұстану. Яғни, басты талап – Ата Заңымыз, Конституцияны құрметтеп қорғау, ал, оның маңыздылығын жоғалтпай сақтау республикамыздың әрбір азаматының міндеті мен парызы болуы тиіс.

Әйгерім ДӘУІТБЕКҚЫЗЫ.

Ел мерейін асқақтатқан

Бар игілігіміздің бастауы болған, Ата Заңымызға биыл – 22 жыл. Бұл байтақ еліміз үшін теңдесі жоқ тарихи күн. Бабалар аманатын ақиқатқа айналдырған еліміз үшін ұлан асыр той. Ендеше, барша аудан тұрғындарын Конституция күнімен шын жүректен құттықтаймын.

Біз алтын таққа отырған асқақ дәуірлерде де, өзгенің бодауында болған қилы заманды да бастан кешкен еліміз. Сондықтан халқымыз азаттық рухын терең сезініп, жан-жүрегімен түсіне біледі. Азаттық – Ұлы даланы мекен еткен аталарымыздың асыл арманы еді. Біз осы асыл арманға кол жеткіздік. Сонау ғасырлар қойнауының қатпар-қатпар белесінен бай-

касақ қазақ ежелден-ақ жерін еш жауға бастырмаған, ұлын құл, қызын күн еткізбеген, батырлық, ержүректігін паш етіп жауына қатал, досына адал, ел үшін шыбын жанын шүберекке түйіп, найзаның ұшына үкі таққан жауынгер халық. Ата-бабаларымыздың осындай байтақта бай, дархан Отанымызды жұдырықтай жүрегіндегі ерлік сезімімен қорғағаны, бізге аманат еткені белгілі.

АРХИВ ЖӘНЕ АТА ЗАҢ

Заң ғылымында Конституция деп жоғарғы заңдық күшке ие және қоғамдық құрылыс пен мемлекеттік құрылым, мемлекет пен тұлға арасындағы өзара байланыс, мемлекеттік орган жүйесінің қызметі мен ұйымдастырылу негізін бекітетін басты заң деп түсіндіріледі.

Қазақстанның жаңа конституциялық заңының қалыптасу тарихы өзінің бастауын 1990 жылы 24 сәуірдегі «Президенттің қызмет орнын белгілеу туралы» Қазақ ССР-ның заңымен Қазақ ССР Конституциясына өзгеріс енгізу кезеңінен басталған. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін 1993 жылы 28 қаңтарда өзінің алғашқы Ата Заңын қабылдаған болатын. Бірақ бұл Конституция көбінесе кеңестік демократия қағидаларына негізделгендіктен, жаңа қоғам өмірінің талабына жауап бере алмады. Онда адам құқықтары мен бостандықтары, оларды жүзеге асыру қағидалары, мемлекеттік өкімет билігін жүзеге асыру нысандары, басқару саласындағы демократиялық институттардың қызметі толық көрсетілмеген еді. Осыған орай Қазақстан Республикасының Конституциясы (Ата заңы) – 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. Жаңа Конституцияның ерекшеліктері заң шығарушы, атқарушы сот билігін белгілеп, олардың құзіретін, өзара іс-қимыл бірлігін заң тұрғысынан айқындап береді. Конституция қабылданғаннан кейін Ата Заңымыз жаңа сипатқа ие болып, еліміздегі демократиялық реформалар тереңдей түсті. Қазіргі кезде Ел тәуелсіздігінің кепілі – Қазақстан Республикасының Конституциясы қоғамның негізгі міндеттеріне сай келетіндігін бүкіл әлем жұртшылығы танып отыр. Әрбір Қазақстан азаматының парызы Конституция құндылықтарын сақтау, қадірлеу, заңдарын орындау болып табылады. «Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ұзынағаш филиалы да өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 желтоқсандағы N 326-І «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Заңына сай атқарады. Бүгінгі күнге дейін Ұзынағаш филиалы жеке және

занды тұлғалардан түскен 1260 өтініштерін орындаған. Архивтік анықтамалар Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 138 бұйрығымен бекітілген «Архивтік анықтамаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты негізінде беріледі. Азаматтар архивтік анықтамаларды алу үшін Ұзынағаш филиалына, халыққа қызмет көрсету орталығына жүгіне алады, сонымен қатар мемлекеттік көрсетілетін қызмет (архив анықтамаларын беру) www.egov.kz «электрондық үкімет» веб порталы арқылы да жүзеге асырылады. Архивтік анықтаманың нәтижесі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде беріледі. Екі немесе одан да көп ұйымдардың, сондай-ақ, уақыты 5 (бес) жылдан асқан кезеңнің құжаттарын зерделеу қажет болған жағдайларда, архивтік анықтаманы орындау мерзімін күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімге ұзарта алады, бұл туралы қарау мерзімі ұзартылған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде өтініште көрсетілген мекенжайға хат жолдау арқылы архивтік анықтаманы алушыға хабарланады. Архивтік анықтама ақысыз негізде жеке және заңды тұлғаларға архивтік құжаттар негізінде көрсетіледі. Жамбыл ауданы әкімі аппаратының 2013-2014 жылдардағы, Теміржол ауылдық округі әкімі аппаратының 2011-2014 жылдардағы, аудандық орталық ауруханасының 1991-2012 жылдардағы, аудандық құрылыс бөлімінің 2006-2014 жылдардағы, аудандық сәулет және қалақұрылысы бөлімінің 2006-2014 жылдардағы, аудандық Әділет басқармасының 2005-2012 жылдардағы, таратылған облыстық «Қарақыстақ» балаларды оңалту орталығының 1999-2015 жылдардағы, аудандық дайындау кеңсесінің (заготконтора) 1944-2012 жылдардағы, Степная құс фабрикасының 1968-1994 жылдардағы және қайтыс болған жекеше нотариус Ф.Акимбекованың 2006-2015 жылдардағы құжаттарын мемлекеттік сақтауға қабылдаған. Филиал архивистері мемлекеттік сақтаудағы 1932-2014 жылдар аралығындағы ауданның тарихын қамтитын құжаттар

Соғанда сай асқақ Ата заңды кастерлеу ұлтымыздың ұлы парызы. Конституция тарихы тәуелсіз Қазақстан тарихының ажырамас алтын парағы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құрудың берік іргетасын қалап, өркениет көшінің алдыңғы қатарынан орын алғанымызды бүкіл әлем жұртшылығы мойындады. Мерекелеріңіз мерейлі болып елдігіміз тұғырлы болсын, ағайын! Елімізге тыныштық, кең байтақ жерімізге береке, ынтымақ пен бірлік орнасын Ата заңның абыройы асқақ ел мерейі үстем болсын.

Б.ЕСЖАНОВ,
28237 әскери бөлімнің командирі.

♦ Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫ АУЫЛДА ӨТТІ

Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев биылғы жылғы Жолдауында білім беру мен денсаулық сақтау саласына түбегейлі тың өзгерістер енгізу керектігін айтқан болатын. Бұл бағыт бойынша міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қалыптасуы мен қажетті қағидаларын

қаржыландырылатын сақтандыру түріне амбулаториялық емханалық көмектер, ауруханада жатып емделу, жоғарғы технологиялық қажетті көмектер кіреді. Ал, өзін-өзі жұмыспен қамтып отырған адамдарға 2020 жылға дейін а м у л а т о р и я л ы қ - е м х а н а л ы қ



түсіндіру жұмыстары өз деңгейінде атқарылуда. Міндетті медициналық сақтандыру қоры туралы аудан халықна түсіндіру жұмыстарын аудандық аурухананың бас дәрігері, облыстық мәслихаттың депутаты Догдыргүл Молдахалыкова тікелей өзі басқарып, ауылдарда болып, ондағы қарапайым тұрғындармен арнайы кездесулер өткізуді қолға алуда. Бұл жолы Догдыргүл Өмірқұлқызы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры туралы түсіндіру жұмысын Қарақыстақ ауылынан бастады. Осындағы мәдениет үйінің мәжіліс залына ауылдың қариялары, ақ жаулықты аналар, өзге де қызметкерлер жиналды. Ауыл әкімі Бақыт Жапаров тұрғындарға бұл кездесудің негізгі мақсатын түсіндіріп, сөз кезегін аудандық орталық аурухананың бас дәрігері, облыстық мәслихаттың депутаты, халық қалаулысы Догдыргүл Молдахалыкова ұсынды. – Өздеріңізге белгілі еліміздегі міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мемлекет басшысының тапсырмасына сай қолға алынған Ұлт Жоспары – бес институттық реформаны жүзеге асыру жөніндегі «100 нақты қадамның» 80 қадамына байланысты және Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы аясында өтіп жатыр деген бас дәрігер айтар сөзін былайша сабақтады: – Негізінен медициналық сақтандыру – халықтың денсаулығын қорғаудың ең басты жүйесі болып табылады. Ал, дамыған елдердің көпшілігі оны денсаулық сақтау саласында қолданып, нақты нәтижесін көріп отыр. Мұндағы арнайы қорға қаражат есебінен тегін медициналық ем алуға болады. Мемлекетіміз халыққа ұтымды барынша жақсы жағдай жасап отыр. Мысалы сақтандыру жарналарын әрбір азаматқа жұмыс беруші мекемелер төлеп отырады. Ал, жұмыссыздар мен еңбекке жарамсыз адамдар үшін жарна мемлекеттен аударылады. Сондай-ақ, жұмыс істейтін азаматтар өз жалақыларынан салымдар аударды. Сонымен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды екі бөліп қарастырсақ негізгі – сақтандыру. Ал, бұл сақтандыру түріне мемлекеттік бюджеттен тегін көрсетілетін медициналық қызметтер кіреді. Екіншісі міндетті әлеуметтік сақтандыру аясында қаржыландырылатын еліміздің барлық жастағы азаматтарына кол жетімді болады. Екіншісі міндетті әлеуметтік сақтандыру аясында

қызметті бюджет есебінен тегін көрсету мүмкіндігі қарастырылған. Сонымен бірге мемлекетіміз заңға сәйкес халықтың бірнеше топтары үшін үлкен жеңілдіктер жасауда. Өз кезегінде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры жарнасын төлеуден азаматтардың 15 санаты босатылады. Оның ішінде 12-сі халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал тобы. Яғни, қорға салатын қаражаты жоқ жандарға мемлекет ақша төлейді. Мысалы «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлері, «Батыр ана» атағын алғандар және І және II дәрежелі «Ана даңқы» орденімен марапатталған көп балалы аналар мен Ұлы Отан соғысының ардагерлері және мүгедектерге мемлекет тарапынан төлемдер жасалады. Бұдан бөлек жұмыссыз жүкті әйелдер мен зейнеткерлер және жұмыссыз ретінде тіркелген т.б. азаматтарға жеңілдіктер қарастырылған. Бір жағынан алғанда жекеменшік ауруханалар мен мемлекеттік ауруханалар арасында өзара бәсекелестік орнайтыны рас. Себебі, медициналық сақтандыруы бар азамат медициналық мекемені өзі таңдай алады. Тек бұл мекеме МӘМС жүйесінде жұмыс жасауы тиіс. Сонымен, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры – мемлекеттің, жұмыс беруші мен азаматтардың денсаулықтарын сақтау бойынша ортақ жауапкершілікті қамтамасыз ететін жүйе болып табылады. Нақтылай түссек, Қазақстан міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру үлігісін таңдау барысында 50-ден астам елдің тәжірибесі ескерілген деген бас дәрігер МӘМС-тың адамдардың күнделікті денсаулығы үшін өзге де жаңалықтар мен пайдалы жақтарына кеңінен тоқталды. Сонымен қатар Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен мүмкіндігі шектеулі жандар ауруханаға бармай-ақ, үйден тексеріледі деп, бұл жүйенің тиімділігін тұрғындар назарына салып өтті. Өз кезегінде ауыл тұрғындары тарапынан міндетті медициналық әлеуметтік сақтандыру жүйесі бойынша қойылған көптеген сұрақтарға нақты жауап берді. Жамбыл аудандық «Нұр Отан» партиясы филиалының кеңесшісі Райхан Жәнібекова бұл күнгі басқосудың маңыздылығына тоқталып, дені саулық тәні сау екендігін алға тартып, міндетті медициналық әлеуметтік сақтандыру жүйесін бір-бірілеріне айтып, түсіндіру қажеттегін тұрғындардың естеріне салды. **Тұрсынжан ТОҚТАСЫН.**

Тегін кеңес берді

Сәрсенбі күні аудандық Әділет басқармасы мен «Нұр Отан» партиясының бірлесуімен азаматтарға тегін заңнамалық кеңес беріліп, дөңгелек үстел өтті. Бұл жиынға аудандық Әділет басқармасының жетекші маманы Дәулет Қожашев, аудандық сот орындаушылар бөлімінің инспекторы Көркем Жауышбаева, аудандық «Нұр Отан» партиясының кеңесшісі Бауыржан Ақылбеков, нотариус Гүлнар Әбілмәжінова, аудандық жұмыспен қамту орталығының жас мамандары мен Ұзынағаш ауылдық округі әкімдігінің мамандары қатысты. Дөңгелек үстелде тиісті мекемелердің қандай қызметі тегін және қандай кеңестерді тегін алу керектігі жөнінде сұрақтар қойылып, жауапты мамандар тиісті жауабын берді.

Раушан АМАНҚҰЛОВА,
аудандық «Нұр Отан» партиясы филиалының кеңесшісі.

Қазақстандық жаңғыруға



Жамбыл ауданының білім бөлімінің ұйымдастырумен жуырда Қарасай атындағы Мәдениет үйінде «Қазақстандық жаңғырту 3.0 – білімнің үлесі» атты білім беру қызметкерлерінің тамыз педагогикалық кеңесі өтті. Іс-шараның алғашқы бөлімі Жамбыл ауданының әкімі Жандарбек Далабаевтың аудандық білім беру ұйымдары көрмелерін аралауымен басталды. Фоедегі интерактивті тактадан ауданның білім саласындағы жетістіктерін жан-жақты баяндайтын бейнефильм беріліп, көпшіліктің назарын өзіне аудартты.

Пленарлық мәжілісті аудан әкімінің орынбасары Дастан Шалтабаев Қазақстандық білімді жаңғырту, білім беру ұйымдарының жұмысын жетілдіру туралы баяндамасымен ашып берді: «Биылғы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағда: рухани жаңғыру» атты мақаласы еліміздің рухани дамуына серпін беретін ұлттық сананы жаңғыртуға бағытталды. Өз тілімізді, төл мәдениетіміз бен салт-дәстүрлерімізді құрметтеп, сақтаумен қатар білімнің салтанаты жалпыға ортақ болу қажеттілігі көрсетілді. Бәсекеге қабілеттілік те біліммен өлшенеді. Мақалада: «Құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» деген болатын, сол білімнің табысы мен үлесін саралайтын тамыз кеңесінде өткенімізді қорытындылап қана қоймай, рухани жаңғыруға білімнің үлесін тың ой, жаңа көзқарастармен бөлісетін боламыз. Білімнің рухани жаңғыруға қосқан үлесі қандай? Келешекте қандай болмақ? Осы сұрақтар бойынша ой қозғап, толғандырған мәселелерге шешім іздейтін боламыз. Бұл басқосу отбасы мен мектеп, мұғалім мен ата-ана, бала мен мұғалім, бала мен қоғам қарым-қатынасының үлкен рухани және мемлекеттік мәселелерді қозғайтын құнды алаңына айналмақ. Жаңа рухани серпіліске бастауға бағыт беретін дәстүрлі тамыз кеңесіне қош келдіңіздер!» – деп ұстаздар қауымын жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтады.

Аудандық білім бөлімінің басшысы Ләйлаш Бәкірова «Қазақстандық білімді жаңғырту жағдайында білім беру ұйымдарының жұмысын жетілдіру» атты негізгі баяндамасын оқыды: «Құрметті Жандарбек Ермекұлы! Құрметті тамыз кеңесіне шақырылған қонақтар, ұстаздар! Қазақстан Республикасында білім берудің және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес білім сапасын арттыру жөніндегі жұмыстың негізгі бағыттары білім беру процесіне қатысушылардың үздік білім беру ресурстары мен технологияларына бірдей қолжетімділікті қамтамасыз ету, жылдам өзгермелі әлемде табыстылығын қамтамасыз ететін білім алуға деген білім алушылардың сұраныстарын қанағаттандыру, Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы білім беретін мектептерде интеллектуалдық, рухани және дене бітімі дамуын қалыптастыру болып табылады.

Бүгінгі күні білім беру жүйесі түбегейлі жаңаша ойлауға негізделген іргелі реформалар кезеңіне қадам басты. Қазіргі уақытта инфрақұрылымдық дамыту мен жаңартылған мазмұнға көшу басты басымдықтар болып тұр. Былтырғы оқу жылында 1-сыныптарда жаңартылған білім беру бағдарламалары енгізіліп, 5 күндік оқу жүйесіне көшті. Кестеге сәйкес 2017-2018 оқу жылында 2, 5, 7 сыныптар көшеді. Осыған байланысты ауданның білім беру мекемелеріндегі 705 мұғалім жаңартылған білім беру мазмұны бойынша арнайы біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, сертификатталды.

Келесі оқу жылында 3, 6, 8, 10-сыныптар, ал, 2019-2020 оқу жылында 4, 9 және 11-сыныптар жаңартылған білім мазмұнына көшеді. Демек, мұғалімдер балаларды осы жаңартылған білім мазмұнына көшуге дайындау керек. Оның бір жолы – білім

алушы қызметін жандандыру тәсілдерін пайдалану, оларға барынша дербестік беру. Осы мәселеге барлық мұғалім назар аударуы қажет.

Жаңа стандарттар құзыреттілік тәсіліне негізделген, соған сәйкес оқу бағдарламаларының құрылымы өзгерді: міндетті меңгерілуі тиіс белгіленген оқу материалынан емес, күтілетін нәтижеге қарай әрекет жасау қажет. Бұл білім алушының қабылдауы өзгергенін, яғни басым авторитарлықтан ынтымақтастық оқытуға көшуді білдіреді.

Жаңа жүйе бойынша тиімді оқыту, педагогикалық қоғамдастық пен мектептегі мұғалім көшбасшылығы бағдарламалары бойынша 5 жылда аудан бойынша 369 мұғалім біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Ауданның 48 мектебінде «Тәжірибедегі рефлексия» 100 сағаттық курстарынан барлығы 1271 мұғалім өтіп, сертификатталды. Коучинг пен менторинг процесі, желілік педагогикалық қоғамдастық қызметі оқытудың тәжірибесін өзгертуге, ХХІ ғасырда оқушылардың сын тұрғысынан ойлау, өзін-өзі ынталандыру, өзін-өзі реттеу, оқи білу дағдыларын белсенді әрі табысты қолдану дайындығын қалыптастыруға ықпал ететін қажетті білім ортасын құруға мүмкіндік берді.

Мектептерде мұғалімдердің кәсіби қоғамдастықтарының жұмысы арқылы менторинг пен тәлімгерлік нәтижесінде мектептің оқу-тәрбие үрдісіне өзгерістер енгізілді. Аудандық семинарларда, әдістемелік күн, әдістемелік десант, ашық есік күндері шеңберінде мұғалімдер сыныпта топтық және жұптық жұмыстарды үйлестіру арқылы оқушыларды мұғалімнің жетекшілігімен білім алуы ұйымдастыру шеберліктері шындалып, тәжірибелерін ортаға салды. Критериалды бағалау, сабақты тиімді жоспарлау мәселелері қамтылды.

Өткен оқу жылында 1-сыныптарда жаңартылған білім беру мазмұнын тиімді енгізу мақсатында аудандық әдістемелік кабинет жанынан мобильді топ құрылып, мектептерде әдістемелік күн, әдістемелік десант жұмыстары ұйымдастырылып, тәжірибелі мұғалімдер тарапынан 1-сыныпқа сабақ беретін мұғалімдерге кәсіби әдістемелік көмек көрсетілді. Жаңартылған білім беруді енгізуде құрылған шығармашылық топ мүшелерінің тәжірибесі жинақталып, аудан, облыс көлемінде тартылды.

Білім беру мазмұнын жаңарту аясында критериалды бағалау жүйесіне көшу қарастырылған. Негізгі мақсаты – сапалы бағалау мен тұлғаны дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін, қоршаған әлеммен тиімді өзара әрекет етуге, өздігінен білім алуға және дамуға дайын, алдына ала белгілі және нақты критерийлер бойынша объективті бағалау болып табылады.

Жаңа бағалау жүйесі білім алушыда өз әрекетін бақылау мен бағалау, туындаған қиындықтардың себептерін анықтау мен қалпына келтіру қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жаңа бағдарламаны енгізуде Уәлиханов, Рысқұлов, Бердіқұлов, Қасымбек, Сарыбастау, Қыдырбекұлы, Әубәкіров, Сәрсенбеков мектептерінде бастауыш сынып мұғалімдерінің сабақта қалыптастырушы бағалауды өз деңгейінде

жүргізе алмайтындығы, біліктілік арттыру курстарынан өткенімен жаңартылған білім беру бағдарламасын толық меңгермегендігі байқалды.

Оқыту процесін дәстүрлі ұйымдастырудан алшақтап, білім берудің 6 саласы бойынша айқындалып күтілетін нәтижелерге негізделеді және білім алушылар «біледі», «түсінеді», «қолданады», «талдайды», «жинақтайды», «бағалайды», яғни іс-әрекеттік аспектіні болжайтынын ескеру маңызды.

Құрметті кеңеске қатысушылар!

«Қазақстан Республикасында білімді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға мемлекеттік бағдарламасының» басты мақсаттарының бірі – жалпы орта білім берудің мазмұнын жаңарту аясында жоғарғы сыныптарда жартылыстану-математикалық циклдағы пәндерді үш тілде оқыту. Осы бағдарламаға сәйкес 2019-2020 оқу жылынан бастап 10-11 сыныптарда химия, биология, физика және информатика пәндері ағылшын тілінде оқытылатын болады. «Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасы» бағдарламасы негізінде ауданда 8 мұғалім орта мектепте үш тілді кіріктіріп оқыту бойынша 3 айлық біліктілік арттыру курстарынан өтіп келді. Осы жылы тағы да 128 мұғалімді осындай курстардан өткізу жоспарланып отыр. Жаңа оқу жылынан бастап ауданның 5 мектебінде физика, информатика, химия, биология пәндерін 8-сыныпта оқытудың пилоттық жобасы енгізіледі.

Бүгінде, ауданда 8 балабақшада ағылшын тілі оқытылып, «Айгөлек» балабақшасында «Үш тіл патшалығы» жобасы жүзеге асырылуда. Үш тілде оқытуды енгізу қазақ, орыс және ағылшын тілі пәні мұғалімдерінен тілді жоғары деңгейде меңгеруді талап етеді. Осы мақсатта облыстық білім басқармасы тарапынан аудандағы ағылшын тілі мұғалімдерінің тілді меңгеруі тексеріліп, көптеген мұғалімдердің деңгейлерінің төмендігі анықталды. Сонымен бірге 1-сыныптан орыс және ағылшын тілдерінің оқытылуына байланысты ауданда осы тілдер мамандарының жетіспеушілігі орын алып отыр.

Құрметті әріптестер!

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының басым бағыттарының бірі – білім беру жүйесін жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету, педагог мамандығының беделін көтеру.

Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді. Мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді.

Ұстаз еңбегі қиындығы мен қызығы қатар жүретін жұмыс. Функционалдық сауаттылығы дамыған, өзгермелі ортаға тез бейімделетін шөкірт тәрбиелеуді іске асырудың кепілі – ұстаздың кәсіби шеберлігі.

Облыстық дәрежедегі кәсіби байқауларда аудан мұғалімдері өздерінің шеберліктерін шыңдап, алдыңғы шептен көріне білді. Облыстық «Жылдың үздік мұғалімі» байқауында Үмбетәлі Кәрібаев атындағы мектептің биология пәні мұғалімі Нұрғазиева Гүлхан Елубаевна 1-орынды иеленіп, облыс әкімі Амандық Батталовтың қолынан автокөлік алды. Ә.Бейсеуов, Үлкен, Қарғалы №4, Беріктас, Қарғалы №3, Мыңбаев, Т.Рысқұлов, Қайназар №1 мектептерінің мұғалімдері, «Ұлан», «Күншуақ», «Бәйтерек» балабақшалары облыстық кәсіби байқауларда жүлделі орындардан көрінді.

Құрметті кеңеске қатысушылар!

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы қоғамды рухани жаңғыртудың ауқымды идеялары мен тұжырымдамалық тәсілдерді терең зерделеу және білім алушылар арасында таратуды

ұйымдастыру биылғы оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының ерекшелігі болып табылады. Елбасы: «Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады», – деп атап көрсетті.

Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген ілімін негізге ала отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеу – мұғалімдер қауымының басты міндеті.

Сөзімді қорыта келе, құрметті Жандарбек Ермекұлы, Сізді және бүгінгі кеңеске қатысушыларды оқушыларды тәрбиелеу мен оқыту ісінде мемлекетіміз алға қойған міндеттерді жүзеге асыру үшін ауданның педагогикалық ұжымы аянбай еңбек етеді деп сендіремін.

Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында сапалы білім беруге бағытталған еселі еңбектеріңізге шығармашылық табыс тілеймін. Жаңа оқу жылы толағай табыстарға толы жыл болсын!» – деп баяндамасын қорытындылады.

Ауданның білім беру қызметкерлері мен мемлекеттік қызметтегі азаматтардың арасында жарыссөз жүргізілді. Аудандық білім саласына қабылдауға қажет инновациялық жаңалықтар мен қазіргі таңда жеткен жетістіктер туралы баяндамалар оқылды. Жарыссөзге қатысып, өткір ойымен ерекшеленгендер: Ақсеңгір селолық округінің әкімі Ержан Қасымшалов «Қазақстандық жаңғырту жағдайында білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие үрдісін жетілдіру», Мәтібұлақ орта мектептің директоры Людмила Менисова «Білім беру мазмұнын жаңартуды жүзеге асырудағы көшбасшылық және басқару», Құдыс Әбсеметов атындағы орта мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Гүлнәр Мағзұмова «Педагогикалық кәсібилік – білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында заманауи мұғалімдердің стратегиялық дамуы мен жетілуі», Мыңбаев орта мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Гүлвира Күзембаева «Туған жер» бағдарламасы аясында мектептегі тәрбие жұмысын жетілдіру», Жамбыл атындағы орта мектептің алғашқы әскери дайындық жетекшісі Шыңғыс Болатқұлов «Жаңа Қазақстандық Патриотизмнің құндылықтары мен мұраттары жүйесін иеленетін білім алушы-патриот тәрбиелеу», Ш.Уәлиханов атындағы орта мектептің информатика пәні мұғалімі Қайсар Төкенбаев «Орта мектептерде жаратылыстану бағытындағы пәндерді үш тілде оқыту», С.Бердіқұлов атындағы орта мектептің сынып жетекшісі Мадина Отыншиева «Білім беруді жаңарту жағдайында оқушыларға рухани-адамгершілік тәрбие берудегі сынып жетекшінің ролі», «Күншуақ» балабақшасының меңгерушісі Гүлбаршын Жүнісбекова «Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жүйесін жаңарту», Т.Рысқұлов атындағы орта мектептің ата-аналар комитетінің төрайымы Әбдиева Әлия «Бала тұлғасын қалыптастыруда мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі», «Жас ұлан» оқушылар үйінің директоры Гүлвира Жүнісова «Қосымша білім беруде «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының құндылықтарын дарыту» тақырыбында баяндама жасап, білім сапасына қатысты өзекті мәселелерді талқыға салды.

білімнің үлесі

Педагогикалық кеңеске «Өрлеу» біліктілік арттыру Ұлттық орталығы АҚ филиалының «Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты» директорының ғылыми-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары Толқын Әуелғазина қатысып, жаңа оқу жылының тың жаңалықтары, мектеп мұғалімдерін квалификациялау қажеттілігі сияқты тақырыптарды көтерді. Қорытынды сөз кезегін алған Жамбыл ауданының әкімі Жандарбек Далабаев мінбеге көтеріліп: «Өркениеттің шынайы

маман жетіспеушілігі оқу процесінде білім сапасының төмендеуіне әкеп соғады. Стратегиялық маңызды бағыттың бірі – орта білім беру сапасын көтеру. Білім сапасын саралаудағы бірден-бір көрсеткіші ұлттық бірыңғай тестілеу болып отыр. Биылғы жылы ұлттық бірыңғай тестілеу жаңа форматта өткені баршамызға белгілі. Аудандағы 46 мектептен 712 оқушысы Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуға өтініш беріп, тек 705-і ғана қатысты. Бұл 66,6 қатысу пайызын құрады. 2017 жылы 51 оқушы 100 балдық межеден асты. Білім сапасының төмендеу



белгісі – мемлекеттің тәрбиелеп шығарған азаматы» деп Елбасы атап көрсеткендей, білімге бағытталған инвестиция – ең қайтарымды, ең игілікті іс болып табылады. Ауданда білім беру саласына бөлінетін қаражат жыл сайын өсуде. 2017 жылғы білім саласының бюджеті 8 млрд. 536млн. теңгені құрады.

Ауданда 96 мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру мекемесі жұмыс істейді, оның 45 жекеменшік балабақша. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде балаларды балабақшамен қамту 96 пайызға жетті. Осы ретте жеке бизнес өкілдеріне мектептер мен балабақша салудағы абыройлы істеріне ризашылығымды білдіремін. Бұл бағыттағы жұмыстарды тоқтатпай әлі де инвесторлардың қызығушылығын арттырып, оларға қолайлы жағдай жасау қажет.

Оқушылардың дамуына қосымша білім беру ұйымдарының ықпалы зор. Ауданда қосымша білім беретін «Жас ұлан» оқушылар үйі және екі «Өнер» мектебі жұмыс жасайды. Онда 1059 (4,1 пайыз) бала шығармашылық, интеллектуалдық қабілеттерін шыңдайды. Келешекте Аққайнар, Ақсеңгір, Жаңақұрылыс, Мыңбаев, Қарғалы ауылдарында қосымша білім беру ұйымдарын ашу жоспарлануда.

Мұғалім – білім беру сапасын арттыру мен өркениетті даму саясатының мектептегі насихатшысы. Бүгінгі күні аудан бойынша 2614 мұғалім жұмыс жасайды. Оның 2423 жоғары білімді, 191- і арнайы орта білімді мамандар. Ауданға келген жас мамандарға қолдау көрсету, оның материалдық қажеттілігін және кәсіби өсуін қамтамасыз ету мәселесі де басты назарда. Өткен оқу жылында 111 жас маман келді. Оның ішінде «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша 72-сі жұмысқа орналасты. Олардың 54-іне 8 млн 577 мың теңге көлемінде көтерме жәрдемақы төленіп, 18 жас маманға үй сатып алуға несие берілді. Әр жаңа оқу жылы сайын педагогтар қатары жас мамандармен толығады. Бірақ, Бозой, Айдарлы, Актерек, Үңгіртас, Үлгілі, Б.Қыдырбекұлы атындағы орта мектеп, Қопа негізгі орта мектептеріне орыс, ағылшын тілдерінен, физикадан, математикадан, технология, тарих пәндеріне мамандар қажет. Жоғарыда аталған мектеп басшыларына жаңа оқу жылына мамандармен толық қамтамасыз ету жұмыстарын аяқтауды тапсырамын. Жас мамандарды ауылдық жерге тарту, яғни оларға жағдай жасау ауыл әкімдігі мен мектеп басшысының өзекті мәселелерінің біріне айналу керек. Себебі,

себептері: біріншіден, бастауыш, негізгі орта және орта білім беру бағдарламаларында сабақтастықтың жоқтығы салдарынан орта буында (5-9 сынып) білім сапасының төмендеуі.

Екіншіден, оқушыларға әлі де болса «жаттанды» білім беріліп келеді. Бұл проблемадан шығудың бірден бір жолы – пәндерді «жаттанды» оқытудың орнына жүйелі жаңаша оқытуға көшу.

Үшіншіден, мұғалімдердің инновациялық технологияларды өз дәрежесінде меңгере алмауы.

Төртіншіден, білім беру ұйымдары басшыларының заманауи бақылау мен басшылық жасау жұмыстарының әлсіреуі.

Орта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының басты міндеттерінің бірі – «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы жүзеге асыру. Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласын іске асыруда ауданымызда «Өлкетану», «Отаным-тағдырым», «Саналы азамат», «Кітап – білім бұлағы» жобалары бойынша барлығы 7 іс-шара жоспарланып, бүгінгі таңда ұйымдастыру жұмыстары жүргізілуде. «Өлкетану» жобасын іске асыруда аз қамтылған отбасынан шыққан 355 мектеп оқушысы халықаралық мамандандырылған «Астана ЕХРО-2017» көрмесіне жазғы демалыс айларында саяхатқа барып қайтты. Аталған көрме жұмыстарымен 2793 педагог қызметкерлер танысып қайтты.

2016-2017 оқу жылында облыстық прокуратура мен білім басқармасының ұйымдастыруымен «Балалар үйінсіз – Жетісу» бағдарламасын іске асыруда Жамбыл ауданы, Жайсан ауылында «Құрманғалиевтар» отбасы үлгісіндегі балалар үйі ашылып, қазіргі уақытта сол үйде 5 бала тәрбиеленіп жатыр. Қарғалы ауылында тағы бір отбасы 4 баланы алуға құжаттар жинақтауда. Тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 167 бала тұрғын үй алуға кезекте тұр. 17 бала жеке меншікте тұрғын үй үлескерлігінде тіркелген. Жетім балалар саны азаймай тұр. Қазіргі уақытта Жамбыл ауданы бойынша Алматы облысы балалар үйінде 15 бала тәрбиеленуде, бұл балалардың барлығы ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандар. Яғни, жетім балалар болып отыр. Жоғарыда көрсетілген балаларды баспанамен қамту мақсатында «Тұрғын үй жинақтаушы» банкісінде әр балаға жинақтаушы шот ашылып, жетім балаларды баспанамен қамту жұмыстары жүргізілуде.

Елбасы Халықтың өмір сүру деңгейін арттыру бойынша Үкімет алдына жаппай

кәсіпкерлікке ынталандыру және жұмыспен қамтамасыз ету жөнінде міндет қойды. Осы мақсатта ауданымызға еңбек нарығының қажеттілігін ескере отырып, «Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жобасы мен «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған» бағдарлама шеңберінде жаңа оқу жылына республикалық бюджет есебінен жұмысшы мамандарға, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде облыстық бюджет есебінен колледждерге адам қабылдауға қаражат бөлініп, нәтижесінде 2017-2018 оқу жылына аудан бойынша 25 бала №6 Жамбыл атындағы кәсіптік колледжде тегін білім алу мүмкіндігіне ие болды. Жас жеткіншектердің еңбек нарығына сұранысқа ие кәсіптерді таңдауына «Серпін – 2050» әлеуметтік жобасы үлкен ықпалын тигізуде. Аталған жоба аясында солтүстік өңірлердің жоғары оқу орындарында, техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінде ауданымыздың түлектерінің білім алуға ұмтылу деңгейі өте төмен. Сондықтан білім бөлімінен білім беру мекемелерімен бірлесе отырып, түлектерге кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жандандыруды сұраймын. Оның ішінде еңбек нарығында қажетті мамандықтарды (шаштараз, аспазшы, тігінші, ауыл шаруашылығы мен жол құрылысы техникаларын жүргізу мен жөндеу мамандары, ветеринария саласының мамандары т.б.) меңгеруге бағыттаған үгіт-насихат жұмыстарын жоспарлы түрде жүргізу керек.

Биылғы жылы білім беру жүйесін дамытуда айтарлықтай жетістіктерге жеттік. Жаңашыл ұстаздардың арқасында алар асулар мен бағындыратын белестер келесі жылдың еншісінде де жеткілікті дәрежеде болады деп сенемін.


Құрметті білім саласының қызметкерлері! Бүгінгі кестеде білім саласының өзекті мәселелеріне кеңінен тоқталдық. Жетістіктермен қатар, орын алып отырған келесі мәселелерді де көтердік, нақты міндет те жүктелді.

Мақсат біреу – ол оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беру. Педагогикалық ұжымның, ұстаздардың жауапкершілігін барынша арттыру. Сондықтан, аудан ұстаздары алдағы уақытта білімді ұрпақ, тәрбиелі шәкірт, саналы азамат тәрбиелеп шығаруға бар күш - жігерін жұмсайды деп сенемін. Сіздердің жұмыстарыңызға табыс, білімді де арасатты ұрпақ тәрбиелеуде шығармашылық өрлеу тілеймін!», деді.

«Қазақстандық жаңғырту 3.0 – білімнің үлесі» атты тамыз педагогикалық кеңесінің Қарары бірауыздан қолдау тауып, көпшілік қабылдады. Қорытынды бөлімде аудан әкімі Жандарбек Далабаев аудан педагогтарын Алғыс хатпен марапаттады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің алғыс хатын А.Қарсақбаев атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Бакыткүл Тәжібаева иеленді. Облыстық білім басқармасының құрмет грамотасымен Н.Құтпанбетұлы атындағы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Ләззат Нәметқұлова, Абай атындағы гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі Іңкәр Жамалова, Абай атындағы гимназиясының дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Данияр Тұрлыбеков, Қазыбек бек бекетіндегі орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Дина Түркіева марапатталды.

Тамыз педагогикалық кеңесі білім саласындағы түйткіл тақырыптарды қозғаған, «болашақ – жастардың қолында» деген қағиданы негізге алған өзекті отырыстардың бірі болды. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы білімнің салтанат құруы туралы бөлімін түсіндіріп, ауданның мектеп директорларына салмақты міндеттер жүктелді. Биылғы жаңа оқу жылы талайғы табыстарымен қуанытып, жаңа белестерді бағындыруға арналыс!

Майра АЛДАБЕРГЕНОВА.



Жаңа мектеп – жарқын болашақ

Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов: «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін – білім» деген. Сол үшін білім алу жолында жас жеткіншектеріміз жалықпай үйренуі керек. Қазіргі таңда білімге деген қамқорлық пен барлық мүмкіндіктер қарастырылған. Аталған игілікті істердің тез арада сапалы аяқталып, пайдаланылуға берілуіне Алматы облысының әкімі Амандық Баталов тікелей өз үлесін қосып келеді.

Облыс басшысы бұған дейін ауданымыздағы Абдолла Қарсақбаев, Еңбекшіарал орта мектептерінің сондай-ақ биыл іргетасы қаланған 1200 балаға арналған Ұзынағаш ауылындағы жаңа мектептің салтанатты ашылу рәсіміне қатысып, білім саласындағы оң өзгерістерді тілге тиек етіп, өскелең ұрпақтың өркен жаюына, оқып білім алуына Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың ерекше көңіл бөліп отырғанын, соның арқасында осындай іргелі жаңа мектептердің көптеп салынып жатқанын айтты. Сонымен қатар, білімге әрқашанда сара жолдың ашық екенін мәлімдеп, ауыл тұрғындары мен жас жеткіншектердің көңіл қуанышына ортақтасқан еді. Бір ғана Алматы облысында оның ішінде Жамбыл ауданының өзінде жаңа мектептер мен қатар көптеген балабақшалар пайдаланылуға берілген болатын. Жаңа заманның талабына толық жауап беретін заманауи материалдық базамен жаңартылған білім ордаларында мектеп оқушыларының алаңсыз білім алуына барлық жағдай жасалған.

Игілікті істің іске асуына аудан әкімі Жандарбек Далабаев тікелей өз үлесін қосып, мектеп құрылысының санына емес, сапасына көңіл бөлуде. Сонымен биылғы жылы Беріктас орта мектебінің шатыры толығымен ауыстырылды. Бұдан бөлек Әсет Бейсеуов атындағы білім ордасының 300 орындық жапсырма құрылысы аяқталуда. Мектептер қажетті барлық материалдық техникалық базамен толық қамтамасыз етілген.

Сондай-ақ, Ұзынағаш ауылында 1200 орындық, Қайназар ауылында 600 орындық, Қарғалы ауылында 600 орындық, Ақсеңгір ауылында 450 орындық жаңа мектептердің құрлыстары салынуда. 1-ші қыркүйек күні оқушылар заман талабына сай салынған мектеп ғимаратынан білім алатын болады. Мектептердің құрылысына Ұлттық қордан 4 млрд. 871 млн. теңге, жергілікті бюджеттен 1 млрд.758 млн. теңге қаржы бөлінген.

Аталған мектептердің көркемдік-эстетикалық ішкі және сыртқы дәліздері безендіріліп, терезе жалюзилері орнатылып, техникалық құрал-жабдықтар (ноутбук, принтер, мультимедиялық кабинеттер, музыкалық аппаратура, оқушы парта мен орындықтар және де барлық қажетті жиһаздар сонымен қатар дидактикалық материалдармен толық қамтылған.

Әйгерім ӘБУ.

(Жалғасы. Басы 1-бетте).

Алдымен осында жиналған жанкүйерлер «Сүйінбай сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің концерттік нөмірін тамашалап, ән мен жырға, ырғақты биге сусындады. Бұдан соң жарыстың салтанатты ашылуы болды. Көпшілік алдынан белгілі атбегі ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Орынтай Әмірғалиев бастаған шабандоздар легі жүріп өтті. Белгілі радиожурналист Бақыт Жағыпарұлы мен жалынды жас өнерпаз Елдос Үмбеталиев жарысты жүргізу тізгінін өз қолдарына алды.

Жанкүйерлер алдында Алматы облысының әкімі Амандық Ғаббасұлы Баталов:

– Қадірлі ағайын, өздеріңізге белгілі, қазіргі таңда республика деңгейінде ұлттық ат

Еркебұлан Сабуровтың астындағы «Айшығ» еді. Жамбыл облысынан ат иесі Сатыбалдин Саяттың шабандозы Ержігіт Көменовтің тайы үшінші, ал қырғызстандық Тулеев Илиястың шабандозы Ермек Шәбденұлының «Тайханы» төртінші, Жамбыл ауданынан Ахат Әуезхановтың шабандозы Көшенов Ержігіт мінген «Батыры» бесінші орындарды өзара бөлісті.

Ер жігіттің күші мен қайраты әдісі мен айласы сыналатын аударыспақта 80 кг. салмақта Бірлескен Ыбырайым мен 90 кг. салмақта бағын сынаған Ибрайымов Ринаттың жолы болып, қарсыласын қас пен көздің арасында атынан аударып түсіріп, жеңісті олжалады.

Енді 11 шақырымдық құнандар сынында

топтала жүйткіді. Бірінші, екінші айналымда Райымбек ауданынан келген Бектұрсынов Талғаттың «Паролі» мен Алакөл ауданынан келген Баймұханбетов Ербатырдың «Бейбарысы» жеке топ бастап, көпшіліктің делебесін қоздырды. «Міне, жорға деп осы екеуін айтсай, паһ шіркін, аяқ алысын қарасаңшы», – деп бір желпініп жатты көрермендер. Бірақ та айналым соңына қарай төрт аяғын тең тастап, жанкүйерлердің көзайымына айналған шығысқазақстандық Шапаров Николай шабандозы Жапашев Руфаттың асындағы «Элегант» атты жорғасы бірінші болып, нәтижесінде, «Лада GRANTA» автокөлігіне және 1-ші дәрежелі дипломға ие болды. Бұдан кейінгі екінші орынның иесі Жамбыл ауданынан

Көкбастауда көп тұлпар бақ сынасты...



спорты жан-жақты дамып келеді. Оған дәлел, Астанада, Алматы мен Талдықорған қаласында заманауи үлгідегі атшабар алаңдары бар. Мұнда көкпар, бәйге, аударыспақ пен теңге ілу, қыз қуу сияқты ұлттық ат спорты ойындары жыл сайын өткізіліп тұрады. Ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болшакка бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласына сай қазір ұлттық рухты бекемдеуге көптеп көңіл бөлінуде. Оған дәлел, «ЭКСПО – 2017» Халықаралық мамандандырылған көрмесінің ашылу салтанатына орай халықаралық деңгейде ұлттық ат спорты түрлерінен үлкен жарыс өтті. Оған әлемнің көптеген мемлекеттерінен спортшылар қатысып, ұлы дала ойындары озық үлгіде, жаңаша сипатта өтті. Бұл жарасымды үрдістің барлығы мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың саликалы саясатының арқасы деп білеміз.

Ұлы дала ойындарын өткізу арқылы Қазақстан өзге де дамушы мемлекеттердің назарына ілінді. Ал, біздің бір ғана жер жанның Жетісу өлкесі атанған Алматы облысында да бұл сала басты назарда. Талдықорған қаласынан бастап барлық аудандарда осы ұлттық ат спорты ойындары өз жалғасын тауып келеді. Дәл қазіргі заман талабына сай салынған атшабар алаңдарының саны мен сапасы артуда. Тұлпарларымыз бәйгелі, шабандоздарымыз жүлделі болып, ұлттық ойындардың абыройы асқақ, мәртебесі биік болсын деп тілейік, ағайын. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, еліміз аман, заманымыз тыныш болсын. Ата Заңымыз зайырлы, қуатты, көңіліміз шауақты болсын! Жарыс жолында тұлпарлардың тұяғы мұқалмай, шабандоздардың жолы болсын. Оларға сәттілік тілеймін. Мерейлі мерекеміз құтты болсын, көк туымыз көгімізде желбірей берсін, – деп ағынан жарылды.

Бұдан соң белгілі атбегі, еңбек ардагері Нәркен Қалыбеков шабандоздарға ақ батасын берді. Жарысқа барлығы 7 автокөлік басты жүлде ретінде тігілді. Ендігі сәтте тұяғымен жер тарыпп тұрған жүйріктерге кезек келді. Аталған жарыс түрлеріне белгілі төрешілер төрелік етті.

Алдымен бес шақырымдық жарыс жолына 45 тай шықты. Бірден топтала, жол апшысын қуырған сәйгүліктер алғашқы кезде қолтық жаза серпіліп, уақыт өте келе шын жүйріктердің тобы анықталды. Тайға барлығы бес жүлделі орын белгіленіпті. Өзгелерден жеке дара мәре сызығын киіп өткен тай Біркітас ауылының болсын шықты. Ат иесі Омаров Ұланайша шабандозы Асхат Әлімжанов тақымдаған «Көңілашар» бірінші келді. Екінші жүлде Қарасай ауданынан келген ат иесі Сабуров Батырханның шабандозы

Жамбыл облысынан қосылған Талғат Сәкеновтың “Витязь” бірінші болып, нәтижесінде Лада GRANTA автокөлігін еншілесе, екінші, үшінші, төртінші орындарды Алматы қаласы, Жамбыл ауданы мен Қаратал ауданының жүйріктері – ат иелері Төреғали Төрәлі, Бөкебаев Асылбек пен



Османов Әли, Смайлов Жеңіс өз есебіне жазды.

Келесі кезек құйрық жалы сүзіліп жарыс жолына шыққан топ бәйгелінің жүйріктеріне тиді. Оған жанкүйерлер де көз алмастан қызыға қарады. Бұл бәйге сынында 42 тұлпар қара жердің шаңын аспанға шығарып, өзара қызу бәскеге түсті. Бірден суырылып алға шыққан Жамбыл облысынан келген Нұрманхан Айдардың «Жұлдыз» атты торысы топ бастады. «Жүйрікте де жүйрік бар, әліне қарай шабады» демекші, араға уақыт салып топ басындағылар кейіндеп, басқа жүйріктер алдына шықты. Әр атқа өзара бәс тігіп, бөріктерін аспанға атқан жанкүйерлер қуанышында шек жоқ еді. Айдарынан жел есіп, жолы болған қырғызстандық айыр қалпақты ағайын Мәмбетайтов Тұрсыналының «Байторысы» бас жүлдеге тігілген Лада GRANTA автокөлігіне ие болса, екінші орын Қарасай ауданынан Әлнұр Назарбаевтың «Қозыкүреңіне», ал үшінші орын тағы бір қырғызстандық Долотбаков Қанаттың «Қарақұсына», төртінші орын алматылық Артығали Миразовтың «Қарағөзіне», бесінші жүлделі орын Қырғызстаннан келген «Асанбек ата» жылқы зауытының «Ақжолтай» атты жүйрігіне бұйырды.

Келесі кезек қыз қууға беріліп, Әміров Әбдуәли мен Бейсембиева Раушан жұртшылық алдына шықты. Көкөйнағын ойнақтатып қызды қуған Әбдуәли Раушанды құшаққа алса, қайтар жолда Раушан да қапы қалмай, қызға тән ізетпен бозбаланың арқасынан сипай қамшылады.

Өз кезегінде үстінен су төгілмес су жорғалар 9 шақырымдық қашықтық бойынша жарыс жолының апшысын қуырды. Алғашында олар

Бөкебаев Асылбектің жорғасы, шабандозы Токтасынов Мықтыбек мінген «Жойқын» атанса, үшінші, төртінші орындар Райымбек ауданынан келген Талғат Бектұрсыновтың «Патролына» және Алакөл ауданынан жарыс жолына шыққан Оспанов Кенесбектің тұлпары «Олбурдын» еншісіне бұйырды.

Келесі кезекте жігіттің күш-қайраты мен ептілігін, қол қарымын байқататын көкпар ойыны басталды. Бұл жолы «Сұңқар» мен «Тұлпар» командалары көк серкені тақымға басып, өзара кім мықты екенін анықтады. Көкпар сынында додаларда топ жарып жүрген Елдар Жиенқұлов, Мейіржан Мәтжанның өнері көпшілікті сүйсінтті. Ал, теңге ілу кезеңінде Мейіржан Мәтжан мен Нағашыбек Дулат өзге қарсыластарынан басым түсті. Олар ат үстінен еңкейіп келіп теңге іліп, көпшіліктің қошамет құрметіне бөленді.

Сонымен ең шешуші сәтке де кезек келіп жетті. Бәйге жолында аттың аты ғана шыдайтын 25 шақырымдық аламан жарысына 45 ат қатысты. Әрине, бұл аз қашықтық емес. Нағыз қыл құйрықты жүйріктердің сыналатын шағы. Жарыс жолына шыққан шабандоздар тізгінді тарта ұстап, тақымдарын қыса түскен. Топ басындағылар да алма-кезек ауысып отырды. Бір тері алынбай, бабы келіспеген аттар біртіндеп жарыс жолынан шығып жатты.

Ә дегеннен бастап суырыла жүйткіген Қарасай ауданынан қосылған Әлнұр Назарбаевтың бес жасар қарагер тұлпары «Ақтабан» жеке келіп мәреден өтті. Ол бас жүлдеге тігілген «УАЗ Патроль» автокөлігі мен Президент Кубогына ие болды және бірінші дәрежелі дипломмен марапатталды. Ал, екінші орынды Оңтүстік Қазақстан облысынан келген Аптауов Құрманбектің «Кердауыл» атты сәйгүлігі өз қанжығасына байлап, «Нива» автокөлігін және екінші дәрежелі дипломды жеңіп алды. Бұдан кейінгі үшінші орын Жамбыл ауданынан Серіков Ерсұлтанның есебіне жазылды. Ат иесіне «Лада GRANTA» автокөлігі мен үшінші дәрежелі диплом сыйға тартылды. Төртінші орынға тұрақтаған Алакөл ауданының намысын қорғаған Баймұхамбетов Ербатырдың төрт жасар жирені ақшалай жүлдемен марапатталды.

Бір айта кетерлігі, бұл аламан жарысында мәреден бар болғаны төрт ат қана өтті. Аталған жүлдегерлерді Алматы облыстық мәслихатының хатшысы Сұлтан Дүйсенбиев, облыстық қоғамдық кеңестің төрағасы Әлихан Тойбаев пен еңбек ардагері Тұрарбек Асанов жұртшылық алдында салтанатты жағдайда марапаттады. Осылайша, Көкбастау атшабарын бір күн бойы тұлпар тұяғының дүбіріне бөлеген ұлттық ат спорты ойындары жиналған көпшіліктің көңілінен шықты. Лайым жемісті, келісті күндеріміз бен қызықты жарысқа толы мерекелік күндеріміз көп болсын деп тілейік.

Тұрсынжан АСҚАРҰЛЫ.

(Жалғасы. Басы 1-бетте).

ЖАҢА МЕКТЕП АШЫЛДЫ

Ғимараттың құрылыс жұмысын жүргізіп, халықтың игілігіне ұсынған құрылыстың бас мердігері «Риголит» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Сейдулла Сәрсеков мектеп директоры Серік Тілепбергеновке нысанның символикалық кілтін тапсырды.



Мектеп оқушылар атынан Айтуған Жетебаев домбырамен арнау айтып, мерекенің мерейін асырды. Аудандық мәслихаттың депутаты, қоғамдық кеңестің және аудандық кәсіподақ ұйымының төрағасы Әскербек Абаев жаңадан мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндерге ақ батасын арнады. «Жас ұлан» оқушылар үйінің бишілері би билеп, бірінші сынып оқушылары ортаға шығып өлең оқыды.

Жаңа білім ордасының лентасын облыс әкімі Амандық Баталов пен Жамбыл аудандық мәслихатының депутаты Әскербек Абаев және ардагер-ұстаз Алтынжан Нүсіпәлиева кесті. Облыс әкімі бастаған құрметті қонақтар мектептің ішін аралап, пән кабинеттерімен танысты. Заманауи үлгіде салынған жаңа білім ордасына бюджеттен 1 млрд. 924 миллион теңге жұмсалыпты. 15 мың шаршы метр ғимараттың іші қажетті құрал-жабдықтармен толық жарақталған. Екі спорт залы бар, оның бірі 168 шаршы метрлік гимнастика залы, екіншісі 648 шаршы метрлік волейбол, баскетбол ойындарына арналған зал. Тиісті пән кабинеттері, кітапхана, шеберханалары бар. Мектеп ауласының жалпы жер көлемі 4 гектарды құрайды.

Аудан орталығының батыс аймағында кейінгі жылдары халық санының күрт өсуіне байланысты жаңа тұрғын үйлер көптеп салына бастады. Сондықтан да мұнда әлеуметтік нысандарға деген сұраныс та арта түскен еді. Енді міне, бұл мәселенің де оңтайлы шешім тапқанын көріп отырмыз. Соның бірі осы білім ұясының қолданысқа берілуімен дәлелденді. Жалпы биыл аудан бойынша барлығы бес жаңа мектеп бой көтерді. Атап айтқанда, Қайназар ауылының оңтүстік тұсында, Ақсеңгір ауылында салынған жаңа мектептер оқу жылының алғашқы күні ашылмақ. Сол сияқты Қарғалы ауылының солтүстігінде салынып жатқан жаңа мектеп те қараша айында пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. Ал, Қарғалыдағы Әсет Бейсеуов атындағы орта мектептің ғимараты жанынан косымша бой көтерген құрылыстың жоғарыда аталған бағдарламаға сай тиынақты аяталғаны да көңілге қуаныш ұялатады. Өткенімізге көз жүгіртсек, осынау қарқын білім саласындағы айтарлықтай жетістіктердің айғағы деген дұрыс. Және оның бәрі, әрине, Елбасының саликалы саясатының нақты жемісі екені даусыз.

Бақтияр АЙТАЛЫ.
(Суреттерді түсірген автор).

Ветеринария қызметінің басты мақсаттары

Қазақстан Республикасында жүргізілетін ветеринариялық қызметтің негізгі мақсаты шаруашылықтарда ветеринариялық шараларды сапалы әрі уактылы жүргізіп, жануарларды жұқпалы емес, жұқпалы және паразиттік аурулардан тазарту, қауіпті індеттерден адамды сақтандыру, мал ауруын азайту, шығынға жол бермей, шаруашылықтарға келтіретін зиянды барынша азайту болып саналады.

Ветеринария саласының экономикалық, биологиялық және медициналық санитариялық маңызы да жоғары.

Қазақстанда 1810 жылға дейін жануарлар ауруларын емдеумен малшы қазақтар өздері айналысқан, содан кейін Ресейден жұмыс бабымен келген ветеринарлық мамандар болса, ал 1891жылдан бастап ветеринариялық қызмет жеке-леніп, өз алдына бөлініп шыққан. Мамандарды Омбы, Тобыл ветеринариялық мектептері, сонымен қатар Қазан, Юрьев, Варшава ветеринариялық институттары дайындаған. Сонымен бірге 1897 жылы тұңғыш ветеринариялық бактериологиялық лаборатория Оралда ашылған. Ал, 1920 жылы ветеринариялық бас басқарма құрылып, Қазақстанда ветеринариялық саланың дамуына А.П.Петровский, У.Б.Базанов, Т.И.Исенғұлов, К.И.Скрябин, А.П.Сейдалиев және тағы да басқа ғалымдар үлкен үлес қосқан болатын.

Қазақстан Республикасында жануарлар ауруларымен күресу шаралары ҚР Президенті бекіткен (Бірінші заң 1995 жылы 25 маусымда, екіншісі 2002 жылы 10 шілдеде қабылданған, заң 6 тараудан, 37 баптан тұрады). «Ветеринария туралы заң» негізінде, Үкімет жарғылары және ҚР Ауылшаруашылығы министрлігінің ветеринария туралы заң актілері мен нұсқаулары бойынша жүргізіледі.

Жұқпалы аурумен күресудің негізі аурудың алдын алу болып табылады.

Жануарлар мен құстардың жұқпалы ауруларымен күресу мақсатында кешенді жалпы және арнайы шаралар жүргізіледі. Жануар ағзасының саулығын қорғау, шаруашылық мамандарының күнделікті жұмыстарының басты нәтижесі болып саналады.

Жануар өнімділігін өнімділігін арттыру және оның саулығын сақтау өзара тығыз байланысты.

Осыған байланысты, шаруашылық мамандары міндеттерінің қатарына мына төмендегілер жатады:

1. Жануар ауруының сыртқы және ішкі себептерін білу;
2. Кеңінен тараған аурулардың пайда болу себептерін алдын алу шараларын анықтау;
3. Қарапайым емдеу әдістерін қолдана отырып, ауру малға алғашқы көмек көрсету;
4. Ең көп тараған жұқпалы емес аурулардың пайда болуын және алдын алу жолдарын білу;
5. Мал басын қорғау мақсатында сақтық шараларын жүргізу;
6. Ветеринариялық мамандарға арнаулы шараларды жүргізуге көмек беру;
7. Мал шаруашылығы мамандарының ветеринариялық санитариялық білімін жетілдіру.

Мал шаруашылығында ветеринариялық санитариялық талаптарды, мөлшерлерді қолдану және технологиялық үрдістерді ұйымдастыру, сапасы жоғары мал және мал өнімдерін алу мал басын көбейту және жануарларды бордақылау істері ветеринариялық білімді қажет етеді.

Содан 2012 жылы аудан әкімдігі құрған мемлекеттік ветеринариялық мекемелер, аса қауіпті және



эпизоотиялық мекемелер, аса қауіпті және эпизоотиялық аурулардың іс-шараларын жүргізумен қатар, жануарлардың жұқпалы емес ауруларының іс шараларын атқарумен шұғылданады. Сонымен бірге ветеринариялық анықтама берумен, ветеринариялық төлқұжат берумен, бірдейлендіру бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын есептік базаға енгізумен және оның көшірмесінен үзінді берумен айналысады. Жануарларды санитариялық союға тасымалдаумен, сонымен бірге материалдық техникалық жабдықтауды сатылы жүргізудің арқасында, әкімшілік әкімдіктің ұсыныстарына сәйкес, оларды есепке ала отырып атқарады.

Сонымен бірге, ветеринария саласы бойынша заңнаманы бұзу кезінде, жеке және заңды тұлғалардың әкімшілік жауапкершілігі, сонымен бірге жергілікті атқарушы органдары қызметкерлерінің жауапкершілігі нақтыланды және қатандатылды.

Ветеринария саласы бойынша, бұрын Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің аумақтық инспекциялары іске асыратын бақылау, қадағалау және іске асыру функцияларын жергілікті атқарушы органдарға беру арқылы рөлін күшейтуге бағытталды.

Ал, 2014 жылы «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру» бағдарламасының порталдық жобасы іске қосылды. Бұл бағдарлама «on-line» режимінде мал басын есепке алу және кез келген уақытта жануарлардың және жануар текті өнімдердің шығу тегіне және орын алмастыруына қадағалау жүргізуіне мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта мал басына есеп жүргізу www.iszh.kam.kz веб-порталында жүзеге асырылады.

Әлемнің және республикамыздың ветеринария саласындағы жетістіктері де айтуға тұрарлықтай. Көрнекті ғалымдардың жан жақты жүргізген ғылыми зерттеулерінің нәтижесінде жануарлардың көптеген ауруларын жою әдістері және аурулардан сақтандырудың жолдары ойластырылып табылған. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасында сиыр обасы, ала өкпе қабынуы, жылқы маңқасы жойылған.

Қазақстан ТМД аумағында бірінші болып аусылдан ада мемлекет мәртебесін алды. Бұл туралы Парижде өткен халықаралық эпизоотиялық бюронның 83-сессиясында белгілі болды.

Әзірге еліміздің 9 облысы ғана дерттен дін аман деп танылған. Аурудан ада елге үлкен нарыққа жол ашылады.

Ауданымызда бүгінгі таңда эпизоотиялық және энзоотиялық іс-шаралар жоспарына сәйкес ветеринариялық препараттар жеткізіліп, алдын ала егу жұмыстары жүргізілуде.

Жамбыл ауданының ветеринария саласына 2017 жылға эпизоотиялық

ауруларға қарсы іс-шаралар жүргізуге 228 млн. 999 мың теңге бөлініп, 7 айда 116 млн. 259052 теңге игерілді.

Энзоотиялық ауруларға қарсы іс-шаралар жүргізуге 1 млн. 595 мың теңге бөлініп, 7 айда 318 мың 550 теңгенің жұмыстары атқарылды.

Иесіз иттер мен мысықтарды аулау бағдарламасын жүзеге асыруға 4 млн. теңге қарастырылып, 7 айда 2 млн. 413400 теңге игеріліп, 1097 бас қаңғыбас иттер ауланып жойылды.

Бруцеллез ауруына шалдыққан малдың иесіне құнын өтеуге жыл бойына бөлінген қаржы 1 млн. 843 теңгені құрайды, 2017 жылдың 1 шілдесіне 1 млн. 833 мың теңгесі игерілді.

Аудан бойынша 2017 жылдың 6 айында мүйізді ірі қара малдарынан 7 айлық жоспардағы 85345 бас малдың 78986 бас малынан қан сарысуы алынып, 93% орындалды, оның ішінде 90 басы оң нәтиже көрсетіп, 83 басы «Майтөбе-ет» ет комбинатына өткізілді.

Аудан бойынша 7 айда 458236 бас ұсақ мүйізді малдарынан қан алу жоспарланып, іс жүзінде 334715 бастан қан алынып, 75%-ға орындалды, оның ішінде 44 басы бруцеллезге оң нәтиже көрсетіп, аталған мал бастары «Майтөбе-ет» ет комбинатына өткізілді.

Аудан бойынша бруцеллезге шыққан 14 аулаға, жалпы көлемі 665 шаршы метр қора-қопсыларға заласыздандырылу жұмыстары жүргізілді.

Аудан бойынша 2017 жылдың 7 айында эпизоотиялық аурулардың алдын-ала егу жұмыстарының орындалуы өз дәрежесінде.

Сонымен бірге 2017 жылдың ауыл шаруашылығы жануарларының төлдерін бірдейлендіру веб-порталына:

Мүйізді ірі қара малдарының 36 150 бас төлдерін бірдейлендіру жоспарланып, 22724 құлақ жапсырмалары таратылып, қазіргі уақытта 21339 басы сырғаланып, дерек қорға 21339 басы енгізілді.

Қой мен ешкі төлдерін бірдейлендіру жоспары бойынша 210 000 бас жоспарланып, 293148 құлақ жапсырмалары таратылып, оның 204761 басы сырғаланып, дерек қорға 204761 басы енгізілді.

Сібір жарасы індетінің ошақтарына тоқталсақ, Қазақстан Республикасының сібір жарасынан станционарлық-қолайсыз пункттерінің 1948-2002 жылдар аралығындағы кадастры бойынша аудан аумағында тіркелген 19 елді мекендегі 29

сібір жарасы індет ошағының координаттары нақтыланды.

Сібір жарасы індеті ошақтарының орналасқан жерлерінің дәл координаттары көрсетілген топографиялық карталарын әзірлеу үшін ҚР АШМ Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің «Казгеодезия» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынымен келісім-шарт жасалып, ошақтардың топографиялық карталарын түсіру жұмыстары жүргізілді.

Аудан бойынша нақтыланған 29 сібір жарасы ошағының орналасқан орны толық бетонмен қоршалды.

Ішкі сауда объектілеріне келсек, облыс аумағында ветеринариялық бақылауға жататын өнімдерді сататын 4 ішкі сауда объектілері (базарлар) жұмыс жасайды. Ішкі сауда объектілерінің ветеринариялық сараптама зертханаларында жыл басынан 618 мік ұшасы, 37 жылқы ұшасы, 134 уақ мал ұшасы сараптамадан өткізілді. Облыс аумағындағы жануарларды өткізуді жүзеге асыратын 1 (мал базары) жұмыс жасайды. Жыл басынан 8287 бас МІҚ, 4787 бас жылқы, 6917 бас уақ мал, сатылған.

Сонымен қатар, аудан бойынша 4 мал сою алаңы бар. Жыл басынан мал сою алаңдарында 21 бас МІҚ, 15 бас ұсақ мал, 5 бас жылқы, малы сойылды. Мемлекеттік қызмет көрсетудің жайына келсек, ҚР Ауыл шаруашылығы Министрінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы №7-1/37 бұйрығына сәйкес жыл басынан 5 ветеринариялық-санитариялық бақылауға жататын объектілерге есептік нөмірлер беріліп, мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Ауданымыздың ветеринария саласындағы жетістіктері де айтуға тұрарлықтай. Атап айтқанда Қаракыстақ ауылдық округінде орналасқан «Табыс» шаруа қожалығы елімізді табиғи таза өніммен қамтамасыз ету мақсатында 2017 жылдың наурыз айында Украина мемлекетінен 300 бас «Голыштин» (қара-ала) сүт бағытындағы мүйізді ірі қараларды сатып алып келіп, ауданымыздың экономикасын көтеруге өз үлесін қосуда.

Жамбыл ауданы бойынша ветеринариялық қызметтің 2017 жылғы жарты жылындағы жұмыс қорытындысы бойынша жануарлардың аса қауіпті ауруларының диагностикасы және алдын алуы жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар жоспары толық көлемде жүзеге асырылды.

Қазір өңірде аса қауіпті жануарлар аурулары бойынша эпизоотиялық жағдай тұрақты.

Осы салада ұзақ жыл ауданымызда тер төгіп, еңбектенген алдыңғы толқын ардагерлерді айтар болсақ, олар: Семен Тұтқабаев, Өкен Көпжасаров, Әкімжан Ысқақов, Әсібай Сейтов, Рафаэл Сейдуалиев, Жомарт Ағыбаев, Марат Жанғожаев, Өміртай Әлімғожаев, Болат Райымжанов, Әбдібек Жақыпов, Бақыт Балаев, Марат Жидебаев, Бәкіжан Жарқынбаев, Дүйсен Жұмабаев, Саламат Алданов, Райс Ишкенов, Сейдахан Жаманбаев, Қуаныш Омаров, Ізтілеу Әпи, Серік Романов, Сабырхан Қожамбердиев, Василий Юсенов, Фарида Сулейменова, Мұрат Шамилов, Сайлау Мырзахметов, Геннадий Подскрепко ветеринария саласының маңдай алды мақтанаштары саналады.

Данияр БАЛАЕВ,
аудандық ветеринария бөлімінің басшысы.

Қабырғасы қатайып, бұғанасы бекіген аудандағы шаруашылықтың бірі Қаттаубай атындағы ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі. Ауыл тұрғындары бір тарының қауызына сыйып, өзара ынтымақ-

Табыс – айқын, көңіл – жарқын



бірлігі, қарымды тірлігі жарасып тіршілік өмір керуеніне ілесуде. Осындағы іргелі білім ордасынан ауыл жастары заман талабына сай білікті білім алса, шаруа адамдары таңның атысынан, күннің батысына дейін маңдай терлерін тамшылатып, берекелі нақандық жұмыстардың тиянағын келтіруде. Негізінен іскер азамат Арыстанбек Құрымбаев басқаратын бұл шаруашылықтың атқарған ісі өнімді, үлкен-кішісі жаз айындай жайдары көңілді бір ғана ортақ іске жұмылған. Мақсаттары ерінбей еселеп еңбек етіп, адал кәсіптің көзін тауып, татулықтың туын жықпау. Бүгінде шаруашылықтың меншігінде 6 МТЗ 80, 2 К 700 тракторы мен 2 автокөлік, 1 май тасушы көлік бар. Ұжымда барлығы 14 адам еселеп, ерте тұрып, кеш жатып еңбек көрігін қыздыруда. Биыл ерте көктемде 600 гектарға жаздық арпа сепкен болатын. Нәтижесінде, арпадан орташа түсім алып, қамбаларына дән толтырды.

Шөп шабу науқаны да жоғары деңгейде өтіп, мал азығының берік қоры жасалды. Оған дәлел, 2000 рулон шөп алдағы қысқа мал азығы ретінде дайындалып қойылды. Ұжымдағы жұмысшылардың айлық жалақысы орташа есеппен 80-90 мың теңгені құрайды. Ал, барлық механизатор мен жұмысшы, жүргізушілерге жалақыдан бөлек әрқайсысына 1,5 тонна жарылған арпа мен 50 рулоннан шөп таратылып беріліпті. Қаттаубайлықтар қазіргі таңда мал санын азайтып, тек қана жермен жұмыс істеуге көшкен. Халқымызда: “Жерге еңкейген жемісін татады”, – деген қанатты сөз бар. Соған да сай ұжым мүшелері жұдырықтай жұмылып, ортақ мақсат жолында еңбек күшін біріктіруде. Бұл ұжымда еңбек озаттары, тәжірибелі комбайншы, механизатор, автокөлік жүргізушілері көптеп саналады. Негізінен, бұлар адал еңбек қадірін түсіне білген нағыз еңбек майталмандары екенін өз істерімен дәлелдеген. Ілгері басқанның ісі ұтымды десек, қаттаубайлықтар бұл жағынан алғанда өзгелерге үлгі-өнеге бола білуде.

Т.МУҚАҒАЛИ.

ҰЛТТЫҢ ТІРЕГІ — ТІЛ

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы бойынша тамыздың 22-де Талдықорған қаласындағы І.Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында өткен «Мемлекеттік тіл – мемлекеттік қызметте» атты облыстық конкурста Жамбыл ауданының мемлекеттік қызметшілерінен құрылған «Жамбыл жұлдыздары» тобы қатысып, 1 орынға ие болды. Топ мүшелері арасында аудандық ішкі саясат бөлімінің бас маманы Нұргүл Жекебаева, Қарақыстақ селолық округінің бас маманы Ерлан Көпжасаров және Қарғалы селолық округінің бас маманы Балауса Рамазанова болды.

Тілді өркендету – баршаның ісі. Тіл тек қарым-қатынас құралы емес, ұлтымыздың биік тұғыры. Бұл ретте біздің мемлекетіміздің тілге деген жанашырлығы басым. Елбасы жыл сайынғы Жолдауында негізгі бағыттардың бірі ретінде мемлекеттік тілді жан-жақты дамытуды назарда ұстап келеді. Қоғамда қазақ тілінің мәртебесін нығайту – ел саясатының басты өзегі болып қала береді. Сондықтан тіл саясатын жастар арасында мейілінше насихаттап, оған баса назар аудару өзіндік жемісін береді деп ойлаймын.

Бану АМАНҚҰЛОВА,
аудандық мәдениет және
тілдерді дамыту бөлімінің
бас маманы.

Жуырда «Жамбыл аудандық жас-тар ресурстық орталығының» және аудандық кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастыруымен Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын басшылыққа алған өзіндік іс-шара өткізілді.

Абайды жаңаша сезіну

Онда жас ұрпақтың жауапкершілігі жоғары біртұтас ұлт болуы үшін болашаққа қалай қадам басатыны, бұқаралық сананы қалай өзгертетіні туралы көзқарастар ортаға салынды. Сонымен қатар, ашық аспан астында ұлттық рухымызды мәңгі есте сақтау мақсатында «Абай жолы» романының 75 жылдығына орай «Мен Абайды оқимын» атты шара өткізілді.

Жиын барысында ұлы ақынның өлендері мен габратты қара сөздерін жатқа оқып жүрген кітапхана оқырмандары әдеби-монтаж көрсетіп, Абайдың шығарма-шылығына байланысты қойылған түрлі сұрақтарға жауап берді. Ұлтымыздың ұлы ойшылы, данышпан Абайдың інжу-маржан қазынасын рухани жаңғыру бағытында жаңаша салмақтап оқу, түсіну бағытындағы айтулы іс-шара осылайша өз мәресіне жетті.

А.ҚОЙКЕЛОВА.



№ 4

С Е Р П І Л І С

Мақсаты – айқын, мағынасы – терең

Уақыт өткен сайын заман талабы күшейіп, қоғамнан жаһандануға сай он өзгерістерге ұмтылуды талап етуде. Осыған орай, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында мемлекетке аса қажет бірнеше тың бастама ұсынды. Оның қай-қайсысын алсақ та, мағынасы жағынан терең екенін көруге болады. Мұнда қоғамның жан-жақты дамуына қатысты барлық істер жүйелі түрде қамтылған.

Иә, мемлекетіміз өз тәуелсіздігіне ие болғалы бері бірнеше рухани жаңғыруларды бастан өткеріп, алға қарай көш түзеді. Ал, халқымыз жаппай қолдау білдірген осынау тың бағдарлама санада расында, рухани серпіліс оятты. Енді оны тереңірек зерттеп, мағынасына үңіліп оқу және жүзеге асыру әрбір азаматтың басты міндеті деп білеміз.

Майра ТҰРСЫНҚЫЗЫ.

Басты қағида: құлшыныс пен ұмтылыс

Еліміз тарихи жаңа кезеңнің табалдырығын аттады. Соған орай Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның үшінші жаңғыруының басталғанын жария етті. Ендігі мақсат – әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосылу екенін айқындады.

Сонымен Елбасы өзінің халыққа «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында ұлттық прагматизм туралы ашып айтты. Яғни, әрбір азамат өзінің ұлттық және жеке байлығын нақты біліп, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағын жоспарлай алса, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердендікке жол бермесе деген ойын

халыққа тиянақтап жеткізді.

Иә, өткен ғасырдың ортасында бар болғаны аз ғана уақыттың ішінде көз тартатын тамаша жазиралы әсем табиғатымыздың сәні кетіп, кең даламыздың шаңы шығып, құлазып қалғаны белгілі. Ендігі уақытта бабаларымыздан ұрпаққа мирас болып қалған ізгі жеріміздің қасиетін қайта түлететін кез келді. Сонымен бірге мақсатқа жету үшін жан-жақты білім алып, саламатты өмір салтын берік ұстануға кәсіби тұрғыдан дамып жетілуге, діттеген барлық істі ұтымды пайдалануға ұмтылу керектігі де нақты айтылды.

Бұл мақалада бәсекеге қабілеттілік пен ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық

емес эволюциялық жолмен дамуы жайлы тың міндеттер алға қойылды. Оған қосымша сананың ашықтығы мен таяу жылдарда жан-жақты түбегейлі жаңғыру арқылы жаңа идеяларға жол ашып, алдағы болашақты баянды етуге мүмкіндік беріліп отыр. Дәл қазіргі уақытта жаңаша жаңғыруға деген құлшыныс пен ұмтылыс біздің мемлекетіміздің ең басты қағидасы екенін де біле жүргеніміз дұрыс. Өйткені, жаңғыру жасампаздықтың жарқын көрінісі. Ол тарих беттеріне жазылып қалады.

Мырза ҚАРЖАУОВ,
аудандық қорғаныс
істері бөлімінің
басшысы, полковник.

• «АТАМЕКЕННІҢ» ЗЕРДЕ ДӘПТЕРІНЕН

«Кімде-кім өз ұлтын қадірлемесе, өз ұлтымен мақтанбаса, сатқын және қаңғыбас».

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ.

ҚАЗАҚТЫҢ ЖАНЫ...

«Қазақ ұлты басқаларға қарағанда – ерекше ұлт. Осы ұлттың тең жартысы ақындар, ал қалғаны – сол поэзияны(лириканы) жақсы түсініп, бағалайтын адамдар...».

Луи АРАГОН
француз жазушысы.

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНЫ...

«...қазақ халқы Еуразия құрлығында өзімен бірге тұрып жатқан жүздеген этностық топтармен салыстырылып, толық зерттелді. Нәтижесінде, қазақ халқы ешкімге ұқсамайтын жеке-дара, құдай айрықша бөлек етіп жаратқан өзіндік морфобиологиялық анықтамалары мен антропологиялық мәртебесі бар этнос екені дәлелденді. Осы зерттеудің арқасында қазақтың биологиялық, антропологиялық тарихы жаңадан жазылып, ешкімге ұқсамайтын жеке-дара этнос ретінде осыдан 40 ғасыр бұрын пайда болғандығы толық дәлелденді».

«...Қазақтың тарихы оның бір тамшы қаны мен қаңқа сүйегінде сақтаулы. Мұндай әрі шын, әрі нақ, әрі ақиқат ақпаратты әлемнің ешбір архивінен таба алмайсыз. Сүйек арқылы адамның нәсілін және сол халықтың тек өзіне тән генетикалық аурусырқатын да анықтауға болады».

«...шетелдіктерге қазақтың генетикалық кодын біліп алу керек. Басқа-басқа, біздің ел шетке таза қан (живая кровь) сатуды бастады. Бір тамшы қанда күллі ұлттың генетикалық заңдылығы сақталады. Әлемде 4000-ға жуық этностық қауым болса, осылардың табиғи жаратылысында жазмыштан берілген кемшілігі де болады. Осы кемшілікті дәл тапсаң, сол халықты 30 жылдың ішінде ақымақ-мәнгүрт қылып жіберуге, 50 жылдан кейін жер бетінен жоқ қылып жіберуге болады. Қазіргі құрлықаралық зымырандардың әскери құпиялығы адамның генетикалық кодының құпиясы қасында түкке тұрмайды. Осыны біздің қоғам түсінбей отыр. Халықтың гендік қорын басқаның қолына беру – сол халықты өлтірумен бірдей».

Оразақ СМАҒҰЛОВ,
антрополог-ғалым.

Ұлттық музейдің физикалық
антропология лабораториясының
менгерушісі.

«Е.Қ.», 21 маусым, 2017 жыл.

ҚАЗАҚТЫҢ АРЫ...

«...Әлсірей бастағанда дем салсын деп молда шақыртқан. Жастығынан төмен сырғыңқырап кеткен екен, күйеуі екеуі қолтығынан алып жоғары жатқызбақ болып әрекеттенгенде, құдайдың құдіреті, өлім халінде жатқан анасы оқыс кеудесін көтеріп алып, тізесіне қарай сырылып бара жатқан етегін қос қолымен бас салып тобығына дейін түсіріп, етпеттеген күйі қор етіп, жүріп кеткен. Бұл қатты таңғалып еді. Осы бір көрініс оған сұмдық әсер етті».

Несінбек ДӘУТАЙҰЛЫ.

Жуырда аудандық кітапханада «Нұр Отан» партиясы Жамбыл аудандық филиалы мен Алматы облысының жастар ресурстық орталығы КММ-ң және «Жас Отан» ЖҚ ұйымдастыруымен «Ел болашағы – жастар» атты кездесу өтті. Кездесуге «Жас Отан» жастар қанатының мүшелері және аудандық «Нұр Отан» партиясының кеңесшісі Раушан Аманқұлова, сондай-ақ, Үмбетәлі Кәрібаев мұражайының меңгерушісі Әуелбек Ысқақов қатысты. Шара барысында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласына

байланысты жас ұрпаққа тәрбие беру мәселесі және олардың қоғамда алатын орны жайлы ашық әңгіме айтылды.

Алғашқы сөз кезегінде Р.Аманқұлова жиынға қатысқан жұртшылыққа «Нұр Отан» партиясының жас ұрпаққа тәрбие беруде атқарып жатқан жұмысы жайлы мағлұмат беріп, жастарды бүгінгі таңда толғандырып жүрген мәселелері жайлы ашық әңгімеге шақырды.

Келесі кезекте Ә.Ысқақов қазіргі таңда ұлт болып қалыптасып, әлемдегі алдыңғы

қатарлы елдердің санатына қосылу үшін жастар тәрбиесіне ерекше көңіл бөлу керектігін айта келе, өткен күннің жақсы жақтарынан да үлгі алу артық еместігін еске салды. Кешегі ата-бабаларымыздың жас ұрпаққа тәрбие берудегі ұлағатты істерінен мысал келтіріп, сол сияқты жастар тәрбиесінде батырлардың сара жолы мен ақындардың жалынды жыры да таптырмас құрал екенін айтты. Ақындар мен батырлар елі атанған Жамбыл ауданында жастарға рухани азық болатын тарихи жерлер мен сәулетті

нысандардың көп екенін тілге тиек етті.

Айталық, бір ғана ЮНЕСКО-ның тізіміне енген «Таңбалы» қорық мұражайы, сонымен қатар Сүйінбай, Жамбыл, Үмбетәлі атындағы мемориалды музейлер бүкіл қазақ ұлтының мақтанышы емес пе? – дей келе, Сүйінбай, Жамбыл, Үмбетәлінің патриоттық рухтағы жырларынан үзінді оқыды.

Бұдан соң Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы аясында еліміздің барлық жерлерінде рухани тәрбие беруде көптеген тыңғылықты

істер тындырылып жатқанын айтты. Жиынға қатысып отырған жастар өздерінің көкейінде жүрген сұрақтарын қойып, тұщымды жауабын алды.

Жиын соңында ақын Әуелбек Ысқақов өзінің осы шараға арнайы жазып әкелген жастарға өсиет іспетті «Тұғыры берік сұңқармын» атты өлеңін оқып, жастардың келесі кездесуін Үмбетәлі мұражайында өткізуге ұсыныс білдірді. Аталмыш шарадан жастар өздеріне рухани азық алып, мол әсерге бөленді.

Қымбат БАЙҒАРАЕВА,
«Нұр Отан» партиясының
мүшесі, «Жамбыл аудандық
жастар ресурстық
орталығының» жетекшісі.

ӨРКЕНИЕТ ӨРІНДЕ: АҚҚАЙНАР АУЫЛЫ

Бүгінгі әңгімеміздің өзегі Суықтөбе баурайында орналасқан, аудан орталығы Ұзынағаш ауылынан батысқа қарай 25 шақырым жердегі Аққайнар ауылы туралы болмақ.

Іле Алатауы мен Жеті жол жотасының түйіскен жеріндегі тау етегінің қуаң агроклиматтық белдемінде жатқан Аққайнар селолық округі өзінің даму кезеңінде бірнеше атауға ие болған, бірнеше рет өзгеріске ұшыраған тарихы терең қызырлы аймақтың бірі.

орындар халыққа ойдағыдай қызмет етуде.

Мұндағы тұңғыш білім ошағының құрылысы Қазан төңкерісіне дейін басталғаны, онда алғашқы мұғалім Татьяна Божконың сабақ бергені туралы деректер бар. Кейін, дәлірек айтқанда, 1976 жылы екі қабатты

Сталинград қаласын қалпына келтіру үшін аттанған 88 қыздың бірі осы аққайнарлық Әсіна Бегалиева болса,

Борис Керімбаев, ҰҚК-нің полковнигі Бекет Байғазиев сынды батырларын мақтан тұтады бұл өлке. Ауылдың гүлденіп, түрленуіне үлесін қосқан азаматтарды ел үнемі құрметпен айтып отырады. Олардың арасында колхоз құрылысының алғашқы ұйымдастырушылары Әбдіқайым Мадияров, Алмабек Ақшалов, Райымжан Кенжебаев және еңбекпен шыңдалған азаматтар Қ.Әбсеметов, Б.Сенбиұлы, А.Бегалиева, Ә.Үмбетов, М.Байғазиев, М.Сейдуалиев, Қ.Қалығұлов, Б.Досмұхамбетов, Қ.Үмбетов, Ж.Көкімов, сынды жерлестерінің есімін ауыл азаматтары мақтан тұтады.

Округ орталығы Аққайнарда үш мыңға жуық халық тұрады. Қазақ, орыс, неміс, түрік, т.б. ұлттар бір шаңырақ астында тату-тәтті ғұмыр кешіп, ел игілігін еселеу жолында аянбай еңбек етіп жатыр.

Округті кезінде Қыдырбай Бейсебаев, Әлібай Айтбаев, Мұса Әбікенов, Сәрсек Темірәлиев, Тұрысжан Тұңғатаров, Руслан Мадияров басқарса, қазір Қайрат Ахметалиев сынды азамат басқарады. Елдің ертеңі үшін біріксідей атсалысып жүрген аққайнарлықтардың өркениет өрісінде өзіндік орны бар.

Е.ЕСҚОЖА.



жаңа мектеп ғимараты салынған. Сол мектептің алғашқы іргетасын қалаған Базарбай Досмұхамбетов 1966 жылдан 1976 жылға дейін мектеп директоры болып, жас ұрпақты тәрбиесі мен лайықты білім алуына зор үлес қосқан. Қазіргі таңда мектеп ақпараттық технологиялардың соңғы үлгілерімен толық жабдықталған. Онда 250 орындық асхана, 200 орындық мәжіліс залы мен 1 спорт залы, 25 кабинет бар.

Аққайнарлықтар ер етігімен су кешкен сұрапыл соғыс кезінде де елдің дамуына өзіндік үлесін қоса білді.

Әбіке Үмбетов Ұлы Отан соғысының және бейбіт еңбектің ардагері атанған ерен тұлға. Әбіке атамyzдың тұяғы Серік Әбікенұлы қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, туған жеріне бірегей жанашыр азамат.

Бұл ауылда сондай-ақ, аузы дуалы акындар мен батырлар да өткен. Қырбай сал Бозымбекұлы мен өлеңді өміріне өзек еткен Әбдіқадыр акын, Садық акын, Ауған соғысының ардагері, Кеңес Армиясының полковнигі, «Қара майор» деген лақап атымен танымал

◆ Біздің ұлттық кодымыз

Елбасы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша інкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі.

Бұл кез келген халықты әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық кодының негізі» деген еді.

Иә, туған жеріне кіндігі берік байланып қалатын біздің қазақтай шын патриот ұлт жер бетінде, сірә жоқ шығар-ау?!

«ТУҒАН ЖЕР СЕН ДЕП ҚАЙҒЫРА АЛМАСАМ...»

Бозбала кезімізде акын Төлеген Айбергеновтің «Аруана – бауыр дүние» атты өлеңін жаттап өсіп едік. Сол өлең біздің туған жерге деген ең інкәр махаббатымызды оятқан.

Аруана жаудың қолына түссе, ботасын шайнап өлтіріп, Қаралы мойнын қайтадан артқа бұрмастай халге келтіріп, Жеріне тартып отырады екен, моншақтап жасы боздаумен Омырауын шерге толтырып.

Апталап-айлап таңдайын мейлі тасбауыр шөлдер құрғатсын, Қазығын таппай тоқтамайды екен, мәңгілік тіпті күн батсын. Туған жер төсін аңсаумен өткен аруана – бауыр дүние, Сен маған осынау ақ жүрегіңмен қымбатсын.

Өмірде ұзақ жасауың үшін болғаныменен қайғы қас, Туған жер, сен деп қайғыра алмасам, тағдыр да мені бай қылмас. О бастан саған ынтызар туған аруана тектес ұл ем мен, Қазығын таппай қайырылмас.

Туған жерін қазақтай сүйетін ұлтты, туған жер туралы қазақтай жырлаған халықты жер бетінен кездестіру және қиын. Бұл феноменді бір-екі ауыз сөзбен жеткізу де мүмкін емес. Сонда бұл не құдірет, өзі? Біздің ұлттық код деп жүргеніміздің өзі сірә, осы қасиетіміз шығар. Осындайда сонау жылдары жұрттың бәрі жарыса шырқайтын, «туған жерін сүйе алмаған, сүйе алар ма туған елін?» дейтін баршаға белгілі әннің мәтіні де ойға орала кетеді.

Демек, Елбасы «Туған жер» бағдарламасын текке ұсынбапты. Елге деген махаббаты бекемдеу үшін ең алдымен туған жерге деген табиғи түйсікпен қалыптасатын сүйіспеншілікті ояту керек екен. Ол үшін сізге әрине, туған ауылыңызға ғажап ғимарат, яки сәулетті сарай, мешіт, медресе, мектеп, көпір, т.с.с. нысандар салып, құлпытрып жібер деп отырған ешкім жоқ. Олай ету шарт та емес, мұндай жұмыс қолыңыздан келмеуі де мүмкін. Сіз ең алдымен өзіңіздің аулаңызды тап-тұйнақтай етіп таза ұстаңызшы, көшеңіздің көрікті болуына мысалдай болса да үлес қосыңызшы, жетеді сол. Жерге, елге деген ықыласыңызды осылай көрсетсеңіз де «Әй, бәрекелді!» дейтіндер молынан табылады. Әрине, шама келіп жатса, одан да күрделі, одан да маңызды бір қарекеттерге аралассаңыз нұр үстіне нұр. Әрбір азамат өзінің елге деген ізгі ниетін осылай-ақ дәлелдесе, күні ертең «тамшыдан теңіз құралып» шыға келмес пе?!

Ендеше, туған жердің қадірін терең ұғыныңыздар. Туған жердің киесі мен қасиетін мақтан етіңіздер. Туған жер үшін қайғыра білмесеңіздер, басқа дүниенің бәрі тәрк екенін естен шығармаңыздар. Өзінің айтулы бағдарламалық мақаласында Елбасы да осыны әріден меңзеп отыр деп түсініңіздер...

РАЛМАС.

Ардақтым менің, Айдарлы!

Мен туған ауыл бар-ды жер бетінде, Жүз тосқам алғаш сонда желге, Күнге, Жұлдызды заңғарларды межеге алып, Ұмтылғам адам болып ержетуге.

Фарица ОҢҒАРСЫНОВА.

Жоғарыда акын жырлағандай, Әрбір қазақ баласының жүрегінде жатталған қасиетті бойтұмардай ұғым бар. Ол – ауыл. Біздің туған жеріміз өте ыстық, ол – өзіміздің алтын бесігіміз Айдарлы!

Ауыл – қазақтың қаймағы. Бұл әрине, қазақтың нағыз бет-бейнесі деген сөз.

«Бір әңгіме қозғашы ауыл жайлы. Одан артық әңгіме табылмайды», – деп Мұқағали Мақатаев жырлағандай, ауыл жайлы әңгіме – ерекше тебіреніске толы әңгіме. Нарықтық экономиканың сырын менгерген Қазақстан тұрақты түрде зор қарқынмен дамып келеді.

«Алға қарайтын кез келді. Іске кірісер кез келді. Ерік-жігерімізді танытатын кез келді!» – деп Елбасы ауыл халқына Үндеу тастады. Бүгінде алтын бесік – ауыл зор өзгерістердің бастауында тұрғандай.

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе», – деп ұлы Мұхтар Әуезов айтқан еді. Ендеше, осы бесігімізді түзеуге, оны әлемдік өркениет көшіне ілестіруге әрбір ұлтжанды азамат күш салса, қанеки!

Біздің тіліміздің бар мәйегі ауылда. Ауыл жақсарса, тілін сүйген, халқын сүйген азаматтар көптеп шығып, ел басқару ісіне араласады. Қазақ халқының көсегесін көгертетіндер қаладан емес, ауылдан шығады деп ойлаймын.

Біздің ауыл да көркейу үстінде. Мектеп күрделі жөндеуден өтті, мәдениет үйі жаңартылды. Ауылдың рухани мәдениеті жандануда. Ендігі сөз кезегі ауылдың білім кемесі – мектеп жайлы болмақ.

Айдарлы орта мектебі 1968 жылдан бері өз қызметін атқаруда. Сол ұзақ уақыт аралығында біздің мектептен талай белгілі азаматтар білім нұрымен канат қағып, өмір белесінен өз орындарын тапты. Қазір солардың барлығы туған елге қызмет етуде. Мектебіміздің қазіргі жағдайы да күннен-күнге жақсару үстінде.

Мектеп директоры Жібек Өтемісқызы Мақанованың басқаруымен біздің білім кемеміз қазіргі заман ағысындағы асау толқындармен жарыса жүзу үстінде. Татулық пен береке ұялаған аяулы мектебімізде 22 ұстаз, 15 кіші қызметкер шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлімді ұлттық тәрбие беруде.

Мектептің ауласында әр түрлі гүлдер, жеміс ағаштары желдің баяу самалымен ырғала тербетіледі. Білім бесігінің іші түрлі стендтермен, жиһаздармен

сәнденген. Кітапхана да оқушылар мен ауыл тұрғындарына қызмет етуде. Әрбір кабинетке интербелсенді тақта қойылған. Балдырған ойнап, дөңгелеп би билейтін балабақша да жаңа үлгіде әрленген. Бүлдіршіндер ойнайтын алаңға мектептің кіші қызметкерлері өз қолдарымен жасаған ертегі кейіпкерлері қойылған. Осындай игілікті көрген олар да мәз-мейрам.

Келесі жылы Айдарлы орта мектебінің ашылғанына 50 жыл толады. Соның қарсаңында алдына ақ мәрмәрден ескерткіш тасы қойылмақ. Мектеп ауласынан жылыжай салу да жобада бар. Сол жылыжайда әртүрлі көкөністер өсіріп, оқушыларға түрлі колөнер кәсібімен шұғылдануды үйретеміз. Мектепті бітірген түлектер де ауылға қайта оралып, әртүрлі жұмыстар атқаруда. Осылайша жұмыла кіріскен әрекеттің түбі берекетке бастайды деп білеміз.

Тал бесігіміз – ауылды гүлдендірсек, Қазақстанның әлемдік деңгейдегі беделі бұрынғыдан да өсе түсетіні анық. Ендеше, гүлденген ауылдар көбейе берсін! Ауылда береке болса, қалада мереке болады. Жасай бер, ардақты Айдарлым, мәңгілік елдің мәңгілік ауылы!

Әсел ДАЛАБАЕВА,
Айдарлы орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

Іңір қараңғылығы қоюланып, ел орынға отырғалы қашан. Абыр-сабыр тиылып, білте шамның жарығымен дастархандағы асқа енді ғана қол тигізіп, ерін жыбырлаған сәттегі тыныштықты көк төбеттің шабалана үргені бөліп кетті. Тіпті өршелене арпылдағаны сонша, қораға ит-құс түсті ме деген ой келген. Оның адамға шабалаңғаны киіз үйге аяқ тықыры жақындағанда анық байқалды.

– Шықшы, біреуді жазым етер, – деп апам айтқанша, Тоқан ши есікті түре сыртқа беттеді. Үйге асығыс кірген Құрал екен. Көйлегінің жағасы жұртылған. Құдды әлдекіммен төбелесіп, өші кеткендей ентіге демалады. Қолындағы баканның айыр ұшы сыртта, басын қолтығына қысып алған. Дұшпанымен айқасуға шыққандай өң-түсі жоқ. Дауысы қарлыға шығады.

– Өпке, Жамал, көтеріліп... Далаға қашып, әрең ұстадым, тез жүрмесеңіз, Жамал... – деді де, сөзінің соңын жұтып қойды.

Апам пайымдады ма, сөз аяғын күтпей-ақ кебісін киіп, дереу сыртқа шығуға жиналды. Олардан қалмай мен де Құрал ағанын үйіне тарттым. Екеуі дабырлап, әлдекімді асыға әңгімелеп келеді. Тек апамның: «Е, Алла, өзің жар бола гөр, сәбидің көрер жарығы жақындаған болды ғой...» – деп, Құдайға жалбарынғанын жазғы жайлаудың самал желі іліп әкетіп, үзіп-үзіп жеткізді.

Екі үйдің арасы жақын. Тек қой қосылмасын дегендіктен, сарқырай аққан Қарақия өзенінің екі жақ бетіне тігілген. Апам туыстығына арқа сүйейтін болар, бір жағынан Токанға бас-көз болсын деген ниеті ме, ес білгелі Қасым атаның үйімен қысы-жазы қатар көшеміз. Апамды Токан судан өткізіп әлектеніп жүргенде, мен тұмсығы онсыз да ашылған бөтенкені қолыма алып, суға қойып кеттім. Тау суының ызғары шекемнен бір-ақ шықты. Денем түршігіп, үйден жеңіл шыққанымды енді аңғардым.

– Өй, шалажансарым-ай, ертең топ ете түсесің. Су кешпе, – деген апамның сөзін елемей, өзенді шалпылдатып, арғы бетке өте шықтым. Құрал ағаның екі иті шабаланып, жатырқай қарсы алды. Есік түрүлі. Ортада жетілік шам әлсіз сығырады. Аяқ жақта әлдекімнің ыңыранғаны ма, ысылдағаны ма, әйтеуір бір тосын үн естідім. Кеудем дүрсілдеп, мені лезде қорқыныш сезімі баурады. Енді ғана ағамның «көтеріліп» деген сөзі есіме түсті. Көтерілген Жамал тәтем екен.

Апам ішке енді де, есікті түсірді. Жамал тәтем оң жақтағы көнетоз текеметтің үстінде аяқ-қолы байлаулы жатыр. Апамды көрісімен, жалынғандай дауысы қарлыға шықты. Сөйлеп жатыр.

– Ананы қарашы, маған баланды бер, – дейді. – Бермеймін, бермеймін! – деп кеудесін көтерем дегенінше, күбінің жақтауына басын оңдырмай соғып алды. Енді, «Ой, басым-ай!» деп байланған қолдарын жұлқылай түсті.

– Сен аяққа оратылмай, сыртқа шық, – деп апам маған алая қарады. Шошынасың дегені болар. Менің де көңілім алаң, одан әрі не болғанын көру үшін керегенің жақтауына жабысып тұрмын. Апам мен Құрал тәтенің қол-аяғын шешті. Апам құдды бірнәрсені сылағандай қолындағы майшамның шынысына жақындатып, ерітті. Қарсыласқанына қарамай, Жамалды сылап, сипап жатыр. Жамалдың басындағы орамалы сыпырылып, шашы қобырап бет-аузын жауып кетіпті. Көз алдыма ертегідегі шайтан елестегендей болды. Тау суы мен алыстан жеткен байғыз бен үкінің үні астасып, құлаққа түрпідей тиеді. Тас тарақтыдан тіпті шошына түсесің. Үй ішіндегі сабылыс, қарбалас тыншыр емес. Бір сәтте Жамал тәтем күш алды ма, апамның дауысы өктем шықты.

– Тайт, әрі! Шыда, ақылың қайда? Ешкім жоқ, бізден басқа. Көп тантыма, – дегенін естідім. Керіле бергенде жетілік шамды Жамал допша домалатты. Шынысы пешке тиіп сынған шамның білтесінен жарық сөнуге таяп, дірілдей түседі. Қараңғыда Құрал аға:

– Ой, қолым! Өпке, қолымды аямай шайнап тастады, – деп жан дауысы шықты. Киіз есіктің етегін ақырын түріп, ішке ендім. Мені елер ешкім жоқ. Төрдегі тайталас қозбаса, тыншыр емес.

– Өне, әжем келеді. Баланы бермеймін. Мен перімін! – деген Жамал есікке қол созып күш алды. Екеуін екі жаққа лақтырды. Апам қуатты-ақ еді, абайсызда қапы қалды ма, есік жаққа ұшып түсті.

– Өй, Құдайым-ай! Жамал-ау, есінді жишы, – деп орнынан тұра алмай жатып Құралға болысуға ұмтылды. Көзім қараңғыға үйренгеннен бе, мен енді тәтемді анық көрдім. Жанары мысықтың көзіндей жылтылдайды екен. Түндіктен түскен ай шам жарығын алмастырғандай қуыс-қуысты қуалай бастады. Түн жарымы болған-ау шамасы.

– Құрал, нәрестеге зиян келмесін, онша қыспа, – деген апамның сөзінен кейін, есіме тәтемнің аяғының ауырлығы мен соңғы кездегі сөзі түсті. Бірде шай үстінде Жамал:

– Өпке-ай, күнім жақын. Қорқамын.

ТОЛҒАҚ

ӘНГІМЕ



Өзіңіз білесіз ғой, тағы ауырып, сіздерді әлекке салмасам...

Сонда апам оның өзін қайыра сөйлеп:

– Қайдағыны айтпа, өзіне-өзің берік бол.

Түнде шырақ жағып, басыңа пышақ жаста, – деп ескерте, әрі бұйыра сөйлеген. Жамал осылай боларын білген-ау, шамасы бұрын да осылай ауырған-ау деп топшылағам.

Әл бермей қанша алысқаны белгісіз, бір кезде Құрал аға әбден титықтады ма, дауысы ширыға шықты.

– Өпке, жіберіп көрейікші, қайтер екен?

– Олай болса, мылтығы қайда, оқтаулы ма? – деді. Мені шақырып, сол жағына қарай ыңғайлады.

– Қорықпа, шамаң келсе сол қолынан ұста. Мен тағы бір көрейін.

Шырпы шағып, басынан айналдырды. Жарықпен бірге Жамал тәте де басын айналдырды. Осы сәтте көмірдей қою қара шашы бетін жауып, түкірігі жан-жағына шашырады. Сырт көзге албастыдай көрінеді. Апам өзімен өзі. Әлденені айтып, күбірлеп жүр.

– Өпке, оқтадым, – деп Құрал қолындағы мылтығын керегеге қайта ілді.

– Толғағы жиілесін, сәл шыдасак, таң да атып қалды. Көрдің бе, әлі де қуатты, қараңғыда далаға жіберсек, ұстатпай кетер, – деді апам ентіге дем алып. Сілесі қата шаршағаны байқалды.

Мына екеуі Жамал тәтемді атып тастағалы жатыр ма деген ой келді. Жүрегім аузыма тығылып, қорқыныштан дірілдеп кетсем керек.

– Бар, жатып ұйықта, саған не жоқ. «Боранды күні бала құтырады» деуші еді, – деп Құрал жинаулы жүктен көрпе алды. Жамал тәтемнің қиналғанын көргенде, ұйықтау қайда. Дегенмен, көрпеге оранып, жылынуға ниет қылғаным сол еді, Жамал қайтадан алысып, апамды бас салды. Бүркіттің түлкіге түскеніндей анамды құмарлана бүріп барады. Жаным шығып кетердей шырқырады.

– Апама тиме! – деп жанұшыра айғайладым.

Көмекке Құрал ұмтылды. Күш алған тәтемнің қимылына көз ілесер емес. Жан-жағындағыны лақтырып, тіпті, керегені табан тіреп тартқанда, тарамысы бырт-бырт үзілді. Жанталаса жүріп, әрең дегенде апамды арашалап алдық. Маңдайыма әлде бірдене тоқ ете қалды. Байқасам қан шығыпты. Қолға ілінген шүберекті бастым.

Жамалдың сонша әлденгеніне қайранмын. Әншейінде жұп-жуас еді, бүгінгісі адам таңғаларлық. Пері әйел болады деуші еді, соның өзі осы келіншек пе? Ойым он сақта. Оны кімге айтайын.

– Таң атты ғой, қазір мал өреді. Мұның

Міне, керемет. Жанталаса жүгіріп, биікке өрмелеп бара жатқан Жамал жалп етіп құлап түсті. Бытыраның біреуі тиді ме екен. Құрал шамдағайлығынан келіншегіне бізден бұрын жетіпті. Түні бойы алысып, шаршағаны ма, Жамал көкмайсада шалқайып түсіп, жайбарақат жатыр.

– Су, су...

– Су ішуге болмайды, – деді де, апам алып шыққандарын қорым шетіндегі жайлы жерге жая бастады. Келіншекті екеулеп көтермелеп жатқызды. Жоқ, Жамал бұрынғыдай емес, ерікке көнген сынай байқатады. Тек ішін бүгіп, қиналып жатыр.

– Сәл сабыр ет. Міне, былай қарай икемделші.

Апам беліндегі белбеуді қайта байлады.

– Құрал, сен көршілерге хабарла, – деді де, қиналған келіншекті баяғы мейірбан мінезімен сәбиіндей айналып, толғанды.

Енді мені жандарынан қуды. Қанша уақыт өткенін қайдам, даланы нәзік, құлаққа жағымды үн жарып кетті. Бұл жас нәрестенің үні еді... «Іңгә, іңгә» – дейді шарылдай түсіп. – Жаңағы пышақ қайда?

Жанына жақындаған маған: – Қарама, қолыңдағы пышақпен мына тұстан кес! – деп, өзі қолымының қарынан ұстады. Әлдене «сыр» етіп кесілгендей болды.

– Міне, сен енді мына «бұзықтың» кіндік тәтесі болдың? – деп апам шөкімдей ғана шүберекке оранған нәрестені қолыма ұстатты.

Жамал енді әлсіреп, қос жанарын жұмуға ыңғайланды. Апам екі бетінен әлсіз шапалақтап ұйықтатпады. Мен қолымдағы кызыл шақаны үйге әкеттім. Осы кезде көршілер де жиналды.

Екі адам Жамалды көтеріп, жайлы орынға жатқызды. Манағының бәрі ұмтылды. Самауыр қойылып, аз ғана қойлы ауыл мәре-сәре болды. Ертесіне Қиалан қария нәрестенің құлағына «Жайлау» деп үш рет айғайлады. Жарасып-ақ тұр, шынында да жайлауда туды ғой.

Жамал өзіне-өзі келгенше, апам жиі барып тұрды. Кейінірек апамнан осы жайды есіне салып: – Жамал тәтем өткенде жынданды ма, не болды? – деп сұрадым.

– Жоқ, балам. Бұл ілуде бір болатын толғақ. Үлкендер мұны ұстамасы бар әйелдерде ғана болады дейді. Жамал аяғы ауырлап, босанарда өстіп қиналатыны бар. Мұндай толғақ өмірге қауіпті. Қайта Құдай сақтады, – деп күрсінді анам.

...Міне, осы оқиға бүгін еркісіз есіме түскені. Өйткені араға отыз жыл салып, ойда-жоқта баяғы кіндік балаға кездестім. Жайлаудың екі жасында ақыры Жамал кезекті бала үстінде қайтыс болғанын естігенмін. Жеткіншек кезім болса да сол бір келіншекпен арпалысқан жайлаудағы түн тап бүгінгідей, есімнен еш кеткен емес.

Міне, менің алдымда ашық аспан астында дүниеге келген нәресте емес, ұзын бойлы, сіріңке қара жігіт тұр.

Мен өзімді таныстыруды артық көрдім. Өйткені, ол маған кіндік бала емес, жақын ағайынның қызын алған күйеубала ретінде кездесіп тұр. Халқымыздың «Тау мен тау кездеспейді, адам мен адам кездеседі» деген сөзінің жаны бар-ау. Неге екені белгісіз әңгіме арасында Жайлау:

– Тәте, мен анасыз жетім өстім. Өмірден көп қиындық көрдім. Әкем қайта үйленгеннен кейін өгей шешенің қатыгездігінен бе, ерте есейдім, – дегені.

Мұны неге айтты екен. Әлде, сол түнгі оқиғадан хабары бар ма?

Иә, «Ел құлағы – елу» деген. Қарақияның бауырында, көрші отырған шопан үйінің арасында өткен сол бір түннің әңгімесі әкесі арқылы Жайлауға да жетіп, есінде қалған шығар. Біледі. Әйтпесе осылайша ақтарылмас еді.


Жас жігіттің үйректей екі беті, сидиған бойы Жамал тәтені бір сәт көз алдыма әкелді. Япыр-ау, мұндай да толғақ болады екен-ай!



Күмісжан БАЙЖАН,
журналист-жазушы,
Қазақстан Республика-
сының мәдениет
қайраткері, Алматы
облысының және
Жамбыл ауданының
құрметті азаматы.

➤

ПОЭЗИЯ



ДӘЛ ОСЫ ТОШЫРАҚТА
ТУҒАНЫМДЫ...

Ермек Орынбасарұлы ЖҰМАТАЕВ – 1967 жылы Көкөзек ауылында туған. Белгілі айтыскер ақын, Сүйінбай мен Жамбыл жырының мұрагері. Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері. Халықаралық, республикалық, облыстық айтыстардың жеңімпазы. Қарасай аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы.

Жиырма жасынан бастап жыр додасына түсіп, Қазақстанның халық ақыны атанған Әсімхан Қосбасаров пен Әлімқұл Жамбыловтың өнегесін үйренген, Надежда Лушникова, Жолдасхан Құрамысов, Есенқұл Жақыпбеков, Нұрлан Әбдібеков сынды алдыңғы буын ұстаздарының тәрбиесімен есейген Ермек сахна төрінде сөз мәйегін ақтарып, әрдайым елі мен жерінің намысын қорғады. Оның айтулы айтыстары мен жазба поэзиясы, сатиралық шығармалары жинақталып, жеке кітап ретінде баспаға дайындалу үстінде. «Теңіздің дәмі тамшыдан» демекші, құрметті оқырмандарымыз өзіндік үні бар ақынның шығармашылығымен таныса берсін деген ізгі ниетпен бір топ өлеңдерін назарларыңызға ұсынып отырмыз.

«Атамекен» газетінің редакциясы.

МЕНИҢ ЕЛІМ

Қарасайды бар қазақ құрметтеген,
«Сүйінбай айтыста – алтын дiңгек» деген.
Қазақтың қасиетiн терiп айтып,
Артына iз қалдырған бiзге өшпеген.
Жалғасы Жамбылдайын iнi туып,
Оның да көмейiнен жыр кетпеген.
Жыр алыбы Жамбылды жалғастырып,
Шандатып «қара жорға» Үмбет келген.
Домбырасы киелi Нұрғисадай,
Күйiмен аққуды ешкiм билетпеген.
Осы бiр топырақта туған дана,
Нұрсұлтанға қарайды ел құрметпенен.
Иманды Елбасынан бата алуға,
Бар әлемнiң дiнбасы iздеп келген.
Жүрегiнде иман мен бiрлiк бар деп,
Киелi елге сiз бенен бiз деп келген.
Дәл осы топырақта туғанымды,
Алла берген өлшеусiз сый деп бiлем!

СҮЙІНБАЙ ДЕСЕ...

Бiздiң халық еске алса Сүйiнбайды,
Қырғыздағы айтады жиын жайлы.
«Бар қазақтың рухын көтерген ғой,
Нағыз шындық осы», – деп шырылдайды.
Бiздiң қазақ өз руын мактамаса,
Әйтеуір, бiр қырсығы қиылмайды.

Болғанымен белгiлi тектi екенi,
Қазақ десең жартысы шет кетедi.
Қырық руға бөлiнген осы халық,
Өз елiне сөз тiсе шорт кетедi.
Ал айтысын естiсе ақиықтың,
«Сүйiнбайдың баласы» боп кетедi.

Компартия қолдаса, кiм айтпайды,
«Сталиншiл» деп Жамбылды ұнатпайды.
«Абай қылған Абайды Мұхтар ғой» деп,
Ол жайлы да күмәнға тұрақтайды.
Ал ендi, Сүйiнбайды «Қалай?» – десең,
Ешқайсысы ешқандай сын айтпайды.

Тезге салып ақынның кесiрлiсiн,
Бала күннен бұғанаң жетiлдi шын.
Атан емес, айтыстан ару ұтып,
Сұлудың да сен алдың өтiмдiсiн.
Әр сөзiңнен толайым бiрлiк тапқан,
Бар қазақтың киесi секiлдiсiн.

Жұлдыз болып көрген жоқ сенен жарық,
Көгендi емес, түсiнде өлеңдi алып,
Тек елiмнiң елдiгiн көтерем деп
Алты алашқа атың да елендi анық.
Қазақ десе Сүйiнбай ойға оралар,
Бүкiл қазақ – Сүйiнбай деген халық!

БҮРКІТТІҢ БАЛАПАНЫ

Қанда болса, жан биiкке ынтықсын,
Ұнатсаң да ұша алмауың қырсық шын.
Бағынан да соры басым мың есе,
Балапаны болып туу бүркiттiң.

Құс ұшпайды менiң биiк басымнан,
Затым бүркiт жаралғам деп асылдан.
Тұмсығыңды көтергiн-ақ келедi,
Өлсiз мойның ұсқыныңды қашырған.

Желден қорғап таудың алып жартасы,
Тамағың тоқ, ол да атаңның арқасы.
Бар әлемдi қорғап тұрған секiлдi,
Атаң бүркiт қанатының қалқасы.

Тарылғанын сездiргендей iргенiң,
Жалғыз бауыр жаныңдағы бiлгенiң.
Тартып жеуден бiлмейтұғын басқаны,
Ол да өсiп келе жатыр күн бе күн.

Сорың басым болды ма екен бағыңнан,
Көңiлiң пәс, кең ұяң да тарылған.
Кейде шоқып, кейде шеңгел батырған,
Бауыр емес бәле шықты жаныңнан.

Ығыстырып ендi ұяның шетiнен,
Бар күшiн сап итередi төсiмен.
Қалағанын ендi қылмай қоймайды,
Сенен бұрын бұғанасы бекiген.

Бауыр, бауыр, жанашырлық қылмадың,
Жазығым не деп соңғы рет туладың.
Ұшам деген бар үмiтiң көкке ұшып,
Бiрақ өзiң төмен қарай зуладың.

Затым бүркiт, жүрсем бiрақ еленбей,
Жексұрын боп өткенiм ғой ол елге-ей!
Деген сезiм қақтырмады қанатты,
Бәлкiм бұл да дұрыс шығар дегендей.

БІЗДІҢ ЕЛДІҢ АРУЛАРЫ

Бiздiң елдiң арулары өнеге бар аруға,
Батырсың сен, бақыттысың солар жүрсе жаныңда.
Тектiлiкпен жалпы жұртқа тек жақсылық тiлеген,
Өнегелi өсиет пен қасиетi қаныңда.

Болашағың баянды рас, ару жүрсе елiңде,
Кiсiлiк пен кiшiлiктiң құдыретi тегiнде.
Бiздiң елдiң аруының қолын ұстау құрмет –
Ай да ғашық, Күн де ғашық келбеттерiн көруге.

Бiздiң елдiң арулары азаматын сыйлаған,
Ақ дастархан арнап жайып ағайынды жинаған.
Адалдықты ту қып ұстап асыл да адал жанымен,
Алған жары ардақ тұтып ақылдарын тыңдаған.

Бiздiң елдiң арулары таңғы гүлдей ашылған,
Өн бойында мейiрiм бар жалғасқан сан ғасырдан.
«Қыз тiлеуiн Алла берер» деген сөздi растап,
Тiлеу тiлеп ағайынның абыройын асырған.

* * *

Жанымнан сиреп барады адал жандар,
Көңiл қыбын айтқызбай таба алғандар.
Адалдармен алысқа бара алмадым,
Адал жандар ала алмас қамалдар бар.

Жан ашуын айтпадым амалдадым,
Жаны адалды жанымнан таба алмадым.
Жаным жақсы көргендi жақын тұтпай,
Қаным қайнап тұрғанға қарайладым.

Жаратқаны-ай, осынша төзiмдi қып,
Айта алмасам, жазбасам өзiм де ұмыт.
Бұдан кейiн жазбасам айта алмаймын,
Жаным жылап тұрады, көзiм күлiп.

Бiлмейiмiн, керек пе едi осы маған?
Жаныма күнде жара қосып алам.
Өзгелерге өтiрiк өкпе айтқанмен,
Өзiмдi өзiм қалайша кешiре алам?

ҒАШЫҚТЫҚ

Шын ғашықтық жайлы әңгiме қозғама,
Бүгiндерi ол жай әншейiн сөз ғана.
Шын ғашықтық ауылда ғой, ауылда,
Көкөзектей қасиеттi ордада.
Сенбi күнi сағат төртте келетiн,
Автобусты күтетiн бар бозбала.

Нүрсейiттiң ағашына жиналып,
Кешiктi-ау деп күтетiнбiз қиналып.
Кешкi биге күй табағын жиысып,
Пысықайлар дайындалар вино алып.
Гамал келсе сындырады-ау тағы деп,
Күй табакқа қоюшы ине алып.

Келмесе де күткен қыздың барлығы,
Сенбi болса деушi ем жылдың әр күнi.
Бес қызбенен жиырма бала билесе,
Бiлiнбейтiн ескi клуб тарлығы.
Екi сағат билеген соң есiктен,
Ақжарқынның көрiнетiн жаулығы.

«Болды, бiттi. Осыменен қайтыңдар!
Осыған да рахмет айтыңдар», –
деп жеңгемiз өшiретiн жарықты: –
«Шығыңдар-әй, iшiнде ендi қайсың бар?»
Жалғыз Гамал, «Ой, әкең-ай!» демесе,
Басқалардан басқа бiр сөз айтылмар.

Сол бес қызды шығарып сап кетемiз,
Тарлау едi батпақ едi көшемiз.
Колтықтауға таласамыз бәрiмiз,
«Мына бiр жер батпақ екен» десе қыз.
(Оның да бiр құпиясы бар едi.)
Қарсыластың сенен жолы ары едi,
«Осы қызбен жүрiп жүрмiн» десеңiз.

«Жүрiп жүрсең, амал жоқ...» деп, сөкпестен,
Келтiрмейiк кедергi деп шет кеткен,
Махаббатқа құрметпенен қарайтын,
Ол ауылда барлық бала тектi өскен.
Жеке қалған қыз даусының дiрiлi
Жадымызда қалды мәңгi кетпестен.

Жүзiп келедi өмiрiмнiң кемесi,
Махаббатсыз жүзiп келем неге осы?
Ақын ғашық болу үшiн жаралса,
Сонда ақын емеспiн бе, мен осы?
Қайдам... ғашық бола қалсам мен ендi ол –
Ауылдағы махаббаттың елесi.

ДИАБЕТ

Алға шалқып кетпесек те шеке бұзып,
Қиғаш тартып кетпесек те неке бұзып.
Ырду-дырду көп жүрдiк думандатып,
Құйысканы қызықтың көтерiлiп.

Асау едiк, жас едiк, бас бiлiп пе ек?
Жалғыз осы жалғанда тәттiлiк деп,
Сүрлеу салған жолдармен жиi жүрiп,
Iздеу салған жарларға таптырып па ек?!

Тектiлiк деп түсiндiк тентектiктi,
Еркелiк деп түсiндiк еркектiктi.
Ағайыннан алғанда аянбадық,
Одан мырза боп кеттiк берсек тiптi.

Абырой, бақ... ертерек атқа мiндiк,
Аттың белiн үзердей шақта жүрдiк.
Той, думанда бiз жүрдiк елден бұрын,
Сөйлейтiнбiз ағынан ақтарылып.

Топ боп жүрiп тойладық, жеке жүрiп,
Тек тәттiден болған жоқ бөтен үмiт.
Тәттiлiктiң түсiндiк «у» екенiн,
Қанда кант кеткенде көтерiлiп.

«Бақ дегенiң – қолдағы сынап екен,
Денсаулығың – бақыттың бұлағы екен.
Артық болса тәттi де зиян екен», –
деп ой түйiп отыр ғой диабетiң.

ЖОЛАУШЫ АҚЫН

Ақынға жүрген жақсы пойызбенен,
Жатсаң төсек, жазылған қолыңда өлең.
Қойыңдағы өлеңiң жақсы болса,
Бiраз елден биiксiң оныңменен.

Тiлегi – аман жетсек деп бiр ауыздан,
Сенiмен жылжыр бiрге бiр ауыл жан.
Мұнда да табылар ел құрақ ұрған,
Мұнда да табар сенi күнә жылдам.

Кей келiншек қасыңда сылаң қағып,
Шыға алмайды жаныңнан шыр айналып.
Сен де оған кет әрi бола алмай қап,
Бiлгiшсiнiп тұрасың былай барып.

Танысалық деп бастап дабырласып,
Дастархандас боласың қауымдасып.
Жылы-жылы сөзiңдi жаудырасың,
Болып жатпасаң дағы қазiр ғашық.


Әне-мiне дегенше кеп қаласың,
Кеп қаппыз деп есiктi бетке аласың.
Қоштасасың сыпайы сапарласпен,
Ол да кимай тұрады ептi ағасын.

Бұл жалғанда қиын-ау бармын деген,
Жасау керек болып жүр әр күндi өлең.
Бұл өмiрде бәрiмiз жолаушымыз,
Қимай кетiп бара жатқан тамбурменен.

Ермек ЖҰМАТАЕВ.

Қасиетті Суықтөбе баурайындағы Талап ауылында замана саясатынан жазықсыз жапа шеккен елімізге белгілі ақын, Сүйінбай, Жамбыл, Үмбетәлі мектебінің айтулы өкілі Молдабай Жолдыбаевтың 120-жасқа толуына орай әдеби-мәдени іс-шара өтті.

«ТӘҢІР БЕРГЕН МОЛДАБАЙ...»



Сол күні Сұраншы батыр атындағы орта мектептің алдына ауыл тұрғындары көп жиналды. Салтанатқа сай Молдабай ақынның творчествосына байланысты көркемделген көрме қойылды.



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында өткен тарихқа ой жүгіртіп, бүгінгі ұрпаққа тәлімді тәрбие беру туралы жақсы айтылған. Осыған орай Молдабай ақынды еске алуға арналған жиынға ауыл тұрғындары мен алыс-жақынан келген азаматтар, Жамбыл және Үмбетәлі музейінің қызметкерлері қатысты.

Жиынды жерлесіміз жазушы Нағашыбек Қапалбеков ашып, келген қонақтарды таныстырды. Олардың арасында заң ғылымдарының докторы, профессор Арықбай Ағыбаев, ардагер журналист, халықаралық журналистер академиясының академигі Жұмаш Арғынбаев, Мәскеу Олимпиадасының чемпионы, ұлт мақтанышы балуан Жақсылық Үшкөмпіров, ардагер журналистер Орысбай Әбілдаев пен Нұрманбет Қизатов, т.б. құрметті қонақтар болды.

Алғаш сөз алған Жамбыл ауданы әкімінің орынбасары

Дастан Шалтабаев Молдабай ақын жайлы қысқаша баяндама оқыды. Одан кейін жиынды белгілі баспагер Манарбек Ізбасаров жүргізіп отырды.

Молдабай ақын 1897 туып, 1973 жылы қайтыс болған. Көз көргендердің естелігіне назар аударсақ, үнемі қолына домбырасын алып жаз жайлау, қыс қыстауда малды ауылды аралап өсиет өлең, жыр-термелер айтқан. Бір ерекшелігі, өз творчествосымен қоса, Сүйінбай мен Жамбылдың асыл мұрасын, айтыс, дастандарын жатқа айтып, ел арасына таратқан. Яғни, ол осынау ұлы ақындардың жырларын біздің заманға жеткізуші әрі орындаушы шәкірті деген орынды. Өзі дарынды ақын болғандықтан сол кездегі замандастары талдықорғандық Мұқаш Байбатыровпен, жерлесі

бейнесінде түскенін біраз жұрт біле бермейді. Және бір өкініштісі, сол кинода Алдар көсенің айтатын әнінің мақамы осы Молдабай атамыздыкі екені

тіпті айтылмайды. Қазіргі таңда «Тәңір берген Молдабай...» атты терменің әуенімен Алдар көсе киносындағы әуен бірдей, ал осы әнің авторы әрине, Молдабай атамыз еді.

Жалпы өткенге көз жүгіртсек, Молдабай ақынның тағдыры аса тауқыметті болған. Ол алдағы уақытта терең зерттеуді қажет етеді. Бұл жиынға қатысып Молдабай ақынның «Шапағат» атты кітабының тұсаукесер рәсімін жасаған қонақтарға қазақы дәстүрмен шапан жабылды, шашу шашылды. Талап орта мектебінің оқушылары Молдабай аталарына арнаған өлеңдерін оқып, оның бірнеше жырын жатқа айтты. Ауданнан келген қонақтар мен ауыл тұрғындары арасынан шыққан өнерпаздар Суықтөбе

аспанын әнмен қалықтатты. Іс-шараның мазмұнды өтуіне, музыкалық көркемделуіне атсалысқан аудандық мәдениет бөлімінің басшысы Светлана Алтынбекованың да еңбегі айтарлықтай болды.

Жиынның соңы түрлі спорттық ойындарға жалғасып, Молдабай ақынның рухына арнайы құран оқылды. Келген жұртшылық ас дастарханынан дәм татты. Әдемі өткен айтулы жиыннан жұрт рухани ләззат алып, ақын аталарының бір-бір кітабына ие болды. Бұл да аудан жұртшылығының рухани жаңғыруына қосылған бір үлес екенін айта кеткен орынды. Суықтөбе баурайын көптен бері аты аталмай кеткен ақын Молдабай Жолдыбаевтың жырлары асқақтатқан ерекше бір күн болды. «Игіліктің ерте-кеші жоқ», – дейді халқымыз, Сол айтпақшы, Молдабай атамыздың жырлары да міне, өз оқырмандарымен қауышты деп біз де риза көңілмен аттандық.

Әуелбек ЫСҚАҚОВ,
ақын, Ү.Кәрібаев музейінің
менгерушісі.

БОЛМЫСЫ ТҮГЕЛ ҮЛГІ ЕДІ...



Мен 1988 жылы Мыңбаев ауылының орта мектебіне қызметке келгенімде Гүлбүбі Асылбекқызы қазақ сыныптарында мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары еке, бірден ерекшеленіп көзіме түскен. Өзі де мені жақын тартып, мектептің түрлі жұмыстарымен, кейбір ішкі қыр-сырымен таныстырды. Келе-келе отбасымен араластық, одан кейін қарым-қатынасымыз нығайып, достыққа ұласты.

Гүлбүбінің бір жақсы жері – шындықты бетке айтатындығы еді. Ойлап таппайтыны жоқ, өте шығармашыл, өзінің қолынан бәрі келетіндіктен тың идеяларын кеңінен іске асыра алатын ұстаз болатын. Ол этнопедагогика саласында да елеулі жетістіктерге жетті, шәкірттер арасында тәрбиелік мәні зор жұмыстар жүргізді. Гүлбүбінің бастауымен «Жыл мұғалімі» сайысы ауданда мейлінше қолдау тапты, озық тәжірибесі шартарапқа тарады. Ұлтымыздың салт-дәстүрін дәріптейтін жәдігерлерден мұражай ұйымдастырды және оны ешкімге жүктемей өзі-ақ ойып, пішіп-тігіп дайындап берді. Тәжірибе алмасуға жан-жақтан қонақтар ағылып келіп жататын.

Ал бастауышта орыс сыныбында оқып, соңынан қазақшаға ауысқан оқушыларға жетекшілік еткенде тағы да тәрбие берудің жоғарғы үлгісін көрсетті. Ұлағатты ұстаз оқушыларын қыранша баулыды, өз бойындағы бар өнерін соларға үйретуден еш жалыққан емес. Сол оқушылары домбыра оркестрін ұйымдастырып, қазақша ән айтып, ұлттық салт-дәстүрімізді сыйлайтын нағыз қазақ болып қалыптасып шықты. Иә, Гүлбүбі Асылбекқызы өзі қолға алған қай істі болсын абыроймен тиянақтайтын, осы қасиетімен үнемі бізге үлгі болатын.

Алтынбек аға мен Гүлбүбі Асылбекқызы өз балалары Мираш пен Дәмеліге, Эльмираға дұрыс тәрбие берді. Соның арқасында немерелері шетелде білім алды, қазір елімізге қайтып, әр салада тындырымды жұмыс атқарып жүр. Бастауыш сыныптан бастап Бауыржанға

ағылшын тілін үйретуімді қалап, қолқа салған да осы Гүлекең еді. Әр кезде жаңалықтың жаршысы бола білген ата мен әже Бауыржан мен Бекжанды да Отанын сүйге, халқымыздың рухани құндылықтарын сақтауға тәрбиеледі. Сондықтан да олар ойдағыдай білім алып, өз еліне айтулы азамат болып оралды. Ал Лаура болса, сол ауылда оқып-ақ мектепті «Алтын белгіге» бітірді. Ағылшын тілін жетік меңгеріп, қазір жаңашыл маман ретінде елімізге қызмет көрсетіп жүр. Осы отбасында немерелерінің оқуы мен жан-жақты тәрбиелі болып өсуіне ерекше көңіл бөлінді, балалары да белгілі тәртіп шеңберінен шықпады. Расында, кісі қызығатындай-ақ тәрбие еді бұл. Соның бәрін өз көзіммен көргендіктен, басқаларға да үлгі болар деген ниетпен жазып отырмын осы жолдарды.

Қамшының сабындай қысқа ғұмыр кімге мәңгілік тұрақ болап еді! Кешегі бірге жүрген адамның арамыздан ғайып болуы Алланың құдіреті екенін мойындамасқа амал жоқ. Ендігі лебізді өткен шаққа ауыстыруға тура келгені қандай өкінішті.

«Әдемі қартаю – тектілікпен» дейтін ұлағатты сөз бар. Біздің Гүлбүбі бұл жағынан да бәрімізге өнеге көрсетіп кетті. «Ауырдым, сырқадым, ана жерім, мына жерім ауырады» деп мұңайған кезін көрген емеспін. Қай кезде жолықсақ та, емханада болсын, үйде болсын ылғи жарқырап жүретін. Ауруға бой бермеді, өмір үшін әрдайым күресе білді. Соның арқасында сұлу қалпында «ұйықтап кетті». Әдемі жүріп-тұрғанының бәрін «балаларымның арқасы, қас-қабағыма қараған асыл жарымның арқасы» деп отыратын.

Әдетте, өзіміз күнде көріп жүрген адамдардың ішкі жан-дүниесіне үңіле бермейді екенбіз. Сөйтіп жүргенде айтылмаған талай әңгіме, бөліспеген қаншама сыр қалды десеңізші. «Жыл сайын менің туған күнімді салтаулатып кездесіп, шай үстінде әңгіме-дүкен құрып, мектептегі кездерімізді еске алайықшы» деп, былтырғы шайында ұсыныс жасап еді. Саналы өмірінің бәрін ұрпақ тәрбиесіне арнаған досымның биылғы туған күнінде еске түсіретін, айтатын, бөлісетін сырлар тіпті көп сияқты.

Гүлбүбі Асылбекқызы өмірден көрген-түйгені мол, танымы мен тәжірибесін кейінгілерге үйретуден шаршамаған, кішіге қамқор, айналасына шуағын шашып жүрген байсалды жан ретінде біздің есімізде мәңгі сақталады. Досыма Алладан о дүниенің шапағатын тілеймін. Оның болмысы түгел үлгі еді, жүрген жері де пейіш деп білемін.

Мүгүлсім ГУБАЕВА,
досы, әрі әріптесі.
Мыңбаев ауылы.

«ЭКСПО – 2017»: КӨРГЕН ДЕ АРМАНДА, КӨРМЕГЕН ДЕ АРМАНДА

Жамбыл ауданы әкімдігінің қолдауымен «Ақ әжелер» Халық ансамбілінің мүшелері Астанаға барып, әлем жұртшылығының назарын аударған. «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесін аралап қайтты. Бұл әжелер үшін үлкен қуаныш, тарихи қайталанбас кезең болды. Тамыздың 14-і күні аудандық мәдениет үйінің үлкен автобусымен Алматы-1 вокзалына шығарып салушылар – аудан әкімінің орынбасарлары, ішкі саясат бөлімінің қызметкерлері, аудан әкімінің көмекшісі, Ұзынағаш ауылдық әкімінің қызметкерлері мен мәдениет бөлімінің қызметкерлері болды. Ұзынағаш ауылдық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Еділ ақсақалдың ұйымдастыруымен жол азығымыз да дайындалды. Үлкендерді құрметтейтін аудан жұртшылығына батамызды беріп, Астанаға жүріп кеттік. Келесі күні пойыздан арнайы автобуспен күтіп алған қонақүй басшысы бәрімізді жайлы бөлмелерге орналастырып, барлық жағдайды жасап берді.

Еліміздің ғана емес, әлемнің ең жас қаласы Астана күннен-күнге сәулеттеніп, көркейіп келеді екен. Есіл жағасын бойлай орын тепкен, заманауи үлгіде салынған ғимараттар мен зәулім үйлерге қызыға қарап, түнгі Астананы тамашаладық.



Еуразияның жүрегі саналатын Ұлы дала ордасын мақтанышпен араладық. Осынау бейбітшілік пен бірлікті ту еткен, жарқын болашаққа құлаш ұрған нұрлы Астана – Елбасының ерен еңбегі мен халықтың арман-мұратының, ертеңгі күнге деген сенімінің айғағы екеніне көзіміз жетті. Келесі күні көрмені аралуға кірістік. Көрме өте жоғары деңгейде өтуде екен. Ондағы биік ғимараттар, қасиетімен алып шар көздің жауын аларлықтай. Іші таңғажайып әйнектермен безендіріліп, тап бір басқа ғаламшарда жүргендей сезім сыйлады. Мұндай ғажайып көрме шетелден келген

көрермендерді де таң-тамаша қалдыруда. Көрме тақырыбы «Болашақ энергиясы» деп аталуына сай жаңа энергия көзін ашып, еліміз көп табысқа жететін алға тартып отыр.

Бірнеше мемлекеттің көрмелерін аралап, жетістіктеріне қанықтық. Ұлттық киіммен жүрген біздерге қызығып, суретке түсіріп алғандар өте көп болды. Көрмеде концерт береміз деген ойымыз жоқ еді, бірақ үлкен алаңда бізді тоқтатып, ән айтып, өзімізді таныстыруымызды сұрап, телеарна қызметкерлері түсірілім жасады. Біз атакты Жамбыл ауданынан екенімізді мақтанышпен айтып, бірнеше ән орындадық.

Сапарымыздың үшінші күні Астананың көрікті жерлерін аралап, суретке түстік. Бәйтерек, Думан, Есіл өзенінде саяхат, Пирамида, этноауыл т.б. көп жерді араладық.

Бір байқағанымыз Астана шынында да көрікті әсем қала екен. Есілдің сол жақ жағалауы тіпті керемет. Әсіресе, бәйтеректің ұшар басына шығып, түнгі Астананы көру ерекше бір ғанибет.

Жеткен жетістігіміз бен өзге де дамушы елдердің қатарында болуымыз ол тікелей Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қажырлы еңбегінің арқасы деп білеміз. Соғанда сай әлем халықтары алдында абыройымыз асқақ, мәртебеміздің биік екенін айтсақ та болады.

Барлық уақытта хабарымызды алып, жағдайымызды сұрап отырған аудан әкімшілігінің қызметкерлеріне алғысымыз шексіз.

Шаршамай, ауырмай, Астананы аралап қайтуымыз қамымызды ойлаған басшылардың арқасы. Біз бақытты әжелерміз, батамыз жастарға тие берсін деп тілейміз!

Күміс ПАРМАШҚЫЗЫ,
«Ақ әжелер» халық ансамблінің жетекшісі.

♦ Жайдарман жаңалық

АЭРОДРОМ АШЫЛДЫ

Жуырда Үмбетәлі ауылында «Қазақстан Республикасы ұшқыштар құрама командасының капитаны», ұшқыш-спортшы, спорт шебері, халықаралық жарыстардың жеңімпазы, әлем чемпионатына қатысушы Нұрмұханбет Әбдірахманов «Ұлан» атты аэродром ашты. Бұл салтанатты жиында алғаш болып сөз алған аудан әкімінің орынбасары Қаныбек Айтжанов: «Бүгінгі ашылып

әкімімен ақылдаса отырып, осы маңнан аэродром мен авиация мектебін ашсам деп ниет білдіріп еді. Біз оны бірауызда қолдап, демеу білдіретінімізді жеткіздік. Содан бері біраз уақыт өткеннен соң, дәлірек айтқанда Үмбетәлі ағамыздың 125 жылдығында бауырымыз ұшақпен төбемізден ұшып, ақынның туған күніне арналған құттықтау қағаздарын шашу қылып шашқан еді. Өз еліне жанашыр бола білген осындай

кіндік қаным тамған ауылыма барып көкте қырандай самғайтын, Талғат ағамыз екеуміздің ізімізді басатын ізбасарлар дайындау ойымда болды. Сөйттім де ауыл маңынан жер алып, аэродром ашуды көздедім. Оны ашу да оңайға түспеді. Мен қазақ елінде авиация дамығанын дәлелдеу үшін халықаралық додаларға түсіп, оны дәлелдей білдім. Содан соң барып біздің елімізді Талғат Мұсабаев ағамыз президент болып отырған ұшқыштар федерациясы құрылды. Сол федерация құрылғаннан кейін барып Талғат Мұсабаев ағамыздың қолдауымен ісіміз алға басып, осындай жетістікке жетіп отырмыз. Алдағы уақытта бұл жерде авиациялық мектеп ашпақпын. Ұшқыш болуды армандайтын 9-10-11 сынып оқушыларын тегін оқытып, мектеп бітірген соң авиациялық оқуға түсуге мүмкіндік те алып беремін. Тек баланың соған деген ниеті мен талпынысы болса болғаны. Тіпті жақсы нәтиже көрсетіп жатқан оқушы болса өзімнің командалық құрамында өнер көрсетуге, жұмыс істеуге аламын. Бұл аэродромда аудан тұрғындарының келіп, әуеде қалықтап, ауданымыздың әсемдігін ұшып жүруге де мүмкіндік жасаймыз. Ол ақылы болғанымен, өзге аэродромдарға қарағанда едәуір арзан болмақ. Сондай-ақ, аспанда ұшуға жаны құмар барша азаматтар мен азаматшаларға есігіміз ашық. Бұл жерде ешкімнің жас ерекшелігі мен ұлтына шектеу жоқ. Аэродром халықтың игілігі үшін салынған соң, бәріне есігіміз ашық. Бала күнімізде ұшақ көрсек «Самолет, самолет, мені өзіңмен алып кет», – деп ойнап, ұшуды армандамаған адам аз десе сенбес ем. Сол арманды іс жүзіне асыратын уақыт келді жерлестеріме», – дейді Нұрмұханбет Әбдірахманов.

Елдар ЖАҚЫПБЕК.



отырған аэродром Нұрмұханбет бауырымыздың өзінің жеке инвестиция құюы арқылы ашылып отыр. Бауырымыз өзінің туған елінде, туып-өскен ауылында осындай аэродром мен авиациялық мектеп ашуды армандап жүргенін біз бұрыннан білетінбіз. Енді міне бүгін ол өзінің мақсатына жетіп, бізді де бір қуантып отыр. Болашаққа осы мектептен Талғат Мұсабаев пен Нұрмұханбеттей атакты ұшқыштар шығады деген сенімдемін», – деп келген қонақтарды құттықтады.

Аудан әкімінің орынбасарынан кейін сөз алған Үмбетәлі ауылдық округі ақсақалдарының төрағасы Бақыт Әбдібаев: – «Нұрмұханбет бауырымыз бірнеше жыл бұрын ауылға келіп, ауыл ақсақалдарымен, ауыл

азаматтар көп болса екен», – деп алғыс айтып, ақ батасын берді.

Құттықтау сөздерден кейін әуеде 1500 метр биіктікте парашютшылар парашюттармен, ұшқыштар ұшақтармен, тікұшақтармен және шағын тікұшақтармен өнер көрсетіп, көрген елдің көңілін көтерді.

«Мен бала кезден ұшқыш болуды армандадым. Сол арманымға жету үшін талай қиындықтарға да тап болдым. Бірақ, соған қарамастан алға ұмтылып, диттіген мақсатыма жете білдім. Соның арқасында республикалық, халықаралық, әлемдік жарыстарға түсіп, жеңіс тұғырынан көріне білдім. Ол менің бала күнгі арманым еді. Ол да орындалды. Бала күнгі арманым орындалған соң қайтсем де өзімнің

Жуырда № 3 Қарғалы орта мектебінің жанынан заманауи үлгіде жабдықталған жаңа физика кабинеті салтанатты түрде ашылды. Су жаңа кабинетке осы мектепте ұзақ жылдар бойы қажырлы еңбек еткен, ардагер ұстаз, Жамбыл ауданының құрметті азаматы Төлегетай Ақбауовтың есімі берілген екен. Осы игі істі Қарғалы

мәре-сәре. Мектеп оқушылары дайындаған шағын концертті тамашаладық.

Иә, «еңбек адамның көркі, адам заманның көркі», – деген осы шығар. Оқу ағарту ісінде үздік еңбек етіп, ел-жұртының ризашылығына бөленген тұлғалар қай заманда болмасын құрметке бөленетіні ақиқат. Туған жерге, оның мәде-

ТУҒАН ЖЕРГЕ ТҮ ТІККЕН



ауылының ақсақалдар алкасы көпшілікпен ақылдаса келіп, мектеп басшылығына ұсынған. Көпшілік бір ауыздан қуана келісіпті. Бұл әрине ұзақ жылдық ерен еңбекке деген зор құрмет.

Қуанышты сәтке ауыл тұрғындары, мектеп мұғалімдері, ақын-жазушылар мен журналистер қатысты. Жиынның алғашқы сөзін осы білім ошағының директоры Клара Үрпекова өзінің ізгі тілегімен бастады. Ел мақтанышына айналған ағарту ісінің үздігі Төлегетай Ақбауов басшылық еткен мектептің тізгінін ұстап отырғаны шынында мақтанарлық мәртебе екенін жасырмады.

Қарғалы селолық округінің әкімі Досбол Тұрысбеков те арнайы ықылас гүлімен келіп, ардагер ұстазға көрсетілген құрмет-қошеметке куә болды. Ізгі тілегін айтты.

Құрметті қонақтың бірі, техника ғылымдарының докторы, профессор, академик Әбдіразақ Жомартов ұлағатты ұстазға деген жүрек жарды тілегін айтып, барша қонақтарды қуанышты сәтімен құттықтады.

Жаңа кабинеттің лентасы кесіліп, әжелер шашу

ниеті мен салт-дәстүрлеріне, өнер-біліміне айрықша атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында туған жерге қатысты ұтымды ойлар айтады. Мемлекет басшысы қазақ елін көркейтіп, ұлттық құндылықтарды өскелең ұрпаққа дәріптеу мақсатында «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ерекше атап өткен еді. Біздің әңгімеге арқау болып отырған Төлегетай Қожахметұлының азаматтық ұстанымы «Туған жерге туынды тік» – деген парасатты биік мақсатқа сай келеді. Олай дейтініміз, қайраткер ұстаз сонау кеңес заманынан бері осы білім ордасында қызмет етіп келді. Еңбек жолында талай мәрте басқа жақтардан абройлы қызметтерге шақырғаны, бірақ, дарынды ұстаз атақ, мәнасап қуып сол сыйлы орындарға кетуді қаламағаны баршаға белгілі. Оның бір ғана биік мақсаты болды. Ол – туған ауылды көркейтуге тынымсыз еңбек ету еді. Міне, бүгінгі таңда өскелең ұрпаққа үлгі болатын асқақ тұлғаға айналды. Ендігі ұрпақ ағамызға қарап өссе екен дейміз!

Б.САРЫБАС.

Естімеген елде көп

600 грамм болып туған нәресте

Виктория мен Полдың 17 жастағы қызы бар. Алайда екеуі тағы бір сәби сүюді армандады. Дәрігерлер 37 жастағы әйелдің енді бала көтере алмайтынын айтқан. Алайда ерлі зайыптының бақытына орай Виктория дүниеге тағы бір сәбиді дүниеге әкелді. Жүктіліктің алтыншы айында миссис Брэдли уақытынан ерте босанып, дүниеге Франческа есімді қызды дүниеге әкелді. Оның салмағы небәрі 600 грамм болды.

Медбикелер әйелге баласының қолы мен аяғының таңбасын сыйлады. Оған қарап әлемде мұндай кішкентай адам бола ма деген ойға қаласың. Кішкентай Франческаның алақаны ересек адамның тырнағының көлеміндей, ал аяғы кішкентай тыйындай болды. Виктория қызымен қоштасуға дайын болды. Алайда, салмағы 600 граммға әрең жететін қыз аман қалды. Дәрігерлер оны аман алып қалу үшін қолынан келгенінше тырысып бақты. Франческаға қан құйылды, лазермен операция жасалды. Уақыт өте келе бүлдіршін әл жинап, томпақ сәбиге айналды.

Дәрігерлер Франческаның тірі қалғанын ғажайыпқа балайды. Қазір ол басқа балалардай ойнап, ата-анасын қуанытып жүр.



Керік әйелдер



Заманның әр кезеңінде әр түрлі сұлулықтың белгілері болды. солардың ішіндегі мына әйелдердің кербез отырысына сол кездегі сері жігіттер тәнті болған екен. Мойнына тағылған сақина лондондықтарды ерекше ләззатқа бөлеген. 1935 жылдары бұл елде осы керіктің мойнына еліктеу кең таралған үрдіс екен. Әйелдің мойнының ұзын болуы азиаттық дәстүр саналған. Сақина саны көп болған сайын соғұрлым әйел де сұлу көрінген.

Қыз ауыр ма, тұз ауыр ма?

АҚШ-тың Айова штатында тұратын Чарити Пирстің салмағы – 358 келі. Бұл салмақпен серуендеу түгілі, үйден шығудың өзі мұң. Соған қарамастан, өзіне қар тандаған.

Өзінен екі есе үлкен 22 жастағы Тони Зауэрмен бас қосқан оның ендігі арманы – той жасау. Үйлену тойын ковбой стилінде өткізуді қиялдайтын келіншек арықтауды алдына мақсат етіп қойған.

Бұл үшін ең алдымен асқазанын кішірейту керек екен. Ота жасату үшін де 120 келі салмақ тастауды көздеген ол мықты диетаға отырған. Күніне 10 000 калорияның орнына 1 200 калория тамақ ішеді. Бірақ, одан нәтиже шықпай жатқан көрінеді.



Ойынды еті он бөлек...



Бразилиялық культурист Арлиндо де Соуза – 56 жаста. Ол өз денесінің бұлшық еттері жұрт назарын аудартқанды бала кезінен армандаған. Алғашқыда күнде шыныққан. Бұған жүйкесі шыдамаған жігіт жасанды «дәрімен» емделген. Ақыры, арманына жетеді. Алайда, оған жұрттың бәрі қызығушылықпен қарай қоймайды екен. Өйткені, шектен тыс ерсі көрінетін бұлшық еттер кейде кісіні жиіркендіретін көрінеді.

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕСТЕР

Қымыздың пайдасы

Қымыздың құрамындағы «С» дәрумені сиыр сүтімен салыстырғанда он есе көп. Қымыздың құрамында жыныс гармондарына жақсы әсер ететін ферменттер бар. Бұл әйелдерді бедеуліктен, ерлерді белсіздіктен қорғайды. Қуаттандырады. Құрт ауруларының алдын алады, ауырған адамның қайта қалпына келуіне жақсы ықпал етеді. Саумал қымызды ем ретінде буын ауруларына ішсе тіпті пайдалы. Салданудың алдын алады. Жаңа босанған келіншектің сүтін молайтып, нәрлі етеді. Демек, емізулі балаға да пайдасы орасан. Ашыған қымыз шөлді басып, қантамырдың қордаланған зиянды қалдықтарын тазартады. Іш қатудың алдын алады. Аш қарынға қымыз ішу буын ауруларына өте пайдалы. Адам денесінің күш-қуатын арттырады, бүйрек пен бауырды қанықтырады, қан тамырларын тазалайды. Буын аурулары мен сүйектің қақсауын, жүйкенің жұқаруын, бас айналуын, созылмалы сары ауру (гепатит), ұйқысыздық, ішектегі жара (гастрит) сияқты аурулардың алдын алады немесе жеңілдетеді. Қымыз адамның физикалық жағдайын оңалтып, тәбетін ашады, ас қорытуды жақсартады. Дәрігерлер қымызды безгек ауруына және жөтелге қарсы ішуге ұсыныс жасайды. Қымызбен емделгенде қан құрамындағы гемоглобин эритроцит көбейеді. Тамырдың соғуы жиілеп, қан айналымы жылдамдайды. Қан тамыры жұмысы мен жүрек соғысы жақсартады. Кез келген сүттегі ең бағалы зат - ақуыз. Бие сүтінде ол 1,8 - 2 % болады. Қымызда шамамен 1,3 - 2,0% май бар.



Лимонның пайдасы



Сүйел қаптап кеткен жағдайда екі лимонның ұсатылған қабығын 30% сіркесудан 0,5 стакан құйыңыз, тығыз жабылған ыдыста кезеңдеп шайқап отырып, 8 күн ашытып, сүзіңіз. Осы тұнбада суланған тампонды, күніне бір неше рет сүйелдерге жағыңыз. Секпілдерді де кетіруге болады. Ол үшін 100 г. бал алып, бір лимонның шырынымен араластырыңыз. Осы қоспамен дәкеден жасалған майлықтарды

дымқылдатыңыз және секпілдер жабылған жерлерге 15-20 минутқа жағыңыз. Табысқа жету үшін үнемі 15-20 маска жағуға болады. Гипотония төмен қан қысымы болған кезде климатериялық кезеңінде тамақтан соң үгітілген кофе дәмдерінен 50 г., 0,5 кг. балдан және бір лимонның шырынынан жасалған қоспаны 2 сағаттан кейін 1 шай қасықтан қабылдаңыз. Қоспаны тоңазытқышта сақтаңыз. Бас ауыруы болған кезде жаңа піскен лимонның қабығын алыңыз, цедрадан тазартыңыз, қабатқа салыңыз және бірнеше уақыт ұстаңыз. Кейін терінің үстінде лимон қабығының астында қызыл таңба пайда болады, ол қызиды және қышиды, ал бас ауыруы басылады. Тістерді нығайту, егер сіз тістеріңіз ақ, ал тамырлары мықты болсын деп тілесеніз, тістеріңізді лимонның қабығымен ысыңыз. Мүйізгектерді қалай кетіру керек? Ұйықтар алдында аяқты ыстық сумен буландырыңыз, құрғақ болғанша сүртіңіз және кішкене балдыр мен лимонның қабығын – лимонның шетін мүйізгекке байлап қойыңыз. 4 - 5 күннен кейін мүйізгек толығымен жоқ болып кетеді. Аяқ сіңірінің тартылуы аяқтың табанына таңертен және кешке лимонның шырынын жағыңыз және жүрмеңіз. Аяқ кимді шырын кеппегенше кимеңіз. Емделу курсы – екі жетіден аспау керек. Тырнақтарды күту, тырнақтар икемділік пен қаттылықты жоғалтпау үшін оларға лимон шырыны мен май қоспасын жиі жағу керек. Талып қалуды емдеу кезінде 100 г. құрғақ лимон қабықтарын ұсатыңыз, 1 л. арақ құйыңыз, анда-санда шайқап отырып, 3 апта жылы жерде ашытыңыз, сүзіңіз. Күніне 3 рет 25-30 тамшыдан қабылдаңыз. Жасарту қабығымен 3 лимонды, 3 бас сарымсақ, 3 стакан мұқ жидекті сығыңыз. 7 стакан қайнатылған сумен ашытыңыз, 2 күнге салқын жерге қойыңыз, сүзіңіз, 400 г. бал құйыңыз, араластырыңыз және тағы 2 күнге салқын жерге қойыңыз. Күніне 3 рет 1 ас қасықтап ішіңіз. Бұлықты кетіру. Құлаққа 2-5 тамшы лимон шырынын тамшылатыңыз, бұл ауыруды басады және естуді жақсартады. Егер шашыңыз қайызғақ болып кетсе, 4 лимонның қабығын 1 литр суда 15 минут пісіріңіз, қайнатпаны сүзіңіз. Шашты қайнатпамен аптасына бір рет шашыңыз қайызғақтан құтыласыз.

Бананның пайдасы

Бананның құрамында 100 г. жемістің қуаты 90 ккал-ны құрайды екен. Құрамында 20% углевод, 16% қант, мұнан өзге Е, С, В6 сияқты дәрумендермен қатар, как калий, магний, натрий сияқты микроэлементтер бар, майды құрамын таба алмайсыз. Банан талшықтары ағзаға тез сіңіп, қорытылып кетеді. Егер сіздің қан қысымыңыз жоғары болса, күнделікті дастархан мәзіріне осы тропикалық жемісті енгізіңіз. Дәрігерлер күніне екі рет банан жеген қан қысымын төмендетіп, инсульттің дамуына кедергі болады дегенді айтады. Сондай-ақ, күніне тек банан ғана жесеңіз, артық салмақтан арылуға да болады. Оның негізгі екі жолы мынадай: біріншісі – қатандай , 3-4 күнге есептелген, 3 келідей салмақ тастау мүмкіндігі бар. Ол үшін бір күнде 3 банан және 3 стакан майынан арытылған сүт ішесіз, егер күніне 5 рет тамақтануды әдетке айналдырсаңыз, осы көлемді 5-ке бөлуге болады. Екіншісі – өте қолайлы, бірақ тиімділігі төмендеу (мұндай жағдайда 1 кг. артық салмақтан арылуға болады). Ұзақтығы – 3-7 күн. Күніне 1,5 келідей банан жей бересіз және қай кезде жегіңіз келсе сол кезде. Сусыныңыз көк шай болады, құмшекердің орнына қалаған мөлшерде оны алмастыратын тәттіні тұтынған жөн. Сонда бір күнде тұтынылған тағам қуаты 1300 ккал шамасында болады. Ескерту: банан құрамында белок өте аз мөлшерде болатындықтан 6-7 күн диета ұстаған жағдайда 2 жұмыртқа жеуге болады.



Бетті әзірлеген: Бақтияр АЙТАЛЫ.

Әлеуметтік қызметкердің мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жүргізу

Жамбыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің жанындағы мүмкіндігі шектеулі балаларға үйде әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшесі Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің 2015.26.03. №165 бұйрығымен бекітілген «Халықты әлеуметтік қорғау саласында үйде қызмет көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандартына» сәйкес 1,5 жастан 18 жасқа дейін мүмкіндігі шектеулі балаларға оңалту бағдарламасына сәйкес, мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып арнаулы әлеуметтік қызмет түрлерін көрсетуде, әртүрлі іс-шаралар атқаруда. Ал, 2004 жылы мамыр айында ашылып – 36 балаға 8 әлеуметтік қызметкер қызмет көрсетсе, қазіргі кезде 19 әлеуметтік қызметкер – 75 балаға үйден арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетіп отыр. Ұзынағаш, Қарғалы, Сарыбай би, Жамбыл, Қарақыстақ, Аққайнар, Қарасу, Қайназар, Таран, Шиен, Мыңбаев ауылдары қамтылған. Үйден арнаулы әлеуметтік қызмет түрлерін көрсетеді. Бұдан соң 2007 жылы мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған оңалту кабинеті ашылып, логопед, психолог мамандары – 20 балаға оңалту жұмыстарын жүргізуде. Әлеуметтік қызметкер стандартта белгіленген көлемдерге сәйкес баланың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жеке даму деңгейін арттыруға, әлеуметтендіруге және кіріктіруге бағдарланған арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетеді. Дағдыланған әлеуметтік ортада қолайлы моральдік-психологиялық жағдай жасауға, сауықтыру және әлеуметтік-оңалту іс-шараларын өткізуге бағытталған жан-жақты көмек көрсетуге жәрдемдеседі.

Әлеуметтік қызметкер баланың қызметке қажеттілігін (түрлері мен көлемін) айқындайды, оңалтудың жеке бағдарламасын ескере отырып, қажеттілігін бағалау негізінде әрбір балаға бір жыл мерзімге жеке жоспар әзірлейді, жеке жоспарда белгіленген мерзімде іске асырады. Әлеуметтік қызметкерге 4-6 баладан жүктеліп, бөлім басшысымен бекітілген кестеге сәйкес аптасына 3 рет барады, барған күні әлеуметтік қызметкер көзделген арнаулы әлеуметтік

қызметтерді есепке алу журналына тиісті белгі қояды, әзірленген жеке жұмыс жоспары бойынша 8 қызмет түрлерін көрсетеді, үйретеді, өмірге бейімдейді.

1. Әлеуметтік-тұрмыстық қызметтерге: денсаулық жағдайы бойынша әдеттегі, оның ішінде, төсектен тұру, төсекке жату, киіну және шешіну, жуыну, тамақ ішу, сусын ішу, дәретхананы немесе дәрет ыдысын пайдалану, қозғалып жүру, тісін немесе жағын күту, көзәйнекті немесе есту аппаратын қолдану, тырнағын алуды үйретеді, орындауға қабілетсіз қызмет алушыларға жеке қызмет көрсету және гигиеналық сипаттағы әлеуметтік-тұрмыстық қызметтерді көрсетеді.

2. Әлеуметтік медициналық: дәрігерге дейін көмек көрсетеді, медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізуге, тегін медициналық көмектің кепілді көлемін алуға, дәрігерлердің қорытындысы бойынша дәрі-дәрмекпен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз етуге, мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес санаторлық-курорттық емдеумен, техникалық қосалқы (орнын толтырушы) құралдармен, протездік-ортопедиялық және есту-протезді, міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге жәрдемдеседі. Әлеуметтік-медициналық мәселелер бойынша, оның ішінде жасына қарай бейімделу мәселелері бойынша консультация беруге, арнайы маманның, оның ішінде денсаулық сақтау ұйымы маманының медициналық консультация беруіне жәрдемдеседі. Денсаулыққа байланысты рәсімдерді жүргізеді (дәрі-дәрмек қабылдау, дәрі тамшылату және басқа рәсімдер), санитарлық-гигиеналық қызметтер (сүрту, жуу, гигиеналық шомылдыру), емдік-физикалық жаттығулар жасауға көмек көрсетеді, үйге дәрігер шақырту және денсаулық ұйымдарында дейін баламен, ата-анасымен ілесіп жүреді.

3. Әлеуметтік-психологиялық: әлеуметтік-психологиялық патронаж (жүйелі бақылау), қызмет алушыларға әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету, оның ішінде әңгімелесу, қарым-қатынас, тыңдау, көңілін көтеру, белсенділікке ынталандыру; қолайлы психологиялық климат

қамтамасыз ету, келіспеушілік жағдайларының алдын алу және жою үшін қызмет алушылармен бірге тұратын отбасы мүшелеріне әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсетеді.

4. Әлеуметтік-педагогикалық: қызмет алушыларға олардың алдында тұрған әлеуметтік-педагогикалық проблемаларды дұрыс түсінуде және шешуде білікті көмек көрсетуді қамтамасыз етеді; балаларға жеке гигиена дағдыларын, сенсорлық және когнитивтік дағдыларын қалыптастыру, тұрмыстық бағдарлану негіздеріне, тамақ пісіру, киім жөндеу, тұрғын жайды күту, аумақты жинау және жабдықтау сияқты тұрмыстық рәсімдерді, балаға қажетті өмірлік дағдыларды оңалту және қалыптастыру негіздеріне үйрету, отбасы мүшелеріне үй жағдайында оңалту іс-шараларын көрсетуге бағытталған білімдердің қажетті көлемін қамтамасыз етеді. Отбасы мүшелеріне балаларды мектепке дейін тәрбиелеу және олардың арнаулы оқу бағдарламалары бойынша білім алуы үшін жағдайлар жасайды, тәрбиелік жұмыстар мен оқытудың табысты және нәтижелі жүргізілуіне мүмкіндік береді, кәсіптік білім алуға, таңдаған кәсіптері бойынша жұмыс істеуге жәрдемдеседі.

5. Әлеуметтік-енбек: ТҚА бұзылған балаларды, мүгедектерді кәсіптік бағдарлау, қызмет алушылар мен олардың отбасы мүшелерін үй еңбегін ұйымдастыруда консультация береді.

6. Әлеуметтік-мәдени: мерекелер мен тынығу іс-шараларға қатысуға (туған күндер өткізу, экскурсиялар ұйымдастыру, театрға, көрмелерге, концерттер мен басқа да іс-шараларға бару), клуб және үйірме жұмыстарын ұйымдастырады және жүргізеді.

7. Әлеуметтік-экономикалық: қызмет алушыларға жеңілдіктер, жәрдемақылар, өтемақылар мен басқа да төлемдерді алуға жәрдемдеседі, қызмет алушылар үшін мүдделі мәселелерді шешуде уақытылы, толық, білікті және тиімді көмек көрсетуді қамтамасыз етеді, өзін-өзі қамтамасыз ету және материалдық жағдайын жақсарту жөнінде консультация беру қызмет алушыларға немесе олардың отбасы мүшелеріне отбасылық кәсіпкерлікті, үй кәсіпшілігін дамытуда олардың құқықтары мен мүмкіндіктерін

түсіндіреді және өзінің материалдық жағдайын және отбасының өмір сүру деңгейін қолдау және жақсарту мәселелерін шешуде білікті көмек көрсетеді.

8. Әлеуметтік-құқықтық қызметтерге: арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету саласында және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмек алу құқығымен байланысты мәселелер бойынша заңгерлік консультация беру, заңды мәні бар құжаттарды ресімдеуге қызмет алушылардың заңды құқығын бұзатын немесе шектейтін ұйымдардың әрекетіне немесе әрекетсіздігіне өтініш дайындауға және беруге, әлеуметтік төлемдерді алуға заңгерлік көмек, жәрдемақыларды, басқа да әлеуметтік төлемдерді сенімхат бойынша алу, қызмет алушыларға немесе олардың отбасы мүшелеріне жасалған дене және психологиялық зорлыққа кінәлі адамдарды қылмыстық жауапқа тартуға, Кодекске сәйкес қамқоршылық немесе қорғаншылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарға балаларды, оның ішінде ТҚА бұзылған балаларды асырап алуға, қорғаншылыққа, патронатқа, қамқоршылыққа алуға, қызмет алушыларды арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін мекемелерге, ұйымдарға орналастыруға, сондай-ақ стационарлық және жартылай стационарлық үлгідегі ұйымдарға құжаттарды, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссияға балаларының, оның ішінде ТҚА бұзылған балалардың тәрбиесінен жалтарған ата-аналардың үстінен ұсынымдар ресімдеуге, жеке басын куәландыратын құжат және заңды мәні бар басқа да құжаттар алу үшін құжаттарды ресімдеуде заңгерлік көмек көрсетуге, Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне, «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 желтоқсандағы Заңында белгіленген жағдайларда және тәртіппен адвокаттың тегін заңгерлік көмегін алуға жәрдемдеседі.

Жүргізілген іс-шараларды және тоқсан сайынғы мониторинг қорытындыларын жеке жоспардың орындалуы (мониторингі) жөніндегі журналда/электрондық картотекада әрбір балаға жеке-жеке көрсетеді.

Жамбыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі.

Работа социального работника с детьми с ограниченными возможностями

Отдел занятости и социальных программ Жамбылского района, отделение социального обслуживания на дому детей с ограниченными возможностями на основании Стандарта «Оказания специальных социальных услуг в области социальной защиты населения в условиях оказания услуг на дому» утверждённый приказом Министерства труда и социальной защиты населения №165 от 26.03.2015 года оказывает специальные социальные услуги на дому детям от 1,5 года до 18 лет на основании индивидуальной программы реабилитации нужд и потребностей инвалидов. В мае 2004 года было открыто отделение социального обслуживания на дому детей с ограниченными возможностями где обслуживались 36 детей работали 8 социальных работников, на сегодняшний день в отделении стоят на учете и обслуживаются 75 детей и работают 19 социальных работников. По району охвачены социальным обслуживанием дети проживающие в селах Ұзынағаш, Қарғалы, Сарыбай би, Жамбыл, Шиен, Каракастек, Аққайнар, Қайназар, Таран, Мынбаев. В 2007 году был открыт реабилитационный кабинет, 20 детей ходят на реабилитационные мероприятия к специалистам психологу и логопеду.

Социальный работник предоставляет специальные социальные услуги в соответствии с установленным стандартом объемами, с учетом индивидуальных потребностей детей, ориентированных на повышение уровня их личностного развития, содействует в создании благоприятного морально-психологического климата в привычной социальной среде, оказывает разностороннюю помощь направленных на проведение оздоровительных и социально-реабилитационных мероприятий.

Потребности (виды и объемы) детей в специальных социальных услугах определяются социальным работником. На основе оценки потребностей с учетом индивидуальной программы реабилитации инвалида социальный работник разрабатывает индивидуальный план работы на каждого

ребенка сроком на один год. Реабилитационные мероприятия, отраженные в индивидуальном плане. Нагрузка на одного социального работника 4-6 детей. Согласно графику утвержденным руководителем организации социальный работник посещает детей 3 раза в неделю, дни посещения отражаются в журнале учета предоставленных специальных социальных услуг. Социальным работником в установленные индивидуальным планом сроки проводятся 8 специальных социальных услуг.

1. Социально-бытовые услуги: оказывают социально-бытовые услуги индивидуального и гигиенического характера, неспособных по состоянию здоровья выполнять обычные житейские процедуры, в том числе такие действия, как встать с постели, лечь в постель, одеться и раздеться, умыться, принять пищу, пить, пользоваться туалетом или судном, передвигаться, ухаживать за зубами или челюстью, пользоваться очками или слуховыми аппаратами, стричь ногти.

Обучают членов семьи практическим навыкам индивидуального обслуживающего и санитарно-гигиенического характера.

2. Социально-медицинские услуги: оказывает доврачебную помощь, вызывают врача на дом и сопровождают в организации здравоохранения содействуют в проведении медико-социальной экспертизы, в получении гарантированного объема бесплатной медицинской помощи, в обеспечении по заключению врачей лекарственными средствами и изделиями медицинского назначения, в обеспечении санаторно-курортного лечения, техническими вспомогательными (компенсаторными) средствами, обязательными гигиеническими средствами, в получении протезно-ортопедической и слухопротезной помощи в соответствии с индивидуальными программами реабилитации инвалидов, обучают пользованию техническими вспомогательными (компенсаторными) и обязательными гигиеническими средствами. Проводят процедуры, связанные со здоровьем (прием лекарств, закапывание капель и другие

процедуры), оказывают помощь в выполнении лечебно-физических упражнений.

3. Социально-психологические услуги: проводит социально-психологический патронаж (систематическое наблюдение), оказывают социально-психологическую помощь ребенку и членам семьи, в том числе беседы, общение, выслушивание, подбадривание, мотивация к активности.

4. Социально-педагогические: проводит социально-педагогическое консультирование, содействуют в получении образования детей по специальным учебным программам в соответствии с их физическими и умственными способностями на дому и общеобразовательных школах, обучают детей основам бытовой ориентации и ручной умелости, услугам по формированию навыков самообслуживания, личной гигиены, поведения в быту и общественных местах, самоконтролю, навыкам общения и другим формам жизнедеятельности. Консультируют членов семьи по вопросам создания условий для дошкольного воспитания детей и получения ими образования по специальным образовательным учебным программам. Обучают членов семьи формированию необходимых жизненных навыков у детей в домашних условиях.

5. Социально-трудовые услуги: профессиональная ориентация детей, консультируют и членов их семей в организации надомного труда.

6. Социально-культурные услуги: проводит праздников, юбилеев, дней рождения, экскурсий, посещения театров, кинотеатров, выставок, концертов и других культурных и досуговых мероприятий.

7. Социально-экономические услуги: содействует в получении полагающихся льгот, пособий, компенсаций, алиментов и других выплат, улучшает жилищных условий в соответствии с законами Республики Казахстан от 16 июня 1997 года «О государственных социальных пособиях по инвалидности, по случаю потери кормильца и по возрасту в Республике Казахстан», от 5 апреля 1999 года

«О специальном государственном пособии в Республике Казахстан», от 17 июля 2001 года «О государственной адресной социальной помощи», от 28 июня 2005 года «О государственных пособиях семьям, имеющим детей» и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан;

8. Социально-правовые услуги: юридически консультирует в области предоставления специальных социальных услуг и по вопросам, связанным с правами на социальное обеспечение и помощь в соответствии с законодательством Республики Казахстан, помогает в оформлении документов, имеющих юридическое значение, в получении бесплатной юридической помощи адвоката, оказывает юридическую помощь и содействует в получении установленных законодательством льгот и социальных выплат, по доверенности пособий в порядке установленном Гражданским кодексом Республики Казахстан, в привлечении к уголовной ответственности лиц, виновных в физическом и психическом насилии, совершенном в семье над детьми или членами их семьи, содействует органам, осуществляющим функции по опеке или попечительству, в устройстве детей, в том числе с нарушениями ОДА, на усыновление, попечение, патронат, под опеку, в соответствии с Кодексом. Содействует в оформлении документов для трудоустройства, получения документа, удостоверяющего личность и других документов, в устройстве получателей услуг в учреждения, организации, предоставляющие специальные социальные услуги, в том числе оказание помощи в оформлении документов в организации стационарного и полустационарного типа, оформляет представления на родителей, уклоняющихся от воспитания детей, в том числе с нарушениями ОДА, в комиссию по делам несовершеннолетних.

Проведенные мероприятия и итоги ежеквартального мониторинга социальный работник отражает в журнале/электронной картотеке по выполнению (мониторингу) индивидуального плана отдельно на каждого ребенка.

Отдел занятости и социальных программ Жамбылского района.

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ – ӘР АЗАМАТТЫҢ БОРЫШЫ

Жамбыл ауданы Әкімінің 2017 жылғы 17 наурыздағы №86 «Қазақстан Республикасының азаматтарын 2017 жылдың қыркүйек-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке ер азаматтардың кезекті шақыруын ұйымдастыру және қамтамасыз ету» туралы Қаулысының негізінде Жамбыл аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне және басқа да әскери құралымдарға күзгі мерзімдік әскери қызметке 18 жас пен 27 жас аралығындағы азаматтарды шақыру науқаны басталды.

Мерзімдік әскери қызмет алынатын азаматтар 18 жас пен 27 жас аралығындағы медициналық комиссия қорытындысының шешімі бойынша денсаулығы жарамды, сотталмаған азаматтар қабылданады, олар өз міндеттерін орындап 1 жыл әскери қызметті атқарып келуі қажет.

Мерзімді әскери қызметтен босатылатындар – күндізгі бөлімде жоғарғы оқу орнында оқитындар, жанұя жағдайына байланысты, денсаулығы жарамсыз болып табылатындар және тағы басқа себептермен босатылатындар.

Мерзімді әскери қызмет өтіп келген соң жоғарғы әскери оқу орындарына оқуға түсуге болады және келісім шарт бойынша әскери қызмет атқаруға болады.

Осы келісім шарт бойынша әскери қызмет туралы тоқталар болсақ, сержанттар мен солдаттар құрамында қызмет атқаруға қабылданатын азаматтар келесі талаптарға сай келуі қажет – жас шамасы 30 жастан жоғары болмау қажет, сотталмаған, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарынан, құқық қорғау органдарының және мемлекеттік қызметтен теріс қылықтармен қызметтен босатылғандар қабылданбайды.

Келісім шарт бойынша қызмет атқаратын әскери қызметшілерге көрсетілетін әлеуметтік көмектер келесі –

- 1). лауазымы бойынша ай сайынғы жалақы және демалысқа шыққан кездегі 2 айлық лауазымдық жалақы;
- 2). қызметтік пәтер беріледі немесе пәтер жалдап тұрғандарға пәтер ақысы өзіне және отбасы мүшелеріне төленеді;
- 3). тегін медициналық емделу және өз лауазымы бойынша тұрған мамандыққа жоғарғы оқу орнында сыртқы бөлімде оқыса Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі тарапынан 50% оқудың ақшасын төлеуге көмек көрсетіледі;
- 4). 47 жасқа келген соң 25 жыл еңбек стажымен зейнетке шығып мемлекеттік зейнет ақысын алады;
- 5). тұрақты жауынгерлік дайындықтағы әскери бөлімдерде жеке құраммен жұмыс

жасайтын келісім шарттағы әскери қызметшілерге күнделікті түскі аспен қамтамасыз етіледі.

Әскери қызметтің ауыртыпалығын сапта тіктей тұрып қарсы алған әрбір әскери қызметшіні – мемлекет ұмытпай оның еңбегі мен қызметін жоғары бағалап, оған және отбасы мүшелеріне жоғарғы деңгейде жағдай жасайды.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің қорғаныс қызметін арттыруда, жауынгерлік дайындықты жоғарылату мақсатында, әскери қызметтің престижін көтеруде, кәсіби армия құруда және кәсіби мамандармен толықтыру үшін Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561 «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің статусы» туралы Қазақстан Республикасының Жарлығымен бекітілген Заңына 2017 жылдың 13 маусымында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен өзгерістер енгізілді.

Қазақстан Республикасының «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің статусы» туралы Заңына енгізілген өзгерістер келесідей:

- 1). ақылы түрде әскери техникалық мектептерде оқуға бұрын 22-27 жас аралығындағы азаматтар қабылданатын – жаңа өзгерістер бойынша 24-27 жас аралығындағы азаматтар қабылданады;
- 2). Қазақстан Республикасының «Әскери қызмет және әскери

қызметшілердің статусы» туралы Заңының 17 бабы бойынша селолық (ауылдық) әкімдер аудандық шақыру пунктіне әскерге шақырылатын азаматтарды алып келуге міндетті;

- 3). келісім шарт бойынша сарбаздар мен кіші сержант құрамына тағайындалатын азаматтардың жасы 30 жастан жоғары болмау қажет;
- 4). мемлекеттік қызметтен, құқық қорғау органдарынан және әскери қызметтен теріс қылықтармен босатылғандар келісім шарт бойынша қызметке қабылданбайды;
- 5). 2018 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тұрақты жауынгерлік дайындықтағы әскери бөлімдерінде взвод, рота командирлері және сарбаздар мен сержанттар лауазымында әскери қызмет атқаратын әскери қызметшілер жұмыс күндері түскі аспен мемлекет тарапынан тегін қамтамасыз етіледі.

Занда қабылданған жаңа талаптар мен жаңалықтар келешекте Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік дайындығын жоғарылатады және кәсіби мамандармен толықтырады деген сенімдеміз.

Сұлтан ҚАЛЫБАЙ, Жамбыл аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығының орынбасары, подполковник.

Шағымданушы тараптар сотқа әділдік іздеп,зандылық орын алса деген үмітпен келеді. Азаматтардың бәрі құқықтық сауаттылық жағынан жетілген дей алмаймыз. Тіпті, қарапайым талап арыз жазу барысында түрлі

Медиация жайында шағымданушы тараптар соттан ғана естиді

кемшіліктер кетіп жатады.Содан көбісі занды өкіл мен қорғаушылар алады. Соның өзінде талап арыздар заң талаптарына сай жазыла бермейді. Сол себепті, сотқа түскен талап арыздың кейбірі кері қайтарылып,іс қозғалыссыз қалып жатады.Бұлай болуының өзіндік себептері бар болғандықтан мұны сотқа жүгінуші тараптар түсіне бермейді. Мысалы ретінде, көп жағдайда талап арыздың қайтарылуына Азаматтық процессуалдық кодексінің 150-151 баптарының талаптарына сәйкес келмеуі себеп болып жатады. Аталған фактілер, орын алған жағдайда судья, талап арызды қозғалыссыз қалдырып, кемшіліктерді жою үшін мерзім береді. Егер де белгіленген мерзімде кемшіліктер жойылмаған жағдайда талап арыз кері қайтарылады.

Талапкер арызды қайтару туралы судьяның ұйғарымына жеке шағым, немесе наразылық келтіруге құқылы.

Ж.А.БЕИМБЕТОВА, аудандық сотының судьясы.

МЕДИАЦИЯ ТУРАЛЫ

«Медиация туралы» заң дала даналығының дара заңдылыққа айналуының нақты көрінісі. Елімізде қолданысқа енген «Медиация туралы» заң сот жүйесіне жаңашыл өзгеріс енгізіп, дауды шешудің тағы бір тиімді жолын айқындап берді. Бұл заң қолданысқа енгізілгенге дейін талай құқықтық сүзгіден өтті. Өзге елдердің тәжірибесі араланып, оның өзі еліміздің құқықтық негізімен ұқсастығы, айырмашылығы ескерілді. Көптеген зерттеушілер сотқа дейінгі бітімге келу институттарының дамуын бақылап, оның халықаралық стандартқа сәйкестігін басты назарға алып отыр. «Медиация туралы» заң осы тынымсыз ізденістің қортындысы болды. Медация – үшінші бейтарап тұлға – медиатордың көмегімен іске асырылатын соттан тыс дау жанжалды шешу рәсімі. Медиация дауды балама шешудің неғұрлым жұмсақ нысаны болып табылады. Медиацияның тиімділігі жөнінде тағы бір ескерге кететін жайт мұнда екі тарап ортақ келісімге келетіндіктен, шешімнің орындалу деңгейі жоғары болмақ. Соттағы іс жүргізу процесінен айырмашылығы, медиация еркін процесс.

С.АСҚАРОВА, аудандық соттың бас маманы, сот мәжілісінің хатшысы.

Тергеу судьясы және адам тағдыры

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енген Қылмыстық процесік тұлға тергеу судьясы туралы норма енгізген.

Тергеу судьясы – бірінші сатыдағы соттың судьясы, оның өкілеттілігіне қылмыстық сот ісін жүргізуде адамдар құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына сот бақылауын жүзеге асыру жатады.

Сотқа дейінгі іс жүргізу барысында тергеу судьясына мынандай өкілеттіліктер берілген: күзетпен ұстауды санкциялау, ұйқамақты санкциялау, лауазымынан уақытша шеттетуді санкциялау, жақындауға тыйым салуды санкциялау, күзетпен ұстау, экстрадициялық қамақ мерзімдерін ұзарту, кепілді қолдану, мүлікке тыйым салуды санкциялау, күзетпен ұсталмайтын адамды сот-психиатриялық, сот-медициналық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыру, бұрын өзіне қатысты күзетпен ұстау қолданылған адамның психикалық ауру фактісін анықталған кезде, оны ауруларды қатаң оқшаулау жағдайында ұстауға лайықталған, психиатриялық көмек көрсететін арнаулы медициналық ұйымға ауыстыру, мәйітті эксгумациялау, күдіктіге, айыпталушыға



халықаралық іздеу жариялау мәселелерін қарайды.

ҚР дамыған мемлекеттердің отыздығына кіру жөніндегі «100 нақты қадам» жоспарының 22-қадамына сәйкес адамның және азаматтардың конституциялық құқын шектейтін барлық тергеу жөніндегі өкілеттілікті тергеу судьясына біртіндеп беру көзделген. Сол себепті болашақта тергеу судьясының өкілеттігі ауқымды, жауапкершілігі мол болғалы отыр. Тергеу судьясы өзіне осы жүктелген міндеттерді абыроймен атқаратынына толық кепіл береді.

Г.БАШЕК, аудандық соттың кеңсе меңгерушісі.

«ЭКСПО-2017» Халықаралық көрмесі: маңыздылығы, экономикалық тиімділігі және келешекке көзқарасы

Кезекті «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесін өткізуге ел мәртебесі Қазақстанның елордасы Астана қаласына бұйырғандығы 2012 жылдың 22 қарашасында Францияның астанасы Париж қаласында өткен ХҚБ-нің ЕХРО халықаралық бюросы Бас ассамблеясының 152-ші сессиясы барысында белгілі болды. Жасырын дауыс беру қортындысы бойынша ХҚБ-ның 103 мүше мемлекеті Астана қаласына дауыс берсе, біздің бәсекелесіміз бельгиялық Льеж қаласы 44 дауыс жинаған. Біздің елдің ұйымдастырушылардың тарапынан ұсынылған Future Energy, яғни Болашақ қуаты тақырыбы сарапшылардың көпшілігінің көңілінен шығып, «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесінің тақырыбында қолдау тапты. Қазақстан тарапынан барған ұйымдастырушылар Астанада өтетін «ЭКСПО-2017» көрмесінің басты тақырыбы ретінде «Болашақтың энергиясы» атты тақырыпты ұсыну себебі, ол ең алдымен, баламалы энергия көздерін дамытуды, энергетикада сапалы өзгерістер жолы мен оны тасымалдау тәсілдерін іздестіруге бағытталғандығы болып табылады. Екіншіден,

орнықты энергиямен жабдықтау осы күнде жаһандық көлемдегі негізгі мәселе болып саналады және оны шешу экономикалық өсімді қамтамасыз ету және қоршаған ортаға келер зиянды төмендетуге септігін тигізеді. Үшіншіден, Қазақстанның бұл тақырыпты таңдауының басты негізі – еліміздің дәстүрлі энергиялық ресурстардың елеулі қорына ие бола отырып, баламалы энергия көздерін пайдалану жөніндегі шараларды дәйекті түрде қабылдауда және «Жасыл» экономика құру бағытын ұстанғандығы.

Қазіргі уақытта «ЭКСПО-2017» көрмесі өтуде, ол 10 қыркүйекке дейін жалғасады. «ЭКСПО-2017» – еліміздің болашағы, жастардың үміті. Энергия, адам мен космостың арасындағы байланыс, энергияның балама көздері тақырыбы елордамыз Астана қаласында өткізіліп жатқан халықаралық мамандандырылған көрме ең бір қызықты, өмірдегі маңызды оқиғалардың біріне айналды.

Г.МАЛЫБАЕВА, аудандық соттың жетекші маманы.

Пособия лицам, работавшим на вредных и тяжелых работах

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 13.07.1999 года №414 «О государственном специальном пособии лицам, работавшим на подземных и открытых горных работах, на работах с особо вредными и особо тяжелыми условиями труда или на работах с вредными и тяжелыми условиями труда» граждане имеют право на получение ежемесячного пособия.

Ежемесячное пособие в размере 9,42 месячных расчетных показателей (МРП утверждается законом о республиканском бюджете на соответствующий год) назначается гражданам, имевшим по состоянию на 1 января 1998 года стаж работы по Списку №1 производств, работ, профессий, должностей и показателей на подземных и открытых горных работах, на работах с особо вредными и особо тяжелыми условиями труда, утвержденному Правительством Республики Казахстан:

Мужчины по достижении 53 лет при стаже работы не менее 20 лет, из них не менее 10 лет на указанных работах.

Женщины – по достижении 48 лет при стаже работы не менее 15 лет, из них не менее 7 лет 6 месяцев на указанных работах.

Ежемесячное пособие в размере 8,38 месячных расчетных показателей назначается гражданам, имевшим по состоянию на 1 января 1998 года стаж работы по Списку № 2 производств, работ, профессий, должностей и показателей на работах с вредными и тяжелыми условиями труда, утвержденному Правительством Республики Казахстан.

Мужчины – по достижении 58 лет при стаже не менее 25 лет, из них не менее 12 лет 6 месяцев на указанных работах.

Женщины – по достижении 53 года при стаже работы не менее 20 лет, из них не менее 10 лет на указанных работах.

Для назначения государственных специальных пособий в районные (городские) отделения Центра по месту жительства предоставляются следующие документы:

- 1) копия документа, удостоверяющая личность;
- 2) документ, подтверждающий регистрацию по постоянному месту жительства (копия книги регистрации граждан, справка адресного бюро, справка сельских и/или аульных акимов);
- 3) трудовая книжка;
- 4) справка организации, подтверждающая характер работы или условия труда, по установленной форме;
- 5) в случае ликвидации организации представляется архивная справка с указанием места работы, занимаемой должности, профессии, периодов работы, номера архивного дела, его страницы, заверенная печатью и подписью директора архива и архивариуса;
- 6) при отсутствии архивных документов особый характер работы или условия труда и их соответствие Списку № 1 производств, работ, профессий, должностей и показателей на подземных и открытых горных работах, на работах с особо вредными и особо тяжелыми условиями труда или по списку № 2 производств, работ, профессий, должностей и показателей на работах с вредными и тяжелыми условиями труда, утвержденными постановлением Правительствам Республики Казахстан, устанавливается через судебные органы;

Получить подробные консультации по конкретным профессиями можно получить в отделениях Департамента – филиал НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан «по Алматинской области по месту жительства заявителя.

А.ДАНДИБАЕВА.

Жедел профилактикалық іс-шаралар

«Конституция күнін» мерекелеу қарсаңында көшелерде және басқа да қоғамдық орындарда тиісті құқықтық тәртіпті сақтау, қылмыстарды ескерту және жолын кесу мақсатында, ағымдағы жылғы 23-25 тамыз аралығында Республика бойынша «Құқықтық тәртіп» жедел-алдын алу іс-шарасы, 14-17 күндері аралығында «Шартты» жедел-алдын алу іс-шарасы, 18-20 аралығында облыс аумағында «Жасөспірім» атты рейдтік іс-шаралар, 16-20 тамыз аралығында «Қауіпсіз жол» атты профилактикалық жедел іс-шарасы Жамбыл ауданы көлемінде болып өтті.

Анар КАРБОЗИНА,
Жамбыл АІПБ жергілікті полиция қызметінің аға инспекторы,
полиция капитаны.

Сальмонеллез – жұқпалы ауру

Сальмонелез – Жұқпалы ауру. Бұл ауру тамақ арқылы жұғатын ауру. Ол асқазан – ішек қызметінің бұзлуымен қатар жүреді. Ауданда сальмонелез жұқпасымен 2009 ж- 1 жағдай тіркелген, оның ішінде 14 жасқа дейінгі-1, (100 мың адамға шаққанда көрсеткіш-0,8 пайызды құраған, оның ішінде 14 жасқа дейін 3.3), 2010 ж. 1 жұқпа (0.7). 2011-2017 жылдар бойы бұл жұқпа тіркелген жоқ. Бұл ауру қоздырғыштары сальмонелы деп аталатын микробтар. Сальмонелез микробтары ет және сүт өнімдеріне жақсы өніп көбейеді. Ол әсіресе тез бұзылатын баурдан жасалған шұжық, тартылған еттен жасалған тағамдар, сүт және жұмыртқа сияқты өнімдерде жақсы өседі. Тамаққа сальмонелез көздырғыштарын ауру адам тамақ, ас дайындау кезінде жұқтыруы мүмкүн. Тағамдардың сақталу ережелері бұзылғанда,

яғни тез бұзылатын тағамдар салқын жерде сақталмаса,немесе шикі тағам мен піскен тағам бірге сақталса бұл ауру жеңіл тарайды. Ыдыс – аяқтардың, асханалық құрал-жабдықтар лас болса тағамдардың қоздырғыштарымен зақымдау қауіпті арта түседі. Бұл аурудың таралуына шыбындар да өз үлесін көп қосады. Сальмонеллезбен зақымданған тағам адам денсаулығына қауіпті, оның қоздырғыштары тағамның түріне, дәміне, түсіне, іісіне ешқандай өзгеріс бермейді. Патогендік микроорганизмдердің өсіп, көбеюі барысында улы заттар бөлінеді. Аурудың алғашқы белгілері сальмонелез қоздырғыштары бар тағамды жегеннен соң 6-12 сағаттан кейін байқалады. Ауру басталғанда сырқаттың денесі қалтырап, ыстығы көтеріледі, басы ауырып, аяқ-қолы сырқайды.Іші ауырып, дәреті сұйылып, жиі өтеді. Басы айналып құсады. Аурудың

белгілері білінген бойда дәрігерге қаралып, емделу керек. Өйтпесе ауру асқынып, немесе созылмалы түрде айналуы мүмкін.Сөйтіп ол науқас өзінің айналасындағы адамдар денсаудығына қауіп төндіреді. Бұл жұқпалы аурудың алдын алу үшін ең басты тазалық сақтау болып табылады. Тамаққа ветеринарлық-санитариялық тексеруден өтпеген ет, сүт, жұмыртқа өнімдерін пайдалануға болмайды. Шикі және дайын тағамдарды кесіп дайындайтын тақтайшалар, пышақтар да бөлек болуы тиіс. Көшеде, санитариялық талаптарға сай емес орындарда дайындалған, сатылатын тағамдарды алудан аулақ болған жөн.

З.КҮШТЕКОВА,
Жамбыл аудандық ҚДСБ-ның
басшысы м.ғ.к.
Ж.ҚАЛАБАЕВА,
санитарлық-гигиеналық
кадағалау және техникалық
регламенттер талаптарының
сақталуын бақылау бөлімінің
басшысы.

О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан

Жамбылское районное отделение Департамента «Земельного кадастра и технического обследования недвижимости» - филиал некоммерческого акционерного общества «Государственная корпорация «Правительство для граждан» доводит до сведения, что Законом РК «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты РК по вопросам совершенствования гражданского, банковского законодательства и улучшения условий для предпринимательской деятельности» от 27 февраля 2017 года №49 были внесены изменения в статью 18 Закона РК «О государственной регистрации прав на недвижимое имущество» от 26 июля 2007 года №310.

Согласно поправкам в статью 18 Закона идентификационные и технические сведения зданий, сооружений и (или) их составляющих на вновь созданное недвижимое имущество вносятся Государственной корпорацией в информационную систему правового кадастра на основании акта приемки объекта в эксплуатацию.

Государственное техническое обследование, а также присвоение кадастрового номера зданиям, сооружениям и (или) идентификационных характеристик зданий, сооружений и (или) их составляющих в результате их реконструкции, перепланировок, переоборудования, за исключением случаев, когда изменения таких характеристик могут быть отражены в техническом паспорте без проведения обследования, в том числе при изменении кадастрового номера, адреса, регистрационного кода адреса.

По результатам обследования оформляется технический паспорт, в котором отражаются выявленные изменения.

Правообладатель вправе заказать технический паспорт после внесения соответствующих сведений в правовой кадастр на основании акта приемки в эксплуатацию.

При этом независимо от выявленных расхождений правообладателю вместе с заключением выдается технический паспорт.

Д.А.ТУМЕНОВ,
руководитель Жамбылского
районного отделения Департамента
«ЗК и ТОН» – филиал НАО
«Государственная корпорация
«Правительство для граждан» по
Алматинской области.

Жамбыл ауданының әкімдігі ауыл шаруашылық өндірісін жүргізу үшін жер телімдеріне конкурс өткізілетіндігі жөнінде хабарлайды.

Конкурстың өткізілетін күні 04.10. 2017 жылғы сағат 10.00

Конкурстың өткізілетін мекенжайы: Ұзынағаш ауылы, Абай көшесі № 56 аудан әкімдігінің ғимараты.

Конкурс тауарлы ауыл шаруашылығын, шаруа және фермерлік шаруашылықтарды жүргізу үшін 49 жыл ұзақ мерзімді уақытша өтеулі пайдалануға жер телімдері қойылады

Жамбыл ауданы бойынша конкурсқа қойылатын жер телімдерінің тізімі

Жер телімінің №	Жер телімінің орналасқан жері (ауылдық округ)	Көлемі (га)	Алқаптар түрі	Жалға беру мерзімі
1.	Ақсеңгір	5,0	Жайылым	49 жылға жалға алу
2.	Ақсеңгір	5,0	Жайылым	49 жылға жалға алу
3.	Бозой	670,0	Жайылым	49 жылға жалға алу
4.	Бозой	40,0	Жайылым	49 жылға жалға алу
5.	Бозой	500,0	Жайылым	49 жылға жалға алу
6.	Мәтібұлақ	199,999	Жайылым	49 жылға жалға алу
7.	Мәтібұлақ	500,0	Жайылым	49 жылға жалға алу
8.	Ұзынағаш	2,0	Суармалы егістік	49 жылға жалға алу
9.	Мәтібұлақ	100,0	Жайылым	49 жылға жалға алу
10.	Ұзынағаш	4,0	Егістік	49 жылға жалға алу
11.	Ұзынағаш	1,7	Суармалы егістік	49 жылға жалға алу
12.	Ұзынағаш	5,3	Егістік	49 жылға жалға алу
13.	Дегересс	26,50	Жайылым	49 жылға жалға алу
14.	Ұзынағаш	2,7	Суармалы егістік	49 жылға жалға алу
15.	Ұзынағаш	2,0	Суармалы егістік	49 жылға жалға алу
16.	Үлгілі	200,0	Жайылым	49 жылға жалға алу
17.	Талап	29,70	Жайылым	49 жылға жалға алу
18.	Бозой	269,6	Жайылым	49 жылға жалға алу
19.	Қарғалы	10,0	Жайылым	49 жылға жалға алу
20.	Қарғалы	6,0	Жайылым	49 жылға жалға алу
21.	Үңгіртас	300,0	Жайылым	49 жылға жалға алу
22.	Үңгіртас	200,0	Жайылым	49 жылға жалға алу
23.	Талап	109,0	Жайылым	49 жылға жалға алу
24.	Шолаққарғалы	14,0	Егістік	49 жылға жалға алу
25.	Қарғалы	63,0	Жайылым	49 жылға жалға алу
26.	Қарасу	500,0	Жайылым	49 жылға жалға алу
27.	Ұзынағаш	2,0	Егістік	49 жылға жалға алу
28.	Үлгілі	200,0	Жайылым	49 жылға жалға алу
29.	Дегерес	5,65	Жайылым	49 жылға жалға алу
30.	Үлгілі	200,0	Жайылым	49 жылға жалға алу
31.	Мәтібұлақ	82,0	Жайылым	49 жылға жалға алу
32.	Бозой	250,0	Жайылым	49 жылға жалға алу
33.	Қарасу	6,6	Егістік	49 жылға жалға алу
34.	Қарақыстақ	344,0	Жайылым	49 жылға жалға алу
35.	Қарақыстақ	4,0	Жайылым	49 жылға жалға алу
36.	Үлгілі	200,0	Жайылым	49 жылға жалға алу
37.	Үңгіртас	138,9	Егістік	49 жылға жалға алу
38.	Үңгіртас	47,0	Жайылым	49 жылға жалға алу
39.	Үлгілі	150,0	Жайылым	49 жылға жалға алу
40.	Ұзынағаш	2,0	Суармалы егістік	49 жылға жалға алу
41.	Бозой	250,0	Жайылым	49 жылға жалға алу
42.	Бозой	227,0	Жайылым	49 жылға жалға алу
43.	Ұзынағаш	297,3	Жайылым	49 жылға жалға алу
44.	Үлгілі	451,0	Жайылым	49 жылға жалға алу
45.	Үлгілі	188,50	Жайылым	49 жылға жалға алу
46.	Қарғалы	6,0	Егістік	49 жылға жалға алу
47.	Жамбыл	12,4	Жайылым	49 жылға жалға алу
48.	Жамбыл	13,72	Жайылым	49 жылға жалға алу
49.	Талап	31,0	Жайылым	49 жылға жалға алу
50.	Шолаққарғалы	40,0	Егістік	49 жылға жалға алу
51.	Шолаққарғалы	27,0	Егістік	49 жылға жалға алу
52.	Шолаққарғалы	9,61	Егістік	49 жылға жалға алу
53.	Ұзынағаш	5,0	Суармалы егістік	49 жылға жалға алу
54.	Үңгіртас	300,0	Жайылым	49 жылға жалға алу

Конкурсқа қатысу үшін өтініштер мына мекенжайда қабылданады:
Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы, Қараш батыр көшесі №117, «Жамбыл
ауданының жер қатынастары бөлімі» ММ (№ 1 бөлме).
Конкурсқа өтініш қабылдаудың соңғы мерзімі 2017 жылғы қыркүйектің 29-ы,
сағат 17.00 дейін.

Қосымша хабарламалар мен анықтамалар алу үшін мына телефон арқылы
хабарласуға болады: 872770 21511.

Дифтерия – ең ауыр жұқпалы аурулардың бірі.

Ауру себептері

Сырқаттанушылық қоздырғышы – Леффлер бацилласы, қоршаған ортада өте

ДИФТЕРИЯ

төзімді. Сырқат ауа – тамшы жолдары арқылы дифтериямен ауырған науқас адамнан немесе дені сау бактерия тасымалдаушыдан жұғады. Кей жағдайларда қолданыс заттары, тағам арқылы жұғады. Инфекция мұрын жұтқыншағының шырышты қабатына түскен жағдайда, дифтерия таяқшалары жедел түрде көбейеді.

Клиникалық белгілері

Дифтерия жайылу түріне қарай жұтқыншақта, тыныс алу жүйелерінде, мұрын қуыстарында кездеседі. Сирек жағдайда, көз, жыныс мүшелері, тері жабындылары зақымдалады. Сырқаттанушылықтың ең кеңінен таралған түрі жұтқыншақ дифтериясы (тіркелген жағдайдың 95%). Аурудың бастапқы кезінде науқастың дене қызуы көтеріледі, улану белгілері ұлғаяды. Қарау кезінде бадамша бездерінде тегіс, шекарасы анық ақ жағынды пайда болады. Жағындыны алып тастау мүмкін емес. Егерде пинцетпен жағындыны алып тастау әрекетін жасаса, орнында қанаған жарақат қалады. Токсикалық түрінде дене қызуы 39,5-41°С дейін жылдам көтеріліп, организмнің улану белгілері өсіп, жөтел пайда болып, жұтқыншақтың ісінуінен науқастың тыныс алуы қиындап, дауысы жоғалады.

Асқынулар

Дифтерия таяқшасын бөлетін токсин тез арада қанға таралып, ауыр және қауіпті асқынуларға әкеліп соқтырады. Салдарынан тыныс алу жеткіліксіздігі пайда болып, өлім жағдайына алып келеді.

Дифтерияның емі

Ауырлық дәрежесіне қарамастан, ересектер мен балаларда дифтерияның барлық түрі ауруханада емделеді. Науқасқа дифтерияға қарсы сарысутағайындалады. Сонымен қатар антибиотиктер курсы тағайындалып, нәтижесінде қоздырғыштар жойылып, улану белгілері де төмендейді.

Сырқаттанушылық бойынша атқарылатын шаралар

Науқасты тез арада оқшаулап, қарым-қатынаста болғандарды бактериологиялық тексеруден өткізеді. Қарым-қатынастағылар бұрын алған екпелеріне байланысты иммундаумен қамтылады. Бактерия тасымалдаушылар анықталған жағдайда, оларды да оқшаулап ем тағайындалады. Бала бақшаларда, мектептерде шектеу шаралары енгізіледі. Науқас болған бөлмелерге залалсыздандыру жұмыстарын жүргізеді. Науқас ауруханадан толық айыққаннан кейін және бактериологиялық зерттеу қорытындысы 2 реттік теріс нәтиже берген кезде ғана шығарылады. Дифтериямен ауырған адамда жұқпаға қарсы тұрақты иммунитет қалыптаспайды. Болжамды 10 жыл өткеннен кейін ол қайта сырқаттануы мүмкін, бірақ ауру жеңілірек өтеді.

Алдын алу шарасы

Кез келген ауруды, әсіресе осындай қауіпті дифтерия ауруын емдегенше, алдын алған оңай. **Негізгі арнайы алдын алу шарасы ол – вакцинация.** Вакцинация сәбидің 2 айлық (2,3,4 ай, 18 ай, 6 жас) кезінен басталады. Бұл жұқпаға қарсы вакцинация Ұлттық егу күнтізбесіне енгізілген. Балалрға АБКДС және ересектерге16 жастан бастап АДС-М вакцинасы қолданылады. Ересектерге инфекцияға қарсы иммунитетті қалыпты ұстау үшін, әр бір 10 жыл сайын қайталама вакцинация жасау қажет (16,26, 36 жас және ары қарай). Дифтерияға қарсы екпе жасау керекпе? Әрине, бірақ егілгендердің де сырқаттанатынын білуіміз қажет, бірақ ауырған күнде ауру жеңіл өтіп, асқынулар туындамайды.

Зинаш КҮШТЕКОВА,
Жамбыл аудандық қоғамдық
денсаулық сақтау басқармасының
бастығы м.ғ.к.
Мираш САТОВА,
Жамбыл аудандық қоғамдық
денсаулық сақтау басқармасының
эпидемиология бөлімінің бас маманы.

